



XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ДАМУЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ

Әмірхан Әбдіманұлы
Шоқан Шортанбаев

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ ҚҰРАЛЫ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

Өмірхан Әбдиманұлы
Шоқан Шортанбаев

XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ДАМУЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ

Электронды оқу құралы

Баспаға электронды басылым ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған (№2 хаттама 17 қаңтар 2017 жыл)

Кез келген түрде көбейту және тарату бойынша барлық құқыққа жасап шығарушылар ие.
Бұл өнімді заңсыз көшіруге және пайдалануға тыйым салынған

Электронды кітап арнайы бағдарламалар арқылы ашылады (мысалы, calibre - E-book management),

Электронды нұсқаны компьютерде беттеген *Т. Есжанов*

ISBN 978-601-04-2711-2

ИБ № 11078

Қолдануға 14.07.2017 жылы қол қойылған. Пішімі Epub.

Көлемі 540 кб. Тапсырыс № 3950.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйінде дайындалған.

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ҚазҰУ.

© Әбдиманұлы Ө., Шортанбаев Ш., 2017

© Әл-Фараби атындағы ҚҰУ, 2017

Сатып алу үшін «Қазақ университеті» баспа үйіне хабарласыңыз.

www.magkaznu.com

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология
факультетінің ғылыми кеңесі ұсынған

П і к і р ж а з ғ а н д а р :

Филология ғылымдарының докторы, профессор С. Ержанова;
Филология ғылымдарының докторы, профессор З. Сейітжанов;
Филология ғылымдарының кандидаты Б. Қапалбеков.

**Әбдиманұлы Ө., Шортанбаев Ш. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті
дамуының алғашқы кезеңі.** Электронды оқу құралы – Алматы, 2017.

Бұл электронды оқу құралында XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі толыққанды түрде жүйеленіп, ұсынылып отыр. Бұл дәуірдің әдебиет тарихындағы өзіндік орны, түрлі бағыттардың жазба әдебиеттің өркендеуіне қосқан үлесі, сол тұстағы өзекті мәселелері жаңаша көзқарас тұрғысынанан байыпталып, жаңаша көзқарас тұрғысынан жүйеленген.

Электронды оқу құралы жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне, магистранттарына арналған.

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиетінің даму тарихында ХХ ғасыр әдебиеті үлкен орын алады. Жаңа ғасырмен бірге қазақ даласында рухани мәдениеттің өркендеуіне мүмкіндіктер туды. Соның бір көрінісі ретінде жазба әдебиет те ерекше екпінмен дами бастады. Ол жанрлық тұрғыдан салаланып, көркемдік тұрғыдан жетіле түсті.

Әдебиет – замана тудырған асыл сөз. Сондықтан да ХХ ғасырдағы Қазақстандағы тарихи-қоғамдық жағдайлардың өзгерістеріне сай әдебиет те өз кезегінде солармен үндесе келіп, замананың көкейкесті мәселелерін көтеріп, қоғамдық өмірдің көркем суретін жасауға ұмтылды. Осыған орай, электронды оқулық материалдары кезеңдерге бөлініп, «ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиет», «ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы әдебиет» деген тақырыптарда шолулар беріліп, сол қарсаңдағы қоғамдық-әлеуметтік өмірдің жай-күйі және оның әдебиет дамуына тигізетін әсері айқындалды.

ХХ ғасырдың әдебиетін сөз еткенде ең алдымен, ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетін ерекше атауымыз қажет. Өйткені, ол – Абай дәстүр еткен ұлы үрдістен жалғасын тапқан басқа кезеңдерден бөлекше, қоғамдық ой-сананың қаймағы бұзылмай тұрғанда туған әдебиет. Сондықтан да бұл кезең әдебиеті қазақ даласындағы әлеуметтік қайшылықтарды ашып, халық өмірін сыншылдықпен де, шыншылдықпен де суреттей алды.

ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиет сыншыл реализм айқын бедерленген кезең болып табылады. Сыншыл реализм ерекшеліктері М. Сералин, С.Торайғыров, С. Көбеев, т.б. шығармаларынан нақты көрініс тапты. Сөйтіп бұл кезеңде Абай реализмінің дәстүрі дами түсті. Сондай-ақ осы кезеңдегі қазақ әдебиеті тарихи-әлеуметтік қайшылықтарды көрсетіп қана қоймай, отаршылдыққа қарсы бағытталған күрескерлік ұлт-азатшыл идеяларды да алға тартты. Әдебиет дамуының бұл ерекшеліктерін Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, т.б. шығармаларынан байқаймыз. Олардың шығармалары ресейлік отаршылдыққа, қоғам өміріндегі надандыққа, әлеуметтік теңсіздікке қарсы бағытталды.

Жыраулардың жауынгерлік поэзиясындағы, Махамбет толғауларындағы ерлік пен күрескерлікті жырлау дәстүрі Ахмет Байтұрсынов бастаған ақын-жазушылар шығармаларынан жаңаша жалғасын тауып, ерекше көзге шалынады.

XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиет күрделі саяси-әлеуметтік мәселелерді алға шығарды, себебі, бұл кезде қазақ қоғамының алдында өзінің болашағын таңдау, тәуелсіздікке қол жеткізу күн тәртібіндегі басты мәселе ретінде алға шыққан еді. Әдебиет осы өзекті мәселені айта білді. Қазақ әдебиеті өзінің дәстүрлі классикалық сипатында дамығанымен жаңашыл әдебиет өкілдері Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Бернияз Күлеев, т.б. оған өзгеше леп қосып, жаңашылдықпен байытып, көркемдік мәнін биіктетті. Олар өздерінің эпикалық шығармаларында, лирикалық туындыларында халық өмірін кеңінен суреттеп, жан-жақты ашты. Бостандық пен азаттық аңсаған қазақ халқы замана өзгерісіне орай Қазан төңкерісінен, Кеңес өкіметінен көп жақсылық күтті. Қоғамдағы осынау жаңаша даму барлық саяси-әлеуметтік қайшылықтарды экономикалық қиындықтарды шешеді деп білді. Сондықтан да 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті қоғамдағы өзгерістерді жырлап, толыққанды көрсетуге ұмтылды. Осы кезеңде әдебиеттің жаңа буын өкілдері Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, т.б. шығармашылықтары қазақ әдебиетінің биік деңгейін таныта алды. С.Сейфуллин Қазан төңкерісі негізінде келген ұлы өзгерістерді ерекше шабытпен жырлады. Осы тұста аса өнімді еңбек еткен Б. Майлин өз әңгімелері мен пьесаларында қазақ аулындағы кедейлер санасының өзгерісін терең ашып көрсетуге тырысты. Қазақ поэзиясының дүлдүл жүйрігі І. Жансүгіров сайын даланың тарихи образын жасап, өнер және өнерпаз жөнінде тебірене жыр төкті.

20-30 жылдардағы әдебиетте кейіпкерлердің көбі әлеуметтік қайшылық және саяси күреспен астарланған тартыс арқылы көрсетілді. Сөйте тұра Жүсіпбек Аймауытов, Б. Майлин т.б. жазушылар шығармаларынан кейіпкерлердің нағыз реалистік сипаттағы табиғатын тануға болады. Олардың өзіне ғана тән

тағдыры, сүйініші мен күйініші, мінез-құлықтары, жан-дүниесі шынайы ашылады.

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңінің тарихына арналған бұл электронды оқу құралында өткен ғасырдағы ұлттық әдебиетіміздің ұлы тұлғаларының шығармалары сөз болып, әдебиет дамуының үлгісіне баланар көркемдік-эстетикалық сапасы жоғары туындылар іріктеліп алынып, рет-ретімен жүйеленіп ұсынылды. Олар 1900-1920 жылдар аралығы, 1920-1940 жылдар аралығы деген шартты түрдегі кезеңдерге бөлініп, сол кезеңдердегі әдебиеттің биік деңгейге көтерілуіне зор үлес қосқан шығармашылық тұлғаларға жеке тараулар берілді.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың қырық жылдай уақытын қамтитын кезеңде қазақ әдебиеті барлық жанрада жазылып, көркемдік-эстетикалық тұрғыдан жоғары деңгейде дамыған әдебиет деп тануға лайық. Ол өзінің ұлттық сипатында гүлденген және бүкіләлемдік мәдениеттен нәр алған қуатты әдебиетке айналды.

I БӨЛІМ

XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті шартты түрде 1900-1920 жылдар аралығындағы мерзімді қамтиды. Бұл кезеңдегі әдебиетке тән өзіндік ерекшеліктер мол. Алдымен, XX ғасыр бас кезіндегі әдебиет жалпы қазақ әдебиеті тарихындағы ең бір жемісті де түрлі ізденістерге толы кезең болып табылады.

XX ғасырдың басы – қазақ халқы бүкіл қоғамдық ой-пікірдің жаңаша өрлеуіне бағыт алып, Ресей патшалығы тұмшалаған ой-сананың ояну дәуіріне жол ашқан кезең. Ендеше ұлттық сананың өркенді саласы әдебиеттің күрт алға басуы, қоғамдық ой-сананың көрсеткіші ретіндегі қазақ баспасөзінің осы кезеңде дүниеге келуі – дәуір талабы әкелген өзгеріс. Бұл тұста Абай дәстүрін жаңашылдықпен дамытқан Шәкәрім шығармашылығы өзіндік биігіне көтерілсе, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан т.б. тәрізді

бірегей таланттар көркемдік деңгейі жоғары туындыларын жариялай бастады.

Қазақ кітаптарының даму тарихына арналған еңбектерде ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ кітаптарының сапалық жағынан да, сандық жағынан да күрт өсуі дәлелді айтылған. Мәселен, зерттеуші Ә. Жиреншин 400 кітап атауы мен 180 басылымды атаса, кітап шығару ісін тереңдей зерттеген С. Есова, У. Суханбердина, Д. Сейфуллиналар 480 кітап атауы мен 720 басылымды көрсетеді.

Абай, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Көпеев, Ғ. Қарашев, М. Қалтаев, т.б. кітаптарын қазақ жұрты қызыға да құмарта оқыды.

Қоғамдық өмірдің және әлеуметтік дамудың айнасы баспасөз десек, ХІХ ғасырдың аяқ шенінде шыға бастаған отаршыл әкімшіліктің «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» секілді қазақ тілінде қосымшасы бар ресми газеттерімен бірге, ХІХ ғасырдың басында жаңа сипаттағы еркін басылымдар дүниеге келді. «Серке» (1907ж.), «Қазақстан» (1911-1913ж.ж.), «Ешiм даласы» (1913ж.) газеттері, М.Сералин шығарған «Айқап» (1911-1915ж.ж.) журналы және А.Байтұрсынов шығарған жалпы ұлттық қоғамдық-саяси һәм көп тиражбен тараған «Қазақ» (1913-1918ж.ж.) газеті қазақ ұлтының саяси-әлеуметтік ой-санасына түрткі салып, мәдениет рухын септі.

ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында оқудың екі түрі болды. Біріншісі мұсылмандық оқу деп аталады. Ол араб әліпбиімен оқытатын мектептер еді. Ғасыр басында ескі қадим әдісі жойылып, жаңа «жадид» атты пән негіздерін оқытатын әдіс белең алды. Қазақтың көп зиялылары, ақын- жазушылары әуелде осы мектептерден білім алды..

Сондықтан да орысша білімі бар қазақ зиялылары сан жағынан алғанда, Орта Азияны мекендеген халықтар ішінде біршама жоғары тұрған болатын. Ал осы зиялылардың көпшілігі өздерінің ағартушылық, қоғамдық қызметтеріне қоса, қаламгерлікті серік етті. Олар әртүрлі аударма шығармалары, төл туындылары, публицистикалық еңбектері арқылы халыққа ой салып, қоғамдық-әлеуметтік өмір шындығын аша білді.

XX ғасырдың бас кезіндегі жазба әдебиет (бағыттар) – XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің жалғасы ретінде дамуымен бірге, өзіндік өрнегін де тапқан әдебиет. Қоғам шындығын көркемдікпен суреттеудегі жазушы ерекшелігі түрлі бағыттардың қалыптасуына алып келді. 1905 жылдан кейінгі әдебиетте ұлт-азатшыл (А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М.Жұмабаев, т.б.), ағартушы-демократтық (М. Сералин, С. Дөнентаев, С.Торайғыров, т.б.) бағыттар белең алды. Бұрыннан әдебиетімізде бар діни- ағартушылық бағытты (М.Ж. Көпеев, М. Қалтаев, Н. Наушабаев, Ш.Жәңгіров, т.б.) қосқанда осы кезең әдебиетінде үш бағыт өркен жайды. Діни-ағартушы бағыттағы ақындарға тән бірнеше басты белгілер бар. Біріншіден, бұлар – діни мектептерде оқып, мұсылманша білім алған ақын-жазушылар. Олардың орыс оқуымен, орыс жазушыларының шығармаларымен атүсті ғана таныстығы болды. Екіншіден, бұлар – шығыс әдебиетін, оның түрлі әдеби мектептерін жетік біліп, озық үлгілі дәстүрінен үйреніп, шеберлік тәсілдерін өз шығармашылықтарында кеңінен пайдаланып, шығыс классиктері деңгейінде жазуға талпынғандар. Үшіншіден, бұлардың көпшілігі ірі медреселерде білім алып, Ташкент, Бұқара, Қазан, Стамбұл сияқты діни орталықтарда болып, ислами әдебиеттің классикалық үлгілерімен танысып, діни ілімнің қыр-сырын жетік меңгергендер болды.

Бұл бағыттағы ақын-жазушылардың кейбірі Шәді Жәңгіров, Ақылбек Сабалұлы, Жүсіпбек Шайхысламұлы, Шораяқтың Омары, Мәулекей Жұмашев, т.б. бірыңғай қисса-дастандар, шығыс үлгісіндегі поэмалар, шығыс әдебиетінде бар бір сюжетке бірнеше ақын жарыса шығарма жазатын *нәзирашылдық* деп аталатын дәстүрді дамытты.

Ағартушы-демократтық бағыттағы ақын-жазушылар XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Олар қазақ әдебиетін шын мәніндегі жазба әдебиет деңгейіне көтерді.

Олардың көбі орыс мектептерінде білім алған, орыс тілін жетік білетін, оқуын кейін түрлі оқу орындарында жалғастырған, орыс және батыс әдебиетін жақсы білетін жандар еді. Сондықтан да олар орыс, батыс әдебиеттеріне еліктеп, сол деңгейде шығарма жазуға талапталды.

Ағартушы-демократтық бағыттағы ақын-жазушылар шығармашылығы шын мәніндегі сыншыл реалистік дәрежеге көтеріліп, дүние құбылысын кең, терең негізде ашты. Бұл бағыттың өкілдеріне таза әдеби шығармашылықпен айналысып, кәсіптік деңгейдегі жазушылық шеберлікке көтерілген С.Торайғыров, М. Сералин, С. Дөнентаев, т.б. ақын-жазушылармен бірге, шығармашылығы ағартушылық-ұстаздық қызметтерімен тығыз байланыста өрістеген С. Көбеев, Б. Өтетілеуов, Т. Жомартбаев сынды тікелей ағартушылық тақырыпта қалам тербеген ақын-жазушылар да жатады.

Үшінші бағыттың қалыптасуына ХХ ғасырдың басында жаңа әлеуметтік саяси күш – ұлтжанды зиялы топтың пайда болуы жан-жақты әсер етті. Олардың көбі шығармашылықпен айналысқандықтан да, өз шығармаларында бостандық, теңдік, азаттық идеяларын ту етіп көтерді. Ал өздерінің саяси көзқарастарында елдің жігін ажыратпай, біртұтас етіп біріктіруді көздеді. Сондықтан ең басты мәселе ретінде саяси тәуелсіздікті нысана етіп қоя білді. Ұлттың жан-жақты дамуы, өркендеуі ұлттық салт-дәстүрлерді сақтай отырып, өзге өркениетті елдерден үйренер еркіндік салтымен жетілуде деп білді. Оқу-ағартуды, өнер-білімді ел тәуелсіздігі жолындағы саяси күреске пайдалануға әрекеттенді. Әдеби шығармаларында ұлттық сананы оятуды, күрескерлік рухты көтеруді басты нысана етіп қоя білді. Сондықтан да олардың шығармашылығындағы көркемдік әдіс-тәсілдер азатшыл оймен ұштасып жатты. Ұлт-азатшыл әдебиет бағыты өкілдері қандай да бір әдеби шығарма болсын, оған ұлттық мұрат тұрғысынан талап қоя білді. Сөйтіп, қазақ әдебиетіндегі өзінен бұрынғы Дулат, Шортанбай, Мұрат, Махамбет дәстүрлерін жаңа арнада дамытты. Халықты саналы іс-әрекетке үндей отырып, таптық қайшылықты емес, ұлттық бірлікті жырлап, ұлт тұтастығын сақтауды көздеді. Бұл бағыттың ірі өкілдері Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев шығармашылығында Ресей империясы отаршылдық езгісінің бүкіл сипаты толыққанды ашылды.

Жалпы, ХХ ғасыр бас кезіндегі әдебиетке тән басты ерекшелік – ұлт қамы қай бағыт ақын-жазушысының шығармашылығы болсын

ортақ тақырып ретінде көрініс табуы. Олар өз ұлтының өзге өркениетті елдердің қатарынан көрінуінін аңсап, ел тілегінен шығып, әдебиеттің ұлттық рухын шырқау биікке көтерді. Қазақ халқының алдында тұрған биік мақсаттарды әрқайсысы әл-қадірінше, ой-өрісінің жеткен қырынан тани отырып, негізгі мәселе ретінде алға тартты.

XX ғасырдың бас кезіндегі жанрлық ізденістер. Үлкен әлеуметтік тақырыптарды дәуір талабына лайық суреттеуде қазақ әдебиетінің алдында кесек те күрделі шығармалар жазу қажеттігі туды. Осыған орай қазақ ақын-жазушылары іргелі жанрға бет бұра бастады. Поэзия жанрында М.Сералиннің «Гүлкәшима», «Топ жарған», С.Торайғыровтың «Кедей», «Адасқан өмір», М.Жұмабаевтың «Қорқыт», «Оқжетпестің қиясында», «Батыр Баян», т.б. дүниеге келді. Олардың тақырыптары әртүрлі еді. Мәселен, «Гүлкәшімаға» әйел теңсіздігі арқау болса, «Топжарған», «Оқжетпестің қиясында» поэмаларында Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс жырланды. С.Торайғыров поэмаларында әлеуметтік теңсіздік, адамның қоғамдағы орны мәселелері көтерілді.

Қазақ әдебиетінде прозаның күрделі жанры – *роман* XX ғасырдың басында пайда болды. Қазақ қаламгерлері дәуірдің аса күрделі мәселелерін басты тақырып етіп алып, оларды мейлінше терең ашып көрсетуге тырысты. М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», С. Көбеевтің «Қалың мал», С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» сияқты романдары – жас прозамыздың даму деңгейін белгілейтін шығармалар. Осы туындылардың басты кейіпкерлері: Жамал, Ғайша, Қамар бейнелері – сол кездегі қазақ қыздарының іс-әрекетін, мінез-құлқын, бүкіл болмысын тануға мүмкіндік беретін типтік образдар. Бұл романдарда біраз көркемдік жетістіктерге қол жеткізілді.

Ол кездегі прозамыздың үйрену, қалыптасу сатысында екенін еске алсақ, олардың ортақ жетістігі роман жанрының алғашқы қарлығаштары болуымен бірге замана шындығын ашып көрсетіп, кейінгі өскелең прозамыздың дамуына игі әсерін тигізуінде.

Жаңа ғасыр бас кезіндегі өзекті мәселелерді көркем өнерде бейнелеуге әдебиетіміздегі тың да тосын жанрлардың бірі драматургия қосылды. Қазақ драматургиясының тырнақалды туындылары

жазылған сәттен-ақ қолданысқа түсіп, далалық сипаттағы шағын сахналарда қойыла бастады.

Қай ұлттың болсын, қазіргі кемелденген драматургиясы бүгінгі күйінде өмірге келе қоймағаны белгілі. Қазақ драматургиясы да бүгінгі жеткен биігіне сан қилы қиындықтар арқылы келді. Мұнда, ең алдымен, ауызға ілінері – Б. Серкебаевтың «Жер дауы» (1912), «Қызыл бұзау» (1913), «Бақсы» (1914), «Әйел теңдігі» (1915), «Ғазиза» (1915), Көлбай Тоғысовтың «Надандық құрбаны» (1915), Алматы уезінің начальнигі А.И. Лихановтың «Манап» драмасы (1913).

«Надандық құрбаны» қазақтың ескілікті надандық заңының ішкі сыр- сипатын әшкерелеп, халықты өнер-білімге шақыру міндетін – ислам дінінің кертартпалық қырын ашу, халықтың озық ойына өре салып, сана-сезімін улап келген дүмше дін иелерінің ұнамсыз іс-әрекетін сынау, әшкерелеуді басты проблема етіп қойған ағартушылық бағыттағы шығарма болды.

XX ғасыр басында әдебиеттің құлашын кеңге жайып, өркендеуіне қазақ баспасөзінің дамуы ең басты қозғаушы күш болғанын атап өтуіміз керек. «Айқап», «Қазақ», «Қазақстан», «Ешiм даласы» сияқты баспасөз беттерінде әдебиетiмiздiң iрiлi-ұсақты өкiлдерi өз шығармаларын жариялап отырды. Бұл басылымдар өз кезегiнде жаңа шығармаларға сын айтып, бағыт бердi.

А.Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны», «Әдебиетiмiзге көз салу», «Роман не нәрсе?», «Бiлiм жарысы», Ә.Бөкейхановтың «Сын», «Қара Қыпшақ Қобыланды», «Қалқаман - Мамыр», М.Дулатовтың «Абай», «Манап драмасы», «Надандық құрбаны», С.Торайғыровтың «Қазақ тiлiндегi өлең кiтаптары жайынан», «Өлең мен айтушылар», Р.Марсековтың «Әдебиет жайынан» тәрiздi әдеби-танымдық мақалалары мен сын-рецензиялары осы басылымдарда жарық көрдi.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың бас кезiнде қазақ жазба әдебиетi мейлiнше өркен жайып, биiк жетiстiктерге қол жеткiздi. Осы кезеңде идеялық-көркемдiк iзденiстер кеңiнен дамып, қазақ әдебиетi жанрлық тұрғыдан байи түстi.

Студентерге өзiн-өзi бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. XX ғасыр бас кезіндегі Қазақ даласындағы тарихи және қоғамдық-әлеуметтік жағдай сипаты.
2. Қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси күрестерінің көріністері.
3. XX ғасыр басындағы басылымдар және олардың әдеби-көркем шығармашылықпен байланысы.
4. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде әдеби бағыттардың басты ерекшеліктері.
5. XX ғасыр басындағы жазба әдебиет өркендеуінің негізгі сипаттары.

Реферат тақырыптары:

1. XX ғасыр басындағы қоғам және әдебиет
2. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі негізгі ағымдар-бағыттар.
3. Шығармашылық тұлғалар ұстанымдары мен ізденістерінің басты ерекшеліктері.
4. XX ғасыр басындағы қазақ басылымдарындағы әдебиет мәселелері.
5. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы.

СӨЖ тақырыптары:

1. XX ғ.б. қоғамдық-әлеуметтік жағдай және әдебиет.
2. XX ғ.б. қазақ зиялыларының саяси көзқарасы.
3. XX ғ.б. оқу-ағарту ісінің өркендеуі.
4. XX ғ.б. қазақ баспасөзі.
5. XX ғ.б. қазақ әдебиетінің зерттелуі.

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ (1858-1931)

Шығармашылық өмір жолы. Мәшһүр Жүсіп Көпеев 1858 жылы Баянауылда Найзатас деген жерде дүниеге келген. Ол 5 жасында медресеге барып, алғашқы дәрісін алады. Кейінірек М. Көпеев Бұқара,

Түркістан, Ташкентке бірнеше рет барып, білім жетілдірген. 1907 жылы ақынның 3 кітабы жарық көреді («Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітабында замана шындығын суреттеп көкейкесті мәселелерді көтере білді. Суреткер ақын ретінде ілгерішіл ой айтып, қоғамдық өмірді әлеуметтік шындық тұрғысынан көрсете алды. Сол тұстағы саяси ахуалды дәл аңғарғандықтан, өлеңдеріндегі ой-орамдары қазақтың алдыңғы қатарлы зиялыларының ой-пікірлерімен ұштасып жатады. «Хал-ахуал» жинағында ақын отаршылдықпен ере келген кесірлі құбылыстарды ашып көрсетіпел-жұртын қанап отырған билер мен әкімдердің, озбыр байлардың жағымсыз бейнесін суреттейді. «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабындағы өлеңдерінде ұлт-мүддесін көбірек көтеріп, халықты оянуға, өнерге, оөып жетілуге, мәдениетті ел болуға шақырды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – негізінен діни-ағартушы ақын. Шығармашылығындағы басты желі діни-таным төңірегінен өрбіп жатады. Яғни, діни-таным оның әрбір айтар ойына, толғамына тірек қызметін атқарады. Мәшһүр Жүсіптің ел жайына, ұлт мәселесіне арналған өлеңдері азатшылдық, бостандық, тәуелсіздік ұғымдарын алға шығарады. Ол еркіндік пен әділдік үстемдік құрған елді аңсап қана қоймай, сол еркіндік пен тәуелсіздікке жеткізер әділетті жолбасышы да іздейді. Өлеңдерінде солардың өз көкейіндегі өз ойындағы бейнесін сомдайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев өлең толғауларымен бірге мысалдар да жазған. Ақынның «Жарты нан хикаясы» атты мысал өлеңі өзінің терең мәнділігімен де, айтар өсиетінің өрелігімен де құнды. Ақын адамның жарқыраған жалған нәрсеге әуестігін өзінде барды місе тұтпай өзгедегіге қызыққаннан опық жейтін мінезін міней көрсетеді. Ақын ойының өзегі – діннің ғибадаттары мен өмірдегі адамдық істің бүтіндігі, бірлігі. Мәшһүр Жүсіптің тәлім-тәрбиеге бағытталған мысал өлеңінің бірі – «Шайтанның саудасы». Шайтан бейнесі арқылы ол адамдар бойына үйір еткен қастық, жауыздық, жамандықтарды таратушы тылсым күш иесін көрсетеді. Сол арқылы адамдар арасындағы алауыздық, зұлымдық, қызғаншақтық, өтірік айту,

ғайбаттық өркен жайғандығын мензеп және ел ішінде соны таратушыларды, эззілдің тіліне ергіштерді өткір сынға алады. Онысы мысал жанрының табиғатына сай орынды шыққан. Ақынның мысал өлеңдерін қарастыра келе түйгеніміз, бұл жанрда да ақынның діни-ағартушылық бағытынан алшақтамай, қайта сол бағыттағы ойын ерістете түскендігін аңғарамыз.

Дастандары. Мәшһүр Жүсіп – бірнеше ірі дастандар да жазған ақын. Бірақ олар кезінде жарияланбай, қолжазба күйінде тараған. Оның кейбірі жеке адамдардың өмірін өзек етсе («Жантемір қажы», «Шонтыбай қажы», «Нүсіп хан» т.б.), енді бірі құран сюжеттерінен, шығыстық желіден алынып, солардың негізінде жазылған («Жер мен көк», «Хаятбақшы», «Миғыраж», «Пайғамбардың дүниеден өтуі туралы», «Гүлшат-Шеризат» т.б.) Жылпы алғанда, ол діни-танымдық ойларын шығармашылығында орын алған өзге тақырыптардың негізімен ұштастыра білген. Әр өлеңнен дінді арқау ете отырып еркіндік пен азатшылдықты ұран қылып көтерген ақын мақсатын айқын аңғарамыз.

Ақынның артында қалдырған мол мұрасы тек өлең-жырдан ғана тұрмайды. Оның өз қолымен жазып қалдырған қолжазбасы зерттеушілердің айтуы бойынша отыз томдай. Онда қазақ халқының тарихы мен салт-дәстүрі, өнері мен әдет-ғұрпына қатысты ұшан теңіз мұра бар.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – өмір бойы ғылым-білім үйреніп ізденіспен өткен. Ғылым-білім арқылы ұлтының санасын оятуға ұмтылып, тура жолды нұсқай білген ғұлама жанның бірі. Ол XX ғ. басындағы әдебиеттің әр түрлі саласында қалдырған мол мұраларымен қазақ әдебиеті тарихының тарихының аталған кезеңінен ерекше орын алады.

Студенттерге өзін-өзі бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылық ғұмырнамасы
2. «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабындағы ұлт мүддесінің көрініс табуы.
3. "Хал-ахуал" жинағындағы азаттық идея.

4. Дастандарындағы идеялық-көркемдік ізденістер.
5. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қазақ руханиятындағы орны.

Реферат тақырыптары:

1. М. Көпеев және қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық бағыт.
2. Ақын поэзиясындағы шығыс тақырыбы.
3. М. Көпеевтің ақындық ерекшелігі.
4. М. Көпеев мысалдарының тәрбиелік мәні.
5. Ақын шығармашылығының зерттелуі.

СӨЖ тақырыптары:

1. М. Көпеев шығармашылығының басты тақырыптары.
2. Ақын өлеңдеріндегі идеялық-көркемдік ізденістер.
3. Ақын аудармасындағы діни сарын.
4. «Хал-ахуал» жинағының көркемдігі.
5. Мәшһүр Жүсіп – ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ (1858-1931)

Шығармашылық өмір жолы. ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихындағы ірі тұлғалардың бірі – Шәкәрім. Ол – тікелей Абайдан тәлім алып ісін алға апарушы, ұлы ақынның сөз өнеріндегі жалғасы. Өлеңдері, поэмалары, романы, әңгімелері, аудармалары, мақалалары, қара сөздері – Шәкәрім қалдырған өлмес туындылар.

Ш. Құдайбердиев 1858 жылы 11 шілдеде Шыңғыстау бөктерінде дүниеге келген. Ол – Абайдың немере інісі.

Ақын 1931 жылы қазан айында дүниеден өтті.

Шәкәрім өзінің жарты ғасырдан астам шығармашылық жолында мол әдеби мұра қалдырды. Ақын шығармаларының басым көпшілігі қазан төңкерісіне дейін жазылып, біразы баспада жарияланып, кезінде өз бағасын алған.

Ақын лирикасы. Шәкәрім – ең алдымен ойшыл ақын. Азаматтық поэзияға тән биік асқақтық, өмір құбылысына терең үңілген таным–

толғам Шәкәрім өлеңдерінің басты идеялық тұғырына айналды. Ақынның шынайы азаматтық болмысын, ақындық сенім көзін айқындайтын басты тақырыптар – қоршаған орта, табиғат әлемі, тартысты қоғам, қоғамдағы адам, оның болмысындағы қадір-қасиет, адамгершілік қағидалары және мінез-құлық, тәрбие негізі. Сондықтан да, жалпы адамзатқа тән асыл қасиеттер адалдық пен әділдік, білімділік пен еңбекқорлық, парасаттылық пен зиялылық мәселелерін жырлауға келгенде Шәкәрімге келер ақын жоқ. Шәкәрім Абайдағы өнер-ғылымға үндеудің арнасын ұлтының бостандығы жолындағы күреске бұруға ұмтылып, шығармасының негізгі өзегіне айналдырады. Шәкәрім ұстанған сыншылдықтың басты міндеті – өмір шындығын нақты көрсете отырып, өмір құбылыстарын шынайы бейнелеу арқылы оқырман ойын ояту. Шәкәрімнің лирикасы сыршыл сезімге толы. Өлеңдерінің көркемдік бояуы қанық, нәзіктікке бай болып келеді. Абай өлеңінен табылатын суреткерлікке тән белгілер Шәкәрімнің лирикасынан да бой көрсетіп отырады.

Ақынның поэмалары. Шәкәрімнің төл-туындысы ретінде саналатын үш поэмасы бар. Олар «Қалқаман – Мамыр», «Еңлік – Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу».

«Қалақаман – Мамыр» - Шәкәрімнің іргелі шығармаларының бірі. Екі ғашықтың махаббат трагедиясын арқау еткен бұл поэма Қалқаман мен Мамыр арасындағы ғашықтық сырын шертеді. Поэмада екі ғашықтың махаббаты романтикалық сарында бейнеленген. Ақын сюжеттік желіге тарихи оқиғаларды негіз ете отырып, қазақтың бұрынғы тұрмысын, әдет-ғұрпын кеңінен көрсететін махаббат драмасына құрылған дастан жазып шыққан.

Ал «Еңлік - Кебек» поэмасын автор ел ішінде аңызға айналған, болған оқиғаның ізімен жаза отырып, екі жастың махаббат трагедиясының жеке адамның қасіреті ретінде бағаламай, сол тұстағы қазақ қоғамының қасаң қағидаларын ескілікті сананың қасіреті ретінде бейнелеуге ұмтылады.

«Еңлік – Кебек » поэмасы өткен тарихи оқиғаға өзіндік көзқарасымен, кейіпкерлерін жаңаша сомдауымен, көркем тілмен қазақ поэзиясын жана биіктерге көтеруімен ерекшеленеді.

Прозалық шығармалары. Ш. Құдайбердиев өлең өлкесінде ғана еңбек етіп қоймай, қазақ прозасына да едәуір үлес қосты. Олар, мыналар: «Түрік,қазақ, қырғыз һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты», «Трактаты», «Бәйшешек бақшасы» атты әңгімелер топтамасы, «Мәнді сөздер» атты офоризмдері, «Шын бақтың айнасы», «Мен жетпіс екі жасқа келгенше» толғамдары және «Әділ мен Мария» романдары.

Шәкәрім әңгімелері шығыстық мазмұнда, халық ауыз әдебиетінің үлгісімен жазылған ғибраттық-дидактикалық сарындағы дүниелер. Автордың қай әңгімесін алсақ та, байқалатын ерекшелік шағын ғана оқиға, аз сөзден ғибраттық үлгі алатын қорытынды жасап отыруы. Шәкәрімнің шағын прозалық шығармаларында бірде адам болмысын, тағдырын жан-жақты суреттеуге тырысса енді бірде күнделікті өмір құбылыстарының кейбір көріністері, сыр-сипаттары туралы толғамды ой жүйеленеді. Қара сөзді шығармаларының ішінде көлемі жағынан да, көтерген мәселесі жағынан да ауқымдысы «Әділ мен Мария» романы. Автор шығармасын «Қайғылы роман» деп те атаған. Ақын бұл қайғылы романды 1925 жылы май айында, Шыңғыс тауының сыртындағы Шақпақта 67 жасында жазған. Романда ескі қазақ ауылының 1910 жылдардағы өмір тұрмысы, сол кездегі әлеуметтік теңсіздік суреттері, сүйгеніне қосылса да зорлық пен әділетсіздіктің құрбаны болған. Әйел тағдыры шыншылдықпен суреттеледі. Романның идеялық нысанасымен әлеуметтік астарына келетін болсақ, мұндада қазақ қоғамындағы әйел теңсіздігі, махаббат еркіндігі жолындағы күресі арқау болған.

Шәкәрім шығармасын оқи отырып, сол кездегі халықтың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, этнографиясын, салт-дәстүрін қоршаған орта табиғатын ұтымды пайдаланғанын байқаймыз. Ш. Құдайбердиевтің «Әділ мен Мария» атты прозалық шығармасы – ұлттық әдебиетімізді байытқан, өз заманының шындығын дәл, шынайы жеткізе білген, біздің әдебиеті тарихымыздан өзіне лайық орын алуға тиіс, көркем шығармалардың бірі.

Сонымен Шәкәрім - әдебиеттің көптеген жанларында туындылар жасаған қаламгер. Шығармашылығының басты тақырыптары сол

кездегі қазақ қоғамының бір саласын қамтыған. Ол әсіресе, Абай үлгісін шашуда елеулі еңбек етті. Сондықтан Абай дәстүріндегі көркемдігі жоғары, мазмұн, түр жағынан сонылығы басым, үлкен қоғамдық-әлеуметтік мәні бар лирикалар туғызды. Абай ұстанған ағартушылық, гуманистік көзқарасты қатты қолдады.

Студенттерге өзін-өзі бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Ш. Құдайбердиевтің шығармашылық ғұмырнаамасы
2. Ақын лирикасындағы Абай дәстүрі.
3. "Мәнді сөздер" жинағындағы әңгімелердің тәрбиелік сипаты.
4. Ш. Құдайбердиевтің «Еңлік – Кебек» дастанының идеялық-көркемдік ерекшеліктері.
5. Ш. Құдайбердиевтің қазақ руханиятындағы орны.

СӨЖ тақырыптары:

1. Шәкәрім шығармашылығының басты тақырыптары.
2. Ақын өлеңдеріндегі идеялық-көркемдік ізденістер.
3. Ақын аудармасындағы көркемдік дәстүр.
4. «Әділ мен Мария» - қазақ әдебиетінің табысы.
5. Шәкәрім қарасөздерінің табиғаты.

Реферат тақырыптары:

1. Абай және Шәкәрім шығармашылық қарым-қатынас туралы.
2. Шәкәрім поэзиясындағы ой тереңдігі.
3. Шәкәрімнің заман шындығын ашудағы ізденістері.
4. Ақын поэзиясының өзіндік ерекшелігі.
5. Шәкәрім шығармаларының зерттелуі.

МҰХАМЕДЖАН СЕРАЛИН

(1872-1929)

Шығармашылық өмір жолы. Қостанай облысында туып өскен.

Мұхамеджан Сералин – ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының үлкен қоғам қайраткері, белгілі санаткері, көрнекті ақыны, танымал көсемсөзшісі. Қазақша-орысша білімді болған. Оның (“Топ жарған” (1900), “Гүлкәшима” (1903)) поэмалары қазақ жазба әдебиетіне елеулі үлес болып қосылды. М.Сералин өлеңдері қазақ өмірінің, әлеуметтік тұрмысының шындығын танытады (“Бай, патша һәм кедей”, “Бай, қасқыр, аңшы” т.б.).

“Топ жарған” поэмасында Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілістің нақты шындығы көрініс табады. Поэманың басты кейіпкері Адай жігітінің бостандықты көкसेген ой-арманы Кенесары көтерілісімен желілес беріледі. Поэмада Кенесары-Наурызбай көтерілісін қалың бұқараның жақтауы жеке кейіпкерлер сөздері арқылы беріліп, шындықты ашудың жақсы тәсілі қолданыс тапқан. “Топ жарған” поэмасында Кенесары көтерілісінің қазақ бұқарасының мүддесін қорғаған көтеріліс екендігі қилы тағдырлар тоғысы арқылы көрініс табады. Адай жігіті бейнесі – көтерілісті жүрек қалауымен жақтаған ерлер бейнесінің жиынтық образы.

Поэманың композициялық құрылымының ерекшелігі – ақынның орыс классикасынан үйренуінің дәлелі. “Топ жарған” поэмасында тіл сонылығы бар. Тарихи шындықты, нақты өмірді тың теңеу, көркем суреттеулермен бере білген ақын поэмасының тарихи мәні өте зор.

М.Сералиннің “Гүлкәшима” атты шығармасы (1903) – қазақ өмірінен алынып жазылған лирикалық поэма. Поэманың негізгі идеясы бас бостандығын аңсаған жастар мен әйел теңсіздігін жырлау болып табылады. “Гүлкәшима” поэмасы – махабатты жырлауда жазба кәсіптік әдебиет деңгейінде жазылған, өмір шындығын нақты көрсететін шынайы көркем туынды. Поэмада жекеленген бөлімдердің жүйелілігі мен тұтастық желісі бар.

Ақын ескілікті әдет-ғұрыптарға және қазақ қоғамының кертартпа күйіне бас кейіпкердің (Баймағамбет) өлімі арқылы наразылық білдіреді. Поэмада еркіннен айрылған адал жардың сезім тазалығы жырланады. Шығарма сюжеті авторлық шешім арқылы жаңа жүйеде құрылған. Оқиғаның өрбуі көбіне хат арқылы беріліп, авторлық көзқарас арқылы түйінделіп отырады. Поэманың публицистикалық

сипаты басым. Онда ауыз әдебиеті дәстүрінің белгілері де кездеседі. Поэмада қазақ тұрмыс-салты кең көрініс тапқан. М.Сералиннің “Гүлхашима” поэмасы ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ поэзиясының ірі табысына саналды. М.Сералин “Рустам-Сухраб” дастанын орыс тілінен аударған (Жуковский). Шығыстың классикалық шығармасы “Шаһнаманың” тұңғыш рет қазақ тіліне аударылуының тарихи маңызы өте зор.

М.Сералиннің журналистік қызметі “Айқап” журналын шығарумен тығыз байланысты. Журналдың бас редакторы ретіндегі идеялық көзқарастарының қазақ ұлтының санасын оятуда мәдени-эстетикалық маңызы бар. М.Сералин – көсем-сөзші ретінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан қаламгер. Журналдың қазақ мәдениеті мен әдебиетін дамытудағы іс-әрекеттерінде М.Сералиннің басшылық қызметінің әсері мол болды. Өзінің жеке мақалаларында (“Аштық хаһында”, “Келешек заманымыздың қамы”, “Қазақ халқының мұң-мұқтаждығы”, “Қазақ жастары”, “Отырықшы болған қазақтар туралы” т.б.) қазақ қауымын” жоғын жоқтап, отырықшылдық, оқу-ағарту секілді басты мәселелерді нақты көтерді. Мақалаларында тілдік тұрғыдағы жетістіктер де кездеседі. М.Сералин жалпы ұлттық сананы ояту тұрғысында еңбек етіп, ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының көрнекті санаткерлерінің қатарына көтерілді.

Студенттерге өзін-өзі бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Мұхаметжан Сералин көсемсөздеріндегі ағартушылық-демократтық көзқарастар.

2. М.Сералиннің ХХ ғ.б. қазақ қауымының ой-санасын оятудағы қызметі.

3. М.Сералиннің "Гүлхашима", "Топ жарған" поэмаларының әлеуметтік мәні.

4. Бұл поэмалардың көркемдік ізденістері мен жетістіктері.

5. "Рүстем-Зораб" дастанының қазақ әдебиетінің аударма тәжірибесіндегі орны.

СӨЖ тақырыптары:

1. М.Сералин шығармашылығының басты тақырыптары.
2. Ақын өлеңдеріндегі идеялық-көркемдік ізденістер.
3. Ақын аудармасындағы азаматтық сарын.
4. «Гүлкәшима» - лирикалық поэма.
5. М.Сералин - “Айқаптың” бас жазушысы.

Реферат тақырыптары:

1. М. Сеалин және қазақ әдебиетіндегі ағартушылық бағыт.
2. М. Сералиннің тәржімашылдық қызметі.
3. М. Сералиннің ақындық ерекшелігі.
4. М. Сералин және «Айқап» журналы
5. М. Сералин шығармашылығының зерттелуі

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

(1872– 1938)

Шығармашылық өмір жолы. XX ғасырдың бас кезіндегі саяси-элеуметтік қозғалыс өріс алып, кеңге қанат жая бастауының басты себебі, қоғамдық өмірдің өрінде жаңа тұлғалар көзге түсіп, ұлттық сананы жаңа өріске бағыттауға ұмтылуында еді. Солардың ішіндегі көрнектісі ұлттың ұлы ұстазына, рухани көсеміне айналған дара тұлға Ахмет Байтұрсынов болатын. Ол XX ғасыр басындағы қазақ сөз өнеріндегі ұлттың биік рухынан нәр алған жаңа сарын – ұлт-азатшылдық бағыттың негізін қалап, азаттықтың ақ жолын ұсынды.

Ахмет Байтұрсынов 1872 жылы 5-қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы Ә.Жангелдин ауданының Торғай атырабындағы Ақкөл жағасында дүниеге келген.

1917 жылғы ақпан революциясынан кейін елде ұлт-азаттық саяси күрес күрт белең алады. Халыққа шынайы бостандық іздеген қазақ интеллигенциясының өкілдері әртүрлі партиялар мен ұйымдар құра бастады. А.Байтұрсыновтың осынау замана ағымындағы істерден тыс қалуы мүмкін емес еді. Сол тұста ұлттық теңдікті аңсаған Ахмет өз пікірлестерімен бірге «Алаш» атты партия құрып, 1917 жылдың

жазынан Алашорда жетекшілерінің біріне айналады. Осы партияның бірінші және екінші съезінде ұйымдастырушылық қызмет атқарып, ол авторларының бірі болып саналатын «Алаш» партиясын құрудың жобасы алғаш «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21 қарашадағы санында жарияланады.

1937 жылғы 8 қазанда Алматыда ұсталып, 1938 жылы желтоқсанның 8 күні жазықсыздан жазықсыз ату жазасына бұйырылып, атылады.

Міне, өз ұлтының рухани ой-санасын өрістетуді, отаршылдық езгіден азат етуді мақсат тұтып, бар білімін, қайрат жігерін соған арнаған ұлы тұлға осылайша 64 жасында еліне теңдік әпереді деп ұққан Кеңес өкіметінің қаһарлы үкімінен қаза тапты. Бірақ А.Байтұрсынов кейінгі ұрпағына мың жыл азық боларлық рухани мұра қалдырып кетті.

А.Байтұрсынов әдебиеттану саласында да ұланғайыр еңбек етті. 1923 жылы «Ер Сайын» жырын, 1926 жылы «23 жоқтау» атты жинақты Мәскеуден шығарып, алғы сөз жазып, түсініктемелер берді.

Ал әдебиетке қатысты келелі ой-пікірлерінің бастау көзі – 1913 жылғы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласы болып табылады. Бұл ұлы Абай шығармашылығы туралы жазылған алғашқы ғылыми мақала еді.

А.Байтұрсыновтың қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан аса зор үлесі – 1926 жылы басылып шыққан «Әдебиеттанушы» атты әйгілі еңбегі. Ахметтің осы кітапта тұңғыш рет қазақ тілінде түзген анықтамалар мен терминдері уақыт өтсе де өз құнын жойған емес.

Ахмет Байтұрсыновты үлкен ақын ретінде танытатын екі жинағы бар. Оның бірі – 1909 жылы Петербургте жарық көрген «Қырық мысал» - мысал аудармалары. Екіншісі – 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Маса» атты өлеңдер жинағы.

Мысал аудармалары. Ахмет Байтұрсынов шығармаларының үлкен саласының бірі – поэзия. Бұл – негізінен замана талабы, уақыт сұранымынан туындаған шығармашылық ізденіс жемісі. Орыстың атақты мысалшысы И.А.Крылов шығармашылығына айрықша назар аударған ақын, оның көптеген шығармаларынан өз қажеттілігін тауып,

«Қырық мысал» деген атпен аудармаларын 1909 жылы Петерборда бастырып шығарды.

Осы тұрғыдан алғанда, «Қырық мысал» жинағындағы аудармалардың «Ақку, Шортан һәм Шаян» мысалымен ашылуы Ахмет үшін белгілі бір мақсаткерлікті танытардай. Ол осы мысал арқылы сол кездегі қазақ өміріндегі ең бір келеңсіз жайды – ел бірлігінің жоқ екендігін аса бір күрделі мәселе ретінде көтерген.

«Қырық мысалдың» үлкен тобы адамдардың бойындағы көре алмаушылық, іштарлық, күншілдік туралы мәселелерге арналған. Бұларды зер сала отырып оқығанда, өз халқын осынау жаман қасиеттерден арылтуды арман етіп, мақсат тұтқан азаматтың жан толғанысын, үздіксіз ұмтылысын айқын сезінеміз. Мұндай мысалдарға «Жүргіншілер мен иттер», «Маймыл», «Үлес», «Ағаш», «Өгіз бен Бақа», т.б. жатады. «Жүргіншілер мен иттер» мысалында күншілердің сөзіне, іс-әрекетіне бола кібіртектемей, ілгері басуды уағыздайды. Ахаң бұл мысалды сол түпнұсқадан ауытқытпай аударған. Мысалдағы оқиға мазмұны түгелдей сақталып, ғибратты тұжырымы да Қрыловпен ұштасып жатады.

Ахмет қазақ өміріне қатысты ділгір де дертті мәселелерге келгенде өзіндік ой ұстанып, негізгі сюжеттік желіні дамытып немесе жаңғыртып, өз заманына сай мысалдың өткірлігін арттыра түсуді мақсат ететінін аңғару қиын емес. Ал жеке адамдар арасындағы әртүрлі жағдайларға, адам бойындағы жаман әдеттерді көрсетіп, одан арылуға уағыздауда ұлы мысалшы салған даңғыл жолдан ауытқымайды. Өйткені ол жаман әдеттер адамның ұлтына, қоғамдық қатынастарға тәуелді емес.

В.Г.Белинский Крылов мысалдарын көркемдік қуаты мен саяси-идеялық салмағына қарай басты-басты үш топқа бөледі. Оның айтуы бойынша бірінші топтағы мысалдарда мысалшы оқиғаны баяндап қана шығып, ақыл айтумен шектеліп отырады. Екінші топтағы мысалдарда ақыл айтуды поэзия жеңе бастайды. Ал үшінші топтағы мысалдары – нағыз сатиралық, поэзиялық шығармалар. А.Байтұрсынов Белинский шартты түрде жіктеген осы үш топтан да мысалдар тәржімалаған. Ахметтің сол кезде алдына қойған екі мақсаты болды. Біріншісі - әлі де

болса, қараңғылықтың «қалың ұйқысында» мүлгіген өз халқына ой тастап, білімге ұмтылдыруды, артта қалу себебін ашып, оның басты кесепаттарын көрсетуді мақсат етеді. Сондықтан ол қазақтың ұғымына, тыныс – тіршілігіне сай көркемдігі басым, ғибраты мол мысал үлгілерін таңдады.

Ахмет Байтұрсыновтың алдына қойған екінші мақсаты – халықты қоғамдық-әлеуметтік көкейтесті мәселерді танып білуге үндей отырып, азаттықтың ақ жолын аңғарту, бостандыққа ұмтылуға жөн сілтеу.

«Қырық мысал» жинағы үш рет басылып жарық көрді. Алғаш 1909 жылы Петербург қаласында, 1913 жылы Орынборда, 1922 жылы Қазанда басылып шықты. «Қырық мысалдағы» шығармаларды тақырыбы жағынан үлкен екі топқа бөлуге болады. Олардың бір тобы оқу-білімге, адамдық-адалдыққа үндеу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, адамдық, азаматтық қасиеттерді сақтау, елді ынтымақ-бірлікке шақыруға негізделсе, келесі тобы елдің елдігін сақтау, езгіде қалған елді азаттыққа, бостандық жолында күресуге үндеу болып келеді.

Ел бостандығын аңсаған, оған қол жеткізудің жолын іздеген Ахмет үшін Крылов мысалдарын аудару таптырмас тәсіл еді. Отаршылдық саясаттың озбырлығын сезе тұра, патшалық әкімдердің қанаушылық қаныпезерлігін көре отырып, үндемей қалуды жөн көрмей, өзегіне запыран болып жиналған ащы шындықты қалайда сыртқа шығаруға тырысқан Ахмет Крыловтан өзі екшеген «40 мысалға» жүгінді.

Ахметтің мысалшы ретіндегі ерекшелігінің ең басты қасиеті – төл туынды жасай білгендігінде. А. Байтұрсынов Крылов мысалындағы сюжеттік желіні өз уақытына үйлестіріп, қазақ халқының тағдырындағы ділгір мәселені көтеруге пайдаланып, "негізгі түпнұсқаға ойластырып, көркем ойға ой қосып, суретке сурет қосып, пікірді ұштап" (Р.Нұрғалиев) таза қазақи төл туынды жасаған.

Ақын поэзиясындағы азатшыл рух. Отаршылдық құрсауындағы ұлтының бостандық алу жолына поэзиясын қару еткен ақын – Ахмет Байтұрсынов. Ол XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде ұлт-азатшыл бағытты бастаған поэзиясында аударма арқылы насихаттаған ойларын айқындай түсті. Өршіл де төңкерісшіл сарындағы жалынды жырлар туғызды. Сөйтіп, қазақ әдебиетіндегі жаңа

бағыттың бастауы іспетті "Маса" жинағы 1911 жылы дүниеге келді. Ол – Ахметтің ақындық атағын кеңінен жайып, өз тұсындағы қазақ ақындарының алдыңғы қатарына шығарған туынды.

А. Байтұрсынов өз өлеңдерінде өнер-білімнің құдіретіне табынуға, олардың қадір-қасиетін атақ пен шен, мансап пен байлық көзіне айналдырмауға үндеп, Абай тағылымын әрі қарай жалғастырды. Абай дәстүрін ұстанған Ахмет өз өлеңдерінде қараңғылық құшағында мүлгіген халқына: "Аш көзінді оянып" деп қозғау салып, ұран көтереді.

А. Байтұрсынов өлеңдеріндегі ағартушылық сипаттың өзіне дейінгі ақындардан өзгешелігі бар. Ол өнер-білімді халықтың санасын оятып, өзгенің езгісіндегі тұрмысының себеп-салдарына көз салдырар бостандыққа ұмтылудың нұрлы сәулесі деп санайды. Бостандық ұғымы бұрынғы поэзияда басты ой нысанасы болып көрінбесе, Ахмет өлеңдерінде ол негізгі тақырып, өлеңге өзек болар ойдың "темір қазығы" іспеттес. Абай, Ыбырай туған халқының тағдырына күйзеліп, өркениетте озық кеткен өзге халықтармен иық тірестіруді, "тіл ұстартып, өнер шашпақтан" іздесе, Ахмет оны бостандық үшін күреспен байланыстырады. Оның өзіне дейінгі саңлақ ақындардан бір қадам ілгері басқандығы да, поэзиясының салмақтылығы мен құдіреті де осында. Ахаңның "Досыма хат", "Жиған-терген", "Анама хат", "Жауға түскен жан сөзі", "Жауап хаттан", т.б. өлеңдерінің тегеурінді қуаты осы бір ұқтырар ой аңғарында жатыр.

"Маса" жинағына енген өлеңдерден, әсіресе, кейінгі басылымдарына енген өлеңдерінен төңкерісшіл рух, 1905-1907 жылдардағы толқулардан қанаттанған тасқын күштің серпілісі ұшқын шашады.

Ақынның азаматтық поэзиясынан оның өмірлік өзгерістерге белсенді қатынасы көрініс беріп, қоғамдық қайраткерлігін айқындай түседі. Поэзияның саяси-әлеуметтік мәнін арттыра түсуге, жетілдіре түсуге тырысуы содан. Әсіресе, "Қа...қаласына", "Жұртыма", "Ақын ініме", "Жауап хаттан" тәрізді өлеңдері оның қоғамдық қайраткерлік бағдарламасын мейлінше аша түседі. Оларда

жеке басқа қатысты күйініш-сүйініштен, қасірет-қайғыдан гөрі, халық қамын жеген азаматтық поэзиясының халықтық сипаты басым жатыр.

Ұлы Абайдан тәлім алып, өлең күдіреті арқылы халыққа ой салып, саналы іс-әрекетке, күреске үндеу – Ахмет поэзиясы әкелген жаңа арна. Сондықтан да қазақ поэзиясында Ахаң салған жаңа бағыт – ұлттық бірлік пен ұлттық азат-тықты жырлау, бостандықтың биігіне алып шығар жолды көрсетіп, жөн сілтеу

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынов шығармашылығы ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің даму тарихындағы биік белес болып қала бермек. Ол қазақ әдебиетіндегі нағыз ұлт-азатшыл поэзияның негізін қалап, қазақ поэзиясына азаттыққа ұмтылған азаматтық жыр үлгісін алып келді.

Студенттерге өзін-өзі бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. А. Байтұрсыновтың шығармашылық ғұмырнамасы
2. «Қазақ» газетінің қазақ әдебиетін дамытудағы атқарған қызметі.
3. "Қырық мысал" жинағындағы аудармалардың төл туындылық сипаты.
4. Ахмет Байтұрсыновтың "Маса" жинағындағы идеялық-көркемдік ізденістер.
5. Ахмет Байтұрсыновтың қазақ руханиятындағы орны.

Реферат тақырыптары:

1. А. Байтұрсынов және қазақ әдебиетіндегі ұлт-азатшыл бағыт.
2. А. Байтұрсыновтың тәржімашылдық қызметі.
3. А. Байтұрсыновтың ақындық ерекшелігі.
4. А. Байтұрсынов - әдебиет зерттеушісі.
5. А. Байтұрсынов шығармашылығының зерттелуі

СӨЖ тақырыптары:

6. А. Байтұрсынов шығармашылығының басты тақырыптары.

7. Ақын өлеңдеріндегі идеялық-көркемдік ізденістер.
8. Ақын аудармасындағы азаматтық сарын.
9. «Әдебиеттанытқыш» - әдебиеттанудың негізін қалаған кітап.
10. Ахмет Байтұрсынов - «Қазақтың» бас жазушысы.

ҒҰМАР ҚАРАШЕВ
(1876-1921)

Шығармашылық өмір жолы. Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданында дүниеге келген. Ескіше терең білім алған. “Уақыт”, “Тәржіман”, “Ұлфат”, “Шора” т.б. татар-ноғай газет-журналдарына ат салысып, танымал көсемсөзші болған. “Жәдидтік” жаңаша оқу жүйесін құптаған. Абай поэзиясынан көп үйренген ақын. Өз ұстазы Ш.Бөкеевтің әсері бүкіл шығармашылығына өнеге болған. Поэзиясында реалистік шындықты жырлау басым болып келеді. Тақырыптық тұрғыдан алғанда поэзиясында патшалық Россияның отарлау саясатына қарсылық басымдау жатады. Өлеңдерінде тек жалаң күресті емес, өнер-білім арқылы жүзеге асатын саяси күресті алға қояды. Дәстүрлі поэзиядағы Дулат, Шортанбай сықылды ел надандығын, өзге елден жұқтырған кесепатты қасиеттерді, мінез-құлықтарды сынап отыра, ақын өлеңдерінде “құр ойбайдан” гөрі өзіндік ой айтуы басым келеді. Ел азаматын көре білетін, оның жігерін қайрай білетін өлеңдері өте мол. Ол – ертеңге сенім артып, болашаққа сене білген азамат. Ғұмар – өлең-жырды өте көп жазып, біраз кітап шығарған ақын. 1911-13 жылдары Уфа, Қазан қалаларында “Қарлығаш”, “Тумыш”, “Бәдел қажы”, “Бала тұлпар”, 1914 жылы Орынборда “Аға Тұлпар”, 1918 жылы “Тұрымтай” кітаптарын шығарған. Ғұмар – “Алаштың” ұранын (гимн) жазып алаштың рухын көтерген өнерпаз. Ақын ретінде діннің тазалығы жолында да күрес жүргізген. Меккеге қажыға сапар шеккендердің аярлығын, арамзалығын әшкерелеп (“Бәдел қажы”), дінге деген адалдығын сақтап өткен. Ғ.Қарашевтің “Аға тұлпар” кітабында патшалық өкіметтің озбырлығы, жерінен айрылған ел зары, ұлт зардабы, қазақ елі көріп отырған әділетсіздіктің небір қыры ақындық тереңдікпен ашылған.

Ғұмардың ел ішінен шыққан азғындардың аяусыз әшкерелегені бүкіл қазаққа қағида болған еді (Аз ғана күндік бақ үшін, Халқын сатты құл етті). Ғ.Қарашев поэзиясы өмір-танымға мейлінше терең. Оның дүние, қоғам және адам, тарих және тарихтағы жеке тұлғаның алар орны туралы ой толғаныстары терең әрі мәнді. Ғұмар – өз толғамдары арқылы ұлтына ой салуға ұмтылған ақын.

Студенттерге өзін-өзі бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Ғ. Қарашевтың шығармашылық ғұмырнамасы
2. «Тәржіман» газетінің қазақ әдебиетін дамытудағы атқарған қызметі.
3. "Қарлығаш" жинағындағы азатшылдық рух.
4. Ақынның "Аға тұлпар" жинағындағы идеялық-көркемдік ізденістер.
5. Ғұмар Қарашевтің қазақ руханиятындағы орны.

Реферат тақырыптары:

1. Ғұмар Қарашев және қазақ әдебиетіндегі ұлт-азатшыл бағыт.
2. Ғ. Қарашевтің тәржімашылдық қызметі.
3. Ғұмардың ақындық ерекшелігі.
4. Ғ. Қарашев – көсемсөзші.
5. Ғұмар Қарашев шығармашылығының зерттелуі

СӨЖ тақырыптары:

1. Ғ. Қарашев шығармашылығының басты тақырыптары.
2. Ақын өлеңдеріндегі идеялық-көркемдік ізденістер.
3. Ақын аудармасындағы азаматтық сарын.
4. Ғ. Қарашев поэзиясындағы ой тереңдігі.
5. Ғұмар - “Алаш” ұранының авторы..

МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ
(1885-1935)

Шығармашылық өмір жолы. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласындағы күрделі қоғамдық-әлеуметтік жағдайды өз шығармаларында айқын танытқан сөз шеберінің бірегейі — Міржақып Дулатов. Ол тек әдеби шығармашылықпен ғана айналысып қоймай, қоғамдық өмірдің қай саласында болсын, өшпес із қалдырған ірі қоғамдық-саяси қайраткер ретінде де танылды. Сан қырлы дарын иесінің мол мұрасының ішінде, әрине, әдеби шығармашылығының орны бөлек. Ол әдебиетке тұңғыш туындысы арқылы "Оян, қазақ!" деп ұрандата келіп, қазақ әдебиетіне өршіл сарын, өткір сөз, ойлы пікір әкелді.

Міржақып Дулатов 1885 жылы 25 қарашада Торғай уезінің Сарықопа болысының бірінші ауылында (қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданы) туған. Әкесі Дулат елге беделді кісі болған. Міржақып алғашында ауыл молдасынан сауат ашып, онан соң ауыл мұғалімінен оқиды. Міржақып 1897 жылы Торғай қаласындағы екі кластық орыс-қазақ училищесіне түсіп, оны 1902 жылы бітіріп шығады. Бұдан соң оның ұстаздық ғұмыры басталады.

1910 жылы Қазаннан "Бақытсыз Жамал" романын, ал 1913 жылы Орынбордан "Азамат" өлеңдер жинағын, 1915 жылы "Терме" деген әдеби-публицистикалық кітабын шығарады. М. Дулатовтың азаматтық тұлға ретінде, әрі шығармашы-өнерпаз, көсемсөзші ретінде қалыптасуына "Қазақ" газетінде Ахмет Байтұрсыновпен тізе қоса енбек еткен жылдар игі әсерін тигізді.

1935 жылдың 5 қазанында Соловецкідегі лагерьде қайтыс болады.

Ақынның азаматтық жырлары. Міржақып Дулатов шығармашылығының тырнақалдысы – "Оян, қазақ!" атты өлеңдер жинағы. Осы алғашқы туындысының өзінен-ақ ақынның мақсаты мен беталысы айқын аңғарылады.

Міржақып Дулатовтың "Оян, қазағы" мен өзге жинақтарындағы өлеңдерінің құйылысы бір арнадан бастау алып, бір арнаға тоғысып жатады. Өйткені оның бүкіл шығармашылық болмысының өрісі азатшыл оймен, ұлт-азаттық қозғалыспен біте қайнасып кеткен. Оның өлеңдерінде саяси үн өзге мәселеден басымдау түсіп жатады. Бұған

карап ақын ағартушылық ой-жүйеден алшақтап, тек саяси үгіт жетегінде кетіп қалды деуге мүлде болмайды. Оның шығармашылығындағы өнер-білімге үндеу, әлеуметтік теңсіздікті жырлау саяси көзқараспен желілесе отырып шешімін тапқан. Ақын шығармашылығының ерекшелігі де осында.

Жалпы алғанда ұлтының азаматтығын аңсаған азамат ақының «Оян, қазақ» атты жинағындағы өлеңдері, негізінен, саяси-әлеуметтік тақырыпқа жазылған. Өлеңдерінің басым көпшілігі – патша өкіметінің отаршылдық, озбырлық саясатын әшкерелеуге арналған саяси лирика. «Оян, қазақ!» жинағындағы өлеңдердің соңғысы «Сөз ақыры» деп аталады. Бұл өлеңі жинақтағы аздықөпті дүниесін жазудағы мақсатын қорытындылауға және өлең өлкесіне келуіне шығармашылығымен ой салып, үлгі болған ұстаз тұтар ақындар тобын таныстыруға бағытталған.

Ендеше, Міржақып – ұлтына еңбек етудің үлгісін танытқан, ұлт азаттығына бар саналы ғұмырын арнаған, осы бағытта талай тағдыр талқысына түсіп, соның бәрін туған елі үшін мойымай көтерген азамат ақын.

Міржақыптың екінші өлеңдер жинағы «Азамат» деген атпен 1913 жылы Орынборда басылып шығады.

Ақынның «Азамат» жинағындағы өлеңдері езілген елінің, еркіндік көксеген халқының мұңлы күйін суреттеп, ар намысын оятуға, көңіл көзін ашуға арналған. Бұл жинақта ел мұңын жоқтаған ақынның өр үнін жеткізер өлеңдер молынан орын алған.

Ақынның үшінші жинағы «Терме» 1915 жылы Орынборда жарық көреді.

Жұртына «Оян, қазақ!» деп ұран салған ақынның нәзік жаны, ішкі сезімін жеткізе білетін шеберлік қыры жарқ етіп бір көрінгендей. Жарқылдаған отты сөздерінің жалт-жұлт ойнаған ішкі сырларды шертіп кететін кездері Міржақып поэзиясында аз кездеспейді.

Жинақтарына енген, «Қазақ» газетіне жарияланған Міржақып өлеңдерінің тақырып ауқымы кең. «Қиял», «Сағыну» тәрізді өлеңдері ақынның ішкі сезіміне құрылса, «Жұт» өлеңі қазақ жұртының ауыр тағдырын арқау етіп, тұрмыс шындығын бейнелейді.

М. Дулатовтың "Елім-ай", "Алашқа" сынды зар заманның мұңына толы өлеңдері – ұлтының тағдырын ойлап тебіренген ақынның азаматтық ащы зары. "Елім-ай" бұрынғы "Елім-ай" сарыны емес, сыртқы жаумен ішкі озбырлардың әрекеттерінен азып-тозған, тоз-тоз болып боздаған елдің зары. Ащы да удай өткір сөздердің астарында мол үміт, зор сенім бар.

Жалпы, Міржақып Дулатов поэзиясы қазақ әдебиетінде алғаш рет азатшыл сарынды алып келуімен, өршіл үнді азаматтық пафосымен ерекшеленеді.

Тұңғыш қазақ романы. Міржақып Дулатов шығармашылығының ең бір биік белесі – прозадағы шоқтығы биік жанр – роман жазуы. Ол 1910 жылы Қазанда басылып шыққан "Бақытсыз Жамал" романы еді.

Міржақыптың "Бақытсыз Жамал" романының тақырыбы – ХХ ғасырдың басындағы қазақ ақын-жазушыларының көбінің шығармашылығына арқау болған - әйел теңсіздігі. Романның бас кейіпкері - Жамал. Романдағы өзге кейіпкерлер Жамал тағдырына байланысты көрініп отыратын әкесі – жуас Сәрсенбай, шешесі – нәзік жанды, ақылды Шолпан, айттырған күйеуі – "таз Жұман", дала шонжары – қатыгез Байжан, сүйген жігіті - Ғали.

Шағын көлемді романда сол тұстағы қазақ өмірінің айнасы дерліктей мазмұн бар. Романды оқи отырып қазақ даласындағы қоғамдық-әлеуметтік өмірмен, қазақ халқының сол замандағы тыныс-тіршілігімен көркемдік шындық арқылы танысамыз. ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ әдебиетін алғаш зерттеуші Сәбит Мұқановтың 1932 жылы шыққан «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» деп аталатын еңбегінде: «Бұл роман бірінші жақтан әйел бостандығын жырласа, екінші жақтан ескі дін, ескі салт, ескі әдетке қарсы шыққан роман. Бұл қазақтың жаңа байларының жаңашылдық сойылын соғып шыққан роман. Сондықтан роман қазақ арасында көп тарап, елдің жаңашылдарының аузында аяттай жатталып жүрді. Жамал болғысы келген, Жамалға ұқсағысы келген талай ауыл қыздарын көзіміз көрді. Ғали ауыл жігітіне үлгі бола алған жоқ. Жамал ауыл қызына үлкен үлгі болды. «Бақытсыз Жамалға» еліктеп «Мұңлы Мариям» (Сәлім Кәшімұлынікі)

сияқты романдар шықты. «Бақытсыз Жамал» соңғы кезге дейін көп жазушының темасына үлгі болды», – деп жазды.

Міржақып Дулатов шығармашылығы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін жаңа белестерге жетелеген, түрі жанарларға түрен салаған жемісті еңбек. Ол – азатшыл әдебиеттің аса көрнекті өкілі ретінде қазақ әдебиеті тарихынан өз орын ойып алатын тұғырлы тұлға.

Студенттерге өзін-өзі бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. М. Дулатов шығармашылық ғұмырнамасының басты белестері.
2. М. Дулатовтың «Қазақ» газетіндегі қызметі және онда жарияланған мақалаларының қоғамдық-әлеуметтік мәні.
3. «Оян, қазақ!», «Азамат», «Терме» өлең жинақтарының басты идеясы.
4. «Бақытсыз Жамал» романындағы басты кейіпкерлер бейнесі.
5. «Бақытсыз Жамал» романындағы тартыс мәселесі.

Реферат тақырыптары:

1. Міржақып поэзиясындағы азатшылдық рух.
2. М. Дулатовтың әдеби-сыни мақалаларының мәні мен маңызы.
3. "Бақытсыз Жамал" романының жанрлық ерекшелігі.
4. М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы замана шындығы.
5. М. Дулатов шығармашылығының зерттелуі

СӨЖ тақырыптары:

1. М. Дулатовтың «Оян қазақ!» жыр жинағындағы азатшыл идея .
2. Ақын өлеңдеріндегі идеялық-көркемдік ізденістер.
3. Міржақып ақындығының публицистикалық сипаты
4. М. Дулатов поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық.
5. М. Дулатов шығармашылығының XX ғ.б. әдебиетте алар орны.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ **(1893-1920)**

Шығармашылық өмір жолы. Сұлтанмахмұт Торайғыров қазіргі Көкшетау облысы, Қызылту ауданында 1893 жылы 28 қазанда дүниеге келген.

Сұлтанмахмұтқа әдебиеттің мәні мен мағынасын ұқтырып, әлемдік өркениет жайында әңгімелеп, заманға көзін ашқан - Нұрғали молда. Ұстазы шәкіртінің талантын танып, оқуын ары қарай жалғастыруға кеңес береді. Сөйтіп, болашақ ақын арман жетелеп, Троицк қаласына жол тартады.

Бірақ Сұлтанмахмұт оқуын жалғастыра алмайды, өкпе ауруына шалдығады. Сонан соң Троицк маңындағы ауылдарда бала оқытып әрі емделіп, 1913 жылдың күзінде қайта оралады. Сол тұста «Айқап» журналының хатшысы Әкірам Ғалымов қайтыс болып, соның орнына 1913-1914 жылдың қыс айларында журналға жауапты хатшы болады. Осы кезеңде ол өлең ғана жазып қоймай, қоғамдық саяси өмірге, әдеби үдеріске кеңінен араласа бастайды. Журнал бетіне өлеңдерімен бірге әдеби-сыни мақалалары да жарияланып, өзіндік бағыт-бағдары айқындалып, ақындық, азаматтық тұлғасы қалыптаса бастайды.

1920 жылдың 21 мамырында ұзақ созылған ауру «Қараңғы қазақ көгіне күн болуды» мақсат тұтқан ақынның арман отын сөндіріп, ажал құшағына алып тынады.

Суреткер ақын. Сұлтанмахмұт шығармашылығының өзекті тақырыбы – оқу-ағарту жөнінде. Ақын оқу-білім тақырыбын ақындық жолының алғашқы кезеңінен-ақ өз шығармашылығына өзек ете бастаған. «Орнымыз медресе оқып жатқан», «Оқу», «Оқып жүрген жастарға», «Талиптарға», «Оқудағы мақсат не?» өлеңдері осының айғағы. Сұлтанмахмұт оқу-ағартуды арқау еткен өлеңдерінде өз мақсаты мен қазақ жастарының мақсатын ұштастыра отырып жырлайды. Ақынның үміт-арманы мен білім-ғылым туралы түсінігі, жеке басының ғана емес, ұлт қамын ойлаған жанның биік азаматтық мақсаттарымен айшықталады.

Сұлтанмахмұттың бұл тақырыпқа жазған кейінгі өлеңдерінде («Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы») лирикалық қаһарманның өршіл ойлары айқындала түседі. Ақынның романтикалық рухқа толы жалынды өлең жолдары өлең сөзінің күдіреті арқылы оқырман көңіліне жылы ұялап, жүрегіне жол табады.

«Шығамын тірі болсам адам болып» атты өлеңіндегі осы жолдар лирикалық қаһарманның арманының биік, ойының асқақ екенін танытады. Сұлтанмахмұттың оқу-ағарту тақырыбына жазған өлеңдерінің ішінде шоқтығы биігі – «Шәкірт ойы» (1917). Бұл – нағыз ақындық ой мен сезім толғанысынан туып, ақын жан дүниесінің тынысын сездіретін өлең.

Сұлтанмахмұт ақын ретінде қоғамдық өмірдің алуан түрлі сұрықсыз жақтары мен ұнамды-ұнамсыз кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, характерлерін, мінез-құлқын, ішкі жан-дүниесін ашық, айқын, әсерлі көрсетуде асқан шеберлік танытады. Суреткер адамның әр түрлі қасиеттерін, сыр-сипатын бейнелі сөз үлгілерімен бере отырып, жаратылыс көріністерін, табиғат құбылыстарын жанды бейне кейпінде бейнелейді.

«Бір адамға» лирикасы – ақынның әлеуметтік сарыны басым, өткір де шымыр өлеңдерінің бірі. Мұнда ақынның сыншыл реализм әдісін жете меңгергендігі айқын көрініс тапқан. Сұлтанмахмұттың суреткерлік шеберлігі сонда. Ол осы шағын өлеңіне үлкен әлеуметтік жүк артып, кереметтей сурет жасап, түйін түйген.

Сұлтанмахмұттың сыршылдығы мен ақындық суреткерлігі оның табиғат лирикасынан, табиғатты әсем жырлауынан танылады. Оның бұл саладағы жырлары жалаң табиғат көрінісінен тұрмайды, сол кездің қоғамдық жағдайымен үнемі астасып жатады.

Сұлтанмахмұт өз поэзиясына негізгі өзек етіп халықтың бостандық сүйгіш ұлы мұратын таңдап алды. Оның ақын ретінде қалыптасуына әсер еткен жағдай өз кезеңіндегі халықтың әлеуметтік өмірі, ұлтының бостандық жолындағы күресі болса, үйренген мектебі, алған тәлімі ұлы Абайдың озық үлгідегі әдеби дәстүрі болды.

Көлемді көркем туындылары. Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ әдебиетіндегі өзіндік орнын тек лирик ақын ғана емес, қазақ

әдебиетінің күрделі жанрдағы көлемді туындыларымен байыту арқылы да алған дарын иесі. Оның үлкен жанрдағы алғашқы туындысы – 1914 жылы жазылған «Қамар сұлу» романы.

«Қамар сұлу» – реалистік шығарма. Романда ХХ ғасырдың басындағы қазақ ұлтының әлеуметтік өмірі, тыныс-тіршілігі нақты көрініс тапқан. Шығарманың негізгі тақырыбы – әйел теңсіздігі болғанымен, ол қоғамдағы жалпы әлеуметтік теңсіздік қайшылықтарын ашуға апарар жол ғана. Қайғылы халге ұшыраған екі жастың гүл ашпай жатып солған жауқазын махаббаты – қараңғылық пен надандыққа қарсы күрестің жаңа өскіні, жаңа күші. Бір-біріне қарама-қарсы екі топ өмірге, қоғамға, адамға деген екі түрлі көзқарас арқылы айқындалады. Романда бірінші топ өкілдері Оспан, Қалтан, Нұрым, Әбділдә ишан арқылы бейнеленсе, екінші топ жас ұрпақ Ахмет, Қамар, Қасендер арқылы көрсетіледі. Алғашқы ұрпақ өкілдерінің негізгі ерекшелігін автор ескілікті салттың етегіне жармасқан тоғышарлық, қанаушылық мінез-құлқында деп таниды. Ал, жаңа жас ұрпақ өкілдерінің бойынан ақын өз заманының жаңаға жаны құмар жастарын көреді. Олардың жаңа көзқарасымен таным-түйсігін сезінеді. Сұлтанмахмұт бұл ұнамды кейіпкерлерінің әділдік жолындағы, махаббат бостандығы жолындағы күрестерін сүйсіне суреттейді.

Қамар – романдағы бүкіл оқиғаның желісін ұстап тұрған негізгі тұлға. Ақын өз тұсында қазақ қоғамында орын алып отырған түрлі қайшылықтар мен алға дамуды тежеп отырған кертартпалықты осы кейіпкердің көзімен көріп, соның түсінік ұғымы арқылы білдіреді. Қамар – әрекетшіл бейне, өз бақыты жолында әлсіздеу болса да, өмірінің соңына дейін күресіп, қарсылық жасауға әрекеттенеді. Автор Қамар болмысын өзгелерден оқ бойы оздырып тұрған басты белгі оқығандығында деп біледі. Сондықтан да ол – өз заманының озық ойлы қызы.

Жастардың еркіндігін аяққа таптаған, қоғамдық өмір заңына лағнет айтып, өзінен кейінгі қазақ қыздарының бас бостандығына қол жеткізуін тілейді.

Романдағы Қамардан кейінгі тұлға – Ахмет. Ақын оны «Аузы асқа, ауы атқа тимеген» кедейдің баласы дей отыра, өз заманының озық ойлы азаматы ретінде суреттейді.

Өйткені Ахмет – өз дәуірінің шындығы мен автордың өзі тәріздес ағартушылар тілегінен жаралған типтік образ. Сұлтанмахмұт осы ұнамды кейіпкерінің іс-әрекеттерін суреттеу барысында, өз кезінің шындығынан алыстатып алмауды айрықша қадағалайды. Оны мүмкіндігінше, уақыт, заман шындығы негізінде бейнелеуді назарда ұсатайды.

Романға XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ қоғамында өмір сүрген бір отбасының үш ұрпақ буынының өмір жолын көрсету, сол арқылы замана, дәуір жайлы ой толғау арқау болған. Сахараның билеушісі Тасболаттың биіктен басталып, құрдымға кеткен тағдыры – шығарманың өзекті желісі.

Тасболат өзін даланың жалғыз иесіндей сезінеді. Оның түсінігінше, дүниенің тұтқасы – байлық, одан өзге күш те, құдірет те жоқ. Ол – байлығымен қоса замана ыңғайын білетін айлакер де қу. Заман сауаттыға, оқығанға ауыса бастағанын ұққан әккі Тасболат қолдағы билікті балалары жетілгенше өз уысынан шығармауды көздеп, жақын ағайыны Байболды болыс қояды. Ол – алыстан ойлайтын жан. Сұлтанмахмұт романда надан, топас, малды ғана ойлаған сараң бай емес, дала билеушісінің бейнесін сомдаған. Тасболат – замана ыңғайына қарай мың құбыла алатын, өмір сүрудің қағидаларын жете меңгерген сұңғыла адам.

Тарих сахнасына шығар келесі буын өкілі, әрине, Әжібай. Автор шығарманың басты тұлғасын сомдауға көп күш салған. Әжібайды көркем әдебиетке тән көркемдік шындыққа сай шыншыл бейне етіп шығарған. Оның қоғамдық ортамен қатынасын көрсету арқылы өзіндік өсу, жетілу, өмір тану болмысын бағдарлайды. О баста бойында жалыны, басында ақылы бар жасты әкесі ұсынған өмір жолының соқпағы өзге сұрлеуге салып жібереді. Күнделікті күйкі тірліктің әлегі, болыстыққа таласу, көп әйелдің дау-дамайы ақын суреттеуіндегі Әжібайды өмір ырқына бағынған бойкүйез жанға айналдырады.

Ендеше Әжібай арқылы Сұлтанмахмұт замана өзгерісінде өз орнын таппаған қазақ жастарының типтік бейнесін жасаған және ол өмір шындығынан туып, көркемдік шындыққа айналған.

Романдағы ұнамды кейіпкер – Байбол. Оқыған, көзі ашық, көңілі ояу кейіпкерін автор жаңа заманның жаңа адамы ретінде суреттейді. Әжібайға қарағанда ол – оқығанын көңілге тоқыған, уақыт сырын ұққан, өмірге бейім ел басшысы. Байбол – ақынның ағартушылық идеялары мен оқығандарды ел ісіне араластыру мақсатынан туған образ.

Әулетті де дәулетті отбасының келесі буыны - Әжібай баласы Қабыш. Әжібай өзін адам, азамат ретінде сезініп, қалай болғанда да әрекет жасап, арпалысса, Қабыш – ондай қасиеттен жұрдай адам, қоғамның азғыны. Ол – арак, темекі, құмар ойынның құлы болып, өзін-өзі өмірден аластатқан жан. Сөйтіп, бір кезде өздерін даланың тұтқасы сезінген құдіретті Тасболат ұрпағының үшінші буыны замана ағысына ілесе алмай, жағаға шығып қалады. Оған жазықты кім? Жан дүниесін жайлаған надандық кесірінен өмір өзгерісін, уақыттың алмасуын сезінбеу, жаңаның жақсылығын қабылдамау тәрізді кесірлі қасиеттер. Ақын түсінігіндегі басты жазықтылар осылар, яғни адамның сырты емес, ішкі жан дүниесінің өзгермеуі осындай құлдырауға алып келеді.

Романда жаңа өмірдің озық құбылыстарын жете болмаса да біршама түсініп, өркениетті өмірге қадам басуға ұмтылған бейнелер аз да болса көрініс тапқан. Олар – Аппақай, Күлтай, Фельдшер, Әнуар. Бұлардың тағдыры әрқилы болғанымен, бәріне тән ортақ белгі – қазақ қоғамына келе бастаған озық дәстүр, жаңа салтты жігі қабылдап, өмір көшіне ілесуге ұмтылуы. Ақын олардағы ертеңнің көшіне ілесер, болашаққа үйлесер қасиеттердің өміршендігіне сенеді.

Қорыта айтқанда, Сұлтанмахмұттың "Кім жазықты?" атты өлеңмен жазылған романы ұлтымыздың көркемдік танымының белгілі бір даму сатысын, өркендеу кезеңін көрсетеді.

Зерттеушілер Сұлтанмахмұттың алғашқы поэмасы ретінде "Таныстыру" атты шығармасын атайды. Поэма 1917 жылдың аяғы мен 1918 жылдың басында жазылып біткен. Сұлтанмахмұттың бұл туындыны жазудағы басты мақсаты – қазақ ұлтының күрескер ұлдары

мен аяулы қыздарын еліне таныстыру. Ақын поэманы қара қазақ пен оқыған зиялы адамның диалогіне құрған. Екеуінің арасындағы пікір алмасу арқылы сол тұстағы қазақ қайраткерлеріне сипаттама ретінде мінездеме берілген. Ақын Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Әлімхан Ермеков, Халел Ғаббасов, Нәзипа Құлжанова, Нұрғали Құлжанов, т.б. қазақ халқының бір туар ұл-қыздарының тарихтағы орнын айқындап, олардың атына жылы лебіздер білдіреді. Ақын мақсаты – құрғақ мақтау емес, бұған керісінше, арыстардың еңбегін бағалап, елге таныту, солар жайлы өз білетінін ортаға салу, олардың ісін кейінгі ұрпаққа өнеге ету.

Ақынның іргелі жанрдағы кең құлашты қуатын танытатын көрнекті поэмасы - "Адасқан өмір" (1918). Поэма "Мен – бала", "Мен – жігіт", "Мен тоқтадым", "Мен – кәрі", "Мен – өлік" атты бес бөлімнен тұрады. Мұнда жалғыз ғана кейіпкер бар, ол – лирикалық қаһарман – "Мен". Оқиға осы "Мен" арқылы баяндалып, соның өмірге, қоғамға деген көзқарасы арқылы сараланады. Бір ғұмырдың өмірге келгеннен бастап, өмірден өткенге дейінгі пәнидегі тірлігі, түйсігі, ой-танымы терең толғаммен жырланып, реалистік шындықпен суреттеледі.

Поэма жанрындағы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың келесі бір күрделі шығармасы - "Кедей"(1919). Бұл – лирикалық поэма. "Адасқан өмір" мен "Кедей " – бір-бірімен үндес, мазмұны мен идеясы тұрғысынан бірін-бірі толықтырып тұрған шығармалар. Құрылымы жағынан да олар бір-бірімен өте ұқсас. Бұл поэмада тарауларға бөлінген және бар жайт лирикалық кейіпкер арқылы баяндалып, соның өмірге, қоғамға деген көзқарасы арқылы өрбіп, дамып отырады.

Жалпы, Сұлтанмахмұт Торайғыров поэмалары арқылы өзі өмір сүрген дәуірдің көкейкесті мәселелерін көтеріп, замана, қоғам, адам жайлы толғанысты түйіндер жасап, өркениетті идеяны қозғайтын терең ойлы, жана мазмұнды шығармаларды дүниеге әкелді. Оның поэмалары XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті көркемдік деңгейінің биік белесі болып қала бермек.

Студенттерге өзін-өзі бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. С. Торайғыровтың шығармашылық өмір жолы.
2. Ақынның оқу-білімнің адам өмірінде алар орны жайлы жазған өлеңдерінің мәнін ашыңдар?
3. "Қамар сұлу" шығармасының негізгі идеясы қандай?
4. "Адасқан өмір" поэмасының жанрлық ерекшелігі.
5. "Кедей" поэмасында әлеуметтік теңсіздік көрінісі қалай суреттелген?
6. "Кім жазықты" романының көркемдік жетістігі неден көрініс табады?

Реферат тақырыптары:

1. С. Торайғыров – суреткер ақын.
2. Ақын лирикасындағы ағартушылық сипат, азаматтық пафос.
3. С.Торайғыров шығармашылығындағы лирикалық кейіпкер бейнесі.
4. Поэмаларындағы философиялық көркем ой-толғам.
5. С.Торайғыров поэмалары мен романдарындағы әлеуметтік теңсіздік мәселелері.

СӨЖ тақырыптары:

1. С.Торайғыров – дәуір суреткері.
2. Ақынның «Таныстыру» поэмасындағы көркемдік ізденістер.
3. С. Торайғыровтың «Айтыс» поэмасындағы ұлттық көрініс.
4. Сұлтанмахмұт романдарындағы сыншыл реализм.
5. Сұлтанмахмұт поэмаларындағы философиялық көркем ой-толғам.

II БӨЛІМ

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ

Қазан төңкерісінің жеңісі орнығып, жаңа өмір орнату жолындағы идеялық күрестер басталған тұста шығармашылықпен айналысатын

ақын-жазушылар жаңа өзгерісті өз туындыларына арқау етуге деген ұмтылысын байқатты. Қазақ әдебиетіндегі бұл кезең, яғни 20-30-жылдар әдебиеті әрі қайшылықты, әрі идеялық тартысты түрде дамыды. Тап тартысын негізге алған әлеуметтік тартыс жағдайы қазақ зиялыларын екіге бөліп, бірі жаңа өзгерістерге сынай қарады, ал екіншілері біржақты құптаушылық білдіріп, жаңа құрылысқа белсене атсалысуға құлшынысын танытты.

Сәкен Сейфуллиннің асқақ рухқа толы отты жырлары, Ілияс Жансүгіровтың жаңа өмір жеңістері мен жетістіктерін сөзбен өрген сұлу жырлары, Бейімбет Майлиннің қарапайым тірліктің өзіндегі өзгеріс нышандарын жете байқататын жырлары, Сәбит Мұқановтың таптың мұңын жырлаған асқақ мұратты өлеңдері өз дәуірімен үндесіп, заманымен сырласып жатты. Олар өз тұтастарын жаңа заманның ту ұстаушысы, жаңа қоғамның орнатушысы екеніне шексіз сенді.

Жаңа әдебиеттің көш бастаушылары әдебиетті тек идеялық тұрғыдан берік етіп қоймай, оның көркемдік тұрғыдан да жетілуіне баса назар аударды. Соның нәтижесінде тың тақырыптар ашылып, көркемдік-эстетикалық, жанрлық ізденістер бой көтеріп, замана талабына сай тың туындылар дүниеге келді.

XX ғасырдың басында пайда болған романдар, драмалық шығармалар т.б. жанрлар жаңа ізденістерге соқпақ салды. Соның нәтижесінде С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Адасқандар», Ж. Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбілек» романдары дүниеге келді. Қазақ әдебиетінде роман жанрының кеңге қанат жаюына бұл шығармалардың әсері зор болғаны талассыз шындық.

Қазақ прозасының жаңа үрдісте дамып, биік көркемдік-эстетикалық жетістерге жетуіне бұл жылдары Б. Майлин мен М. Әуезовтің де еңбегі аз болған жоқ. Б. Майлин өзінің «Раушан коммунист», «Күлтай болыс», «Сексен сом», т.б. әңгіме-повестер арқылы сол тұстағы ауыл өмірінің сан алуан суретін кестелеп, шындығын ашты, шежіресін жасады.

М. Әуезов «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу», «Қыр суреттері», «Көксерек», «Қараш-қараш оқиғасы» әңгіме-повестері арқылы өмір

шындығынан көркемдік шындық тудыру шеберлігімен, суреткерлік болмысының күдіретімен тәнті ете білді.

Бұл кезеңде қазақ әдебиетіндегі тың жанр болып табылатын драматургия ерекше қарқынмен дамыды. Шағын-шағын пьесаларды айтпағанда, С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», Ж.Аймауытовтың «Шернияз», М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек», «Қарагөз» пьесалары жанр табиғатына толығынан жауап беретін, әлемдік драматургиядан үйрене отырып жазылған озық үлгідегі туындылар еді.

20-жылдардағы әдебиеттегі түрлі топтар мен ағымдар арасындағы айтыс-тартыс 30-жылдарда да өз жалғасын тапты. Жиырмасыншы жылдардың ортасында құрылған ҚазАПП (Қазақстан пролетариат жазушыларының ассоциациясы) бұл айтыс-тартысты одан әрі өршіте түсті. Соның нәтижесінде бұл ұйымға енбей қалған «шаруа» емес жазушылар 1929 жылдан бастап қатты қуғын-сүргін көрді. Дарынды ақын-жазушылар А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, т.б. атылып, айдалып кетсе, М.Әуезов түрмеге қамалып шықты.

1934 жылдың 12-18 маусым аралығында Қазақстан жазушыларының бірінші құрылтайы өтті. Қазақстан жазушыларының алғашқы басшысы боп ақын І. Жансүгіров сайланды. Бұл тұста қазақ әдебиеті жанрлық жағынан молайып, көркемдік тұрғыдан жетіле түсті. Әдебиетке талантты да дарынды жаңа лектің қосылуы игі әсерін тигізді. Олар Иса Байзақов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Асқар Токмағамбетов, Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев, Ғали Ормановтар болатын.

Бұл тұста туған С.Сейфуллиннің «Советстан», «Көкшетау», І.Жансүгіровтың «Дала», «Күйші», «Құлагер», И.Байзақовтың «Құралай сұлу», С.Мұқановтың «Сұлушаш» поэмалары қашанда қазақ әдебиетінің алтын қазынасына айналған шығармалар болып қала береді.

Отызыншы жылдарда әңгіме повесть жанрлары одан әрі өркендей түсті. С.Сейфуллиннің «Жемістер», Б.Майлиннің «Он бес үй», С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» повестері – авторлардың жанр

мүмкіндігін жете танып, адам образын сомдаудың қыр-сырын игере бастағанының дәлеліндей.

І.Жансүгіровтің «Жолдастар», М.Дәулетбаевтың «Қызылжар», Ғ.Мұстафиннің «Өмір не өлім» романдары көлемді жанрдағы тың ізденістер, іргелі жанрды жетілдірудің айғағы болса, Б.Майлиннің «Азамат Азаматович», С.Мұқановтың «Жұмбақ жалау» («Ботагөз») романдары қалыптасқан тәжірибенің шындала бастаған шеберлік жемісі болып табылады. «Ботагөз» – ХХ ғасыр басында басталған роман жанрындағы ізденістің қорытындысы, кейінгі кең көлемдегі эпопеялардың кіріспесі іспетті тұғырлы туынды.

Отызыншы жылдар дарматургия үшін де жемісті жылдар болды. М.Әуезовтің «Түнгі сарын», «Абай», «Айман-Шолпан», Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты», «Амангелді», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» сынды шығармалары – қазақ драматургтерінің жоғары деңгейдегі шеберлікке қол жеткізгендігінің, таңдаған тақырыбын еркін меңгеріп, көркемдік талапқа сай туынды жасай алатынның нақты көрінісі.

20-30 жылдар – қазақ жазба әдебиетінің жаңа биікке көтерілген белесі. Бұл кезеңдегі әдебиеттің жоғары көркемдік эстетикалық деңгейге көтерілуіне С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Мұқанов, т.б. әдебиетіміздің биік тұлғалары өлшеусіз үлес қосты. Олардың түрлі жанрдағы туындылары жаңа дәуірге сай тақырыптық маңыздылығымен, идеялық бағытының сонылығымен, көркемдік шешімдерінің жаңашылдығымен ерекшеленеді.

1937-1938 жылдардағы қанды репрессия қазақ әдебиетін қаусатып кетті десе болғандай. Алдыңғы буын А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М.Жұмабаев, Ж. Аймауытов социалистік революциямен ымыраға келмес пікір қайшылықтарына орай айдалып атылса, социалистік қоғам орнатуға елеулі үлес қосқан С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ғ.Тоғжанов сынды кеңестік әдебиеттің көрнекті өкілдері өздері асқақтатқан социалистік қоғамдағы өрескел тоталитарлық жүйенің өктемдігімен сталиндік жеке басқа табынушылықтың құрбанына шалынды. Осынау жылдарда қазақ әдебиетінің ең

талантты, ең дарынды өкілдері әдеби шығармашылық еңбектен алыстатылып, әдеби ортадан шеттелді. Бұл әдеби процесстің тежелуіне орасан зор әсер етті.

Студенттерге өзін-өзі бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. 20-30 жылдардағы қоғамдық-әлеуметтік өзгерістердің әдебиетке қандай әсері болды?
2. Жаңа дәуір жыршысына айналған қандай ақындардың поэзиясын айрықша атауға болады?
3. Қазақ әдебиетінің проза жанры қандай көркем шығармалармен толықты?
4. Роман жанрының өркен жаюының себеп-салдары неде?
5. Драматургияның дамуына мысал келтіріңдер.

Реферат тақырыптары:

1. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әңгімесі.
2. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ лирикасы.
3. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ поэмалары.
4. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әдеби сын.
5. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әдебиеттану мәселелері.

СӨЖ тақырыптары:

1. 20-30 жылдардағы әдебиеттегі идеялық-көркемдік ізденістер.
2. 20-30 жылдар әдебиетіндегі басты тақырыптық арналар.
3. 20-30 жылдар әдебиетінің жанрлық тұрғыдан дамуы.
4. 20-30 жылдардағы әдеби айтыстар.
5. 20-30 жылдар әдебиетінің зерттелуі.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ
(1889-1931)

Шығармашылық өмір жолы. XX ғасырдағы қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетінің алтын қорына керемет көркем әдеби

шығармалар қосқан, сан қырлы дарынның бірі – Жүсіпбек Аймауытов. Ж.Аймауытов әдебиеттің барлық жанрында дерліктей еңбек етті және өзі қалам тартқан жанрдың қай-қайсысында да болсын, көрнекті туындылар жазып, кемел де көркем дүниелер жасады.

Жүсіпбек Аймауытұлы 1889 жылы Семей губерниясының Кереку уезіндегі Қызылтау болысының бірінші аулында (қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы) дүниеге келген.

1929 жылғы зобалаң тұсында Қазақстандағы ұлтшыл саяси ұйыммен байланысы бар деген жаламен ұсталып, 1931 жылдың 21 сәуірінде жазықсыздан жазықсыз атылу жазасына үкім шығарылады.

Жазушының алғашқы романы «Қартқожа» 1926 жылы Қызылорда қаласында басылып шықты. Романда революция қарсаңы мен одан кейінгі жылдардағы қазақ халқының тыныс-тіршілігіндегі жаңа өзгерістер кеңінен көрсетілген.

Жүсіпбектің қалам қарымының айқындаушы іспетті ең іргелі туындысы – «Ақбілек» романы. Ол алғаш «Әйел теңдігі» журналының 1927, 1928 жылғы бірнеше сандарында жарияланды. Жазушының көзі тірісінде жеке кітап болып басылып шыққан жоқ.

Ж.Аймауытовтың тағы бір көлемді туындысы «Күнікейдің жазығы» повесі – әйел теңсіздігі тақырыбына жазылған. Бұл шығарма алғаш «Жаңа әдебиет» журналының 1928-1929 жылдардағы бірнеше санында жарияланды.

Ж.Аймауытов драматургия саласында да елеулі еңбек етті. 1917 жылы жазылып, 1926 жылы Мәскеуде басылып шыққан «Қанапия-Шәрбану», 1925 жылы Ташкентте басылып шыққан «Ел қорғаны», т.б. пьесалары бар. Жазушы-драматургтың бұл саладағы үлкен туындысы 1926 жылы Семейде басылып шыққан «Шернияз» драмасы. Өлеңмен жазылған бұл драма қазақтың ақиық ақыны С.Торайғыровка арналған. Кеңес тұсындағы қазақ зиялыларының екі айырық жолға түсуі, жаңа интеллигенцияның қалыптаса бастауы бұл шығармаға арқау болған тақырыптың негізгі өзегі.

Жүсіпбек Аймауытов өзінің аз ғана ғұмырында артына мол мұра қалдырған айтулы жазушы, қоғамдық өмірдегі өз орнын айқындай білген қайраткер, ірі азаматтық тұлға.

Көркем проза шебері. Ж. Аймауытов өзін әдебиетте шағын әңгіме жанрындағы шеберлігімен таныта білді. Оның оқырман жүрегіне жол тапқан «Елес», «Жол үстінде», «Әнші», «Жапырактар», «Қара баксы» т.б. әңгімелері бар.

Жазушының алғашқы күрделі шығармасы – «Қартқожа» романы. Роман 1926 жылы басылып шықты. Бұл – кеңестік дәуірдегі алғашқы қазақ романы болуымен бірге, XX ғасыр басындағы осы тұрғыдағы талпыныстардың жалғасы ретінде, роман жазуға деген жаңа бір серпіліс әкелген шығарма.

«Қартқожа» романы – автор қиялынан емес, болған оқиғаның негізінде жазылған дүние. Ж. Аймауытов өмір шындығынан алынған оқиғалар жүйесін көркемдік қиялмен ұштастыра отырып, дәуір келбетін ашатын көлемді туынды жасай білген. Романның бас кейіпкерінің прототипі – өмірде болған, ұзақ жылдар ұстаздық қызмет етіп, кейін репрессияға ұшыраған Қартқожа Жананұлы Тоғанбаев деген ардақты азамат.

Оқиғаның өрісі өмір шындығынан нәр алып жатады. Бір кезде молда алдында отырған бұйығы қара бала өсе келе, сол кездегі қазақ қоғамында болған тарихи оқиғаларға араласып, ерекше көзге түспесе де, көрген-білгенінен өзінше ой түйеді. Бұл оның азамат ретінде қалыптасуына әсер етеді. Ал солдатқа алыну, әскер өмірі балаң бозбаланы ширата түседі. Бұл – Қартқожаның ой-санасының өсуінің бір белесі. Қартқожа секілді қарапайым адамның бірте-бірте үлкен азаматтық істерге араласуының сенімді шығуы автордың өз кейіпкерін жан-жақты аша білуінде.

Жалпы, Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романы – революцияның алды-арты тұсындағы қазақ қоғамындағы өзгерістер келбетін келісті суреттеп, дәуір шындығын бас кейіпкердің өмір жолы арқылы жан-жақты бейнелеген роман.

Жүсіпбек Аймауытовтың қазақ прозасын үлкен бір белеске көтерген күрделі шығармасы – «Ақбілек» романы.

Романда өз заманының ең бір құбылмалы тұсында сынға түскен қазақ қызының жігер-қайраты мен ақыл-парасаты аркасында өз

ортасынан озып шығып, биік қоғамдық сатыға көтерілуі көркем бейнеленген.

Ақбілек қарапайым қазақ қызы болғанымен, оның ең басты ерекше қасиеті – сезімталдығы. Екіншіден, Ақбілек батыл да шешімшіл қыз. Оны атып кетуге бекінген Қарамұрттың оғынан құтқарған да осы батылдық. Өмір мен өлім арпалысқан осы бір сәтте жазушы кейіпкер психологиясына терең бойлап, ол тұрғыдағы оқырман танымын бекіте түседі.

Арада бес жыл өткеннен кейінгі Ақбілек – енді мүлде бөлек жан! Көкірек көзі ашылып, санасы жетілген, білікті де білімді адамды көреміз. Балташтай өзіне тең серігін тапқан Ақбілек – тағдырмен күрестің жеңісін көріп, жемісін татқан бақытты әйел. Оның жан жарасын жазған Балташты кездестіруі немесе ұлы Ескендірмен табысуы ғана емес, сонымен қатар санасына нұр шашқан оқу-білім қуаты.

Роман Ақбілекке арналып, соның тағдырына құрылғанымен, кейде шығарма соңына дейін бірге жүретін, кейде белгілі бір сюжеттік желінің тірегі іспетті Қарамұрт, Бекболат, Мамырбай, Өрік, Ақбала, Балташ, Мұқаш тәрізді сұрыпталған, орнын тауып, орнықты сомдалған тұлғалар бар. Бұлардың әрқайсысына тән айнытпай ажыратылатын кескіні, сөз саптасы, қимыл-қозғалысы, өзіне ғана тән мінез-құлқы бар.

«Ақбілек» романы – қазақ халқының ұлы өзгерістер тұсындағы қасірет-тауқыметін, жаңа өмірге бет бұрысын қарапайым қазақ қызының тағдыр-талайы, талғам-танымы арқылы кең көлемде көрсеткен толымды туынды.

Ж.Аймауытовтың көркем прозадағы соңғы көлемді әрі табысты туындысының бірі – «Күнікейдің жазығы» повесі. Бұл революциядан бұрынғы қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігін көркем суреттеген, этнографиялық реңкі бар шығарма. Повестің тақырыбы – XX ғасырдың алғашқы ширегінде жазылған шығармалардың көбіне ортақ әйел теңсіздігі.

Повестің басты кейіпкері Күнікей – еркіндікті ерте сезінген қыз. Ол кедейдің қызы болса да, бойындағы барын ардақтай білген, адуынды шешенің тәрбиесі негізінде еркін өскен мінезді қыз. Шешесі Шекер

мінезіндегі өжеттік бұған да сіңгендей. Анасының аялауынан өзіне ерекше нәр алатын Күнікей, ерте бастан ақыл тоқтатып, әрі құдай берген көркі, әрі алымды ақыл-парасатының арқасында өзін ешкімнен төмен санамай өседі. Бай қызы, құрбысы Шәмшінің ұзату тойындағы өзін-өзі ұстауы осының куәсі.

Күнікейдің өз сүйгеніне қосылу жолы оңай емес. Оған дейін қаншама зорлықты көреді. Жеңіл жүріске салмақ болған жеңге мазағы, зорлықшыл Қасым әрекеті, шешесінің етікті болуы, сол үшін Тұяққа қоспақ болуы, міне, осының бәрі – Күнікей тағдырына кесе-көлденең тұрған қиындықтар. Бірақ Күнікей соның бәрін өз қайсарлығы мен өжеттілігі, табиғатындағы еркіндікке деген құштарлығы арқасында жеңіп шығады. Осы жайлардан іштей ширығу нәтижесінде барып Күнікей характері қалыптасады.

Күнікейдің айттырған күйеуі жаман Тұяққа жар болар түні өз адалдығын сақтап, Байманға келуі, онымен тағдыр қосуы қыз табиғатындағы күрескерліктің белгісі.

Повестегі өзге кейіпкерлер, негізінен Күнікейге қатысты көрініп отырады. Мұндағы өзгелерден оқшау бір кейіпкер – Байман. Байман образы Күнікеймен өрістес дамиды. Алғашқы танысудан бастап, барлық оқиға ортақтаса өтеді. Байман – Күнікейге сай тұлға.

Жүсіпбектің «Күнікейдің жазығы» повесі- қазақ тұрмысынан алынып, ұлттық болмыстың бар қасиетін аша отырып, уақыт шындығын танытқан шығарма.

Драматургиядағы жетістіктер. Жүсіпбектің жан-жақты шығарма-шылық тұлға екендігінің бір көрінісі оның драмалық шығармалар жазуынан байқалады. Пьесаларының ертерек жарық көруіне қарағанда, ол өзінің шығармашылық талабын осы жанрдан байқап көрген сияқты. Кейін бар есіл-дерті прозаға ауғаннан кейін ғана, бұл бағыттағы ізденістерін біраз уақыт тоқтата тұрған болуы керек.

Жүсіпбектің драмалық туындылары өзі көрген, сезінген дәуірдің күрделі оқиғаларын саралауға, олардың әлеуметтік мәнін ашуға бағытталған. Оның "Рабиға", "Мансапқорлар", "Қанапия-Шәрбану", "Ел қорғаны", "Шернияз" сияқты драмалық

шығармалары бар. Мұның ішіндегі екі шығарма айрықша тоқталуды қажетсінеді. Олар — "Қанапия-Шәрбану" және "Шернияз". Өйткені бұл пьесалар – толыққанды драматургияның алғашқы үлгілері болуымен бірге, Ж. Аймауытовтың драматург ретіндегі колтаңбасын айқын танытатын дүниелер.

"Қанапия-Шәрбануды" Жүсіпбек 1916-17 жылдары жазған. Кейіннен қайта өңдеп, 1925 жылы жарыққа шығарған. Пьесадағы оқиға 1916 жылдың дүрбелені кезінде өтеді. Негізгі тартыс бірін-бірі сүйген екі жастың қосыла алмауына байланысты өріледі,

Шығарманың басты кейіпкері Шәрбанудың өз сүйгеніне қосыла алмау қаупі 1916 жылдың қасіретті оқиғасының кесірінен туады. Әкесі Исатай ұл баласын солдаттан қалдыру үшін қызын Сазанбай байға беруге келіседі. Бұл әлеуметтік теңсіздіктен туған тағдыр тәлкегі еді. Жастар трагедиясы замана алға тартқан зор қасірет арқылы ашылады. Пьеса Қанапияның соғыстан оралып, Шәрбануға үйленуімен аяқталады. Олар Кеңес өкіметінен пана табады.

Төрт пердеден тұратын драмалық шығармада жанр табиғатына тән тартыс, толымды жасалған тұлғалар бар. Пьесада ескілікті тұрмыстың шынайы суреті көрініс тапқан. Оқиға дамуы, шиеленісі, өрістеуі, жетілуі бәрі-бәрі драмалық шығармаға қойылар талап деңгейінен шыққан.

Жүсіпбек Аймауытовтың ең үздік пьесасы — "Шернияз" 1926 жылы жарық көрген. Мұнда төңкерістен кейінгі ұлт зиялыларының тағдыры бейнеленген. Бас кейіпкер Шернияздың прототипі — ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Шернияз - елін сүйген, ең үлкен парызым туған елге қызмет ету деп сынайтын озық ойлы зиялы қауымның өкілі. Оған қарама-қарсы сипатта Базарбай бейнесі алынған. Ол да оқыған, зиялы адам. Бірақ ол — өз бойындағы жетістікті, өзгеден артықшылықты жеке пайдасына, өз қызығына ғана жұмсауды көздеген жан.

Ел қамын ойлаған азамат ретінде қазақ басындағы қасірет жанын жеген Шернияз ақын әлеуметтік істен, өзін қоршаған

ортадан да опасыздық көріп, сергелденге түседі. Ол өмірден түңілгендей күй кешеді. Шернияз бейнесі арқылы жазушы өз дәуірінің оқыған, зиялы азаматының, жан дүниесі күрделі ақынының өз заманы арқалатқан ауыр қасіреттен шеккен күйзелісін шебер де нанымды суреттейді.

Пьеса өлеңмен жазылған әрі ақ өлең үлгісі де молынан кездеседі. Бұған себеп: бас кейіпкерлерінің акын болып келуінен болса керек. Бұл кейінгі қазақ драматургиясына өзгеше үлгі болып енді.

Жүсіпбек Аймауытов — бойына сан қырлы шығармашылық еңбекті біріктірген тұлға. Оның шығармалары қай жанрда жазылса да, көркемдік жетістерімен ерекшеленіп отырады. Оның жарқын идеялы көркем шығармалары қашанда қазақ әдебиетінің табысына саналады.

Студенттерге өзін-өзі бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Ж. Аймауытовтың шығармашылық ғұмырнамасы.
2. Ж. Аймауытовтың "Қартқожа" романының басты идеясы қандай?
3. "Ақбілек" романының көркемдік жетістерін айқындап, басты кейіпкерлеріне сипаттама беріңдер.
4. «Күнікейдің жазығы» повесі қандай мәселені көтерді?
5. Жүсіпбек Аймауытов пьесаларының жетістіктері неде?

Реферат тақырыптары:

1. Ж. Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы» мақаласы.
2. Ж. Аймауытов шығармашылығының зерттелуі.
3. "Қартқожа" романындағы дәуір келбеті.
4. "Ақбілек" романындағы психологизм.
5. "Күнікейдің жазығы" повесіндегі ауыл өмірінің шындығы.

СӨЖ тақырыптары:

1. Ж. Аймауытовтың жазушылық шеберлігі.

2. "Ақбілек" романындағы Ақбілек бейнесі.
3. "Қартқожа" романындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс көріністері.
4. "Ақбілек" романындағы азатшылдық күрес идеясы.
5. Ж. Аймауытовтың "Шернияз" пьесасындағы драматургиялық ізденістер.

Мағжан ЖҰМАБАЕВ
(1893 – 1938)

Шығармашылық өмір жолы. Қазақ поэзиясында лирикасы сыршыл, поэмаларында көркемдік пен ойшылдық қат-қабат келіп жататын, әдебиет әлеміне өшпес мұра қалдырған ұлы ақын – Мағжан Жұмабаев. Ол 1893 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, М. Жұмабаев ауданының Мағжан ауылында дүниеге келген. Үлкен атасы Қажы атанған Жұмабай болса, өз әкесі Бекен де ел ішінде беделі зор, ауқатты, болыс болған адам. Және оның жас кезінде ақындыққа әуестеніп, серілік құрумен, өжет те пысық, әрі өнерпаздығымен де аты шыққан.

Мағжан 1911–1912 жылдары Уфадағы атақты "Ғалия" медресесінде оқиды. Сол тұста татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовпен танысып, ақындық өнер жолына бір жола бет бұрады. Мағжан алғашқы өлеңін 12 жасында жазды деген дерек бар, бұл –1905 жыл. Жеті жылдан кейін ақынның "Қазақтың кешегі күні" өлеңі тұңғыш баспа жүзін көрсе, көп ұзамай "Шолпан" атты өлеңдер жинағы жақсы өлеңге жаны құмар қазақ оқырманының жүрегінен жылы орын тапты. 1937 жылғы 30 желтоқсанда қайтадан тұтқынға алынады. Осы тұтылғаннан қайтып құтылмай, сталиндік репрессияға ілінген ақиық ақын жазықсыздан жазықсыз 1938 жылы 19 наурызда атылады.

Мағжан – сыршыл ақын. Сыршылдық, әсіресе, оның махаббат тақырыптарына жазған өлеңдерінде өзгеше көзге түседі. Мағжан поэзиясының тақырыбы да әр алуан. Өзі өмір сүрген жаңа ғасыр басында Мағжан бармаған, ол жырламаған тақырып жоқ деуге болады, бірақ бәріне ортақ желі біреу ғана болды, ол – елінің тағдырына

ортақтастықты білдіру. "Ләззат қайда", "Жазғы таң", "Зарлы сұлу", "Туған жерім Сасық көл", "Балалық шақ", "Қазағым", т.б. жырларынан кемел ойлар ұғылып, бір сәтке де елін естен шығармайтын ұлтжанды жас ақын жүрегінің тебіренісі сезіледі.

Мағжанның терең толғаныс, ішкі қайшылықтың толқынысынан туған торығу сипатты мұңлы сарындағы өлеңдеріне: "Мен сорлы", "Жар", "Жаралы жан", "Алыстағы бауырыма", "Батқан күн", "Атқан таңның жыры", "Бүгінгі күн өмір, өлім – менікі", "Сарғайдым", "Өмір", "Қысқы жолда", "Жазғы жолда", "Жиегінде кара орман", "Алдамшы өмір", "Күзді күні", "Мені де, өлім, әлдиле", және т.б. жатады.

Жалпы, Ж. Аймауытов айтқандай, "сыртқы түрі бейнешілдік, ішкі түрі күйректік, жылауықтық, (сентименталдық) әдісте жазылған" Мағжанның өлеңдерін шартты түрде солай дегеннің өзінде екі топқа бөліп қарастыру қажет сияқты. Бірінші топқа Мағжанның "Қысқы дала", "Жазғы дала", "Қараңғылық қоюланып келеді", т.б. өлеңдері жатады. Бұған басты себеп – бұл өлеңдер де тақырыптық, сарындық ұқсастықтың болуы, халқының мұңын жоқтау көрініс тапқандығы, оны бейнелеп те бедерлеп бергендігі. Бұларда жинақтық, жалпылық мұң басым. Екінші топқа Мағжанның өз басындағы қайғы-қасіретпен ұштасып жатқан өлеңдер жатады. Бұлар: "Мені де, өлім, әлдиле", "Ой", "Күзді күні", "Алдамшы өмір", "Альбомға", "Жел", "Сағындым", "Сарғайдым", "Түс", "3-ға", "Бүгінгі күн өмір, өлім - менікі", т.б.

XX ғасырдың басында әдебиет әлемінде қатар қанат қаққан ақындардан Мағжан Жұмабаевтың басты ерекшелігі өлең өрімінің өзгеше сұлулығы мен саздылығында, ырғақ пен әуезділік үрдісінің жаңа үйлесім табуында.

Мағжан туған табиғатты жырлап, кіршіксіз тазалықты содан іздейді. Ақынның шерлі жүрегі содан ғана тағат тапқан.

Ақынның табиғатты жырлаған өлеңдері: "Қайық", "Жел", "Толқын", "Көкшетау", "Алатау", "Жазғытұры", "Күз", т.б. Осы Толқыннан толқын туады, тақырыптағы озық үлгідегі өлеңнің бірі "Толқын".

Мағжан өлеңдеріндегі сұлу сезім оның махаббат тақырыбындағы өлеңдерінен айырықша сезіледі. Ақынның мөлдір сезімі жан сыры арқылы өріліп, өлең жолдарына өзгеше өрнек салады.

Мағжан – қазақ поэзиясында өзіндік жаңашылдығымен дәстүр қалыптастырған, соны ізденістер арқылы өзінің ақындық өнерпаздығына ғана тән әдеби әдістер әкелген ақын. Ахмет Байтұрсынов XX ғасыр басындағы поэзияға азаттық сарынды арқау етсе, Мағжан қазақ лирикасына сыңғырлаған нәзік әуез нәрін құйып, ұлттық рухты ұлттық сезімнен қуат алған өзгеше үнмен жырлады.

Эпикалық туындылары. Мағжан поэзиясы лирикалық өлеңдермен ғана шектеліп қалмайды. Ол – эпикалық жанрда да қарымды еңбек еткен ақын. Оның "Қорқыт" (1922), "Ертегі" (1922), "Оқжетпестің қиясында" (1923), "Қойлыбайдың қобызы" (1923), "Батыр Баян" (1923), "Жүсіп хан" (1924) тәрізді бірнеше поэмалары бар.

"Қорқыт" поэмасы – қазақ ауыз әдебиетіндегі белгілі аңыздық кейіпкер – Қорқыт турасындағы туынды. Бұл поэмада әлемдік әдебиеттегі қаһармандық ұлы тұлғалардың бірі, ұлы мақсат арқалап, адамзатты өлімнен арашалауға ұмтылып, өлімнен қашып, ажалмен күрескен Қорқыт бейнесін сомдай отырып, ақын Қорқыт образын өз рухымен ұштастыра береді.

"Қорқыт" поэмасындағы автор ұсынған идея – мәңгілік күрес идеясы. Бұл – Мағжан поэзиясындағы азатшыл сарынның незігі желі екендігінің тағы бір дәлелі.

Мағжанның бір-біріне жалғас туған, алған тақырыбы да, айтар ойы да ортақ екі поэмасы бар. Алғашқысы - "Оқжетпестің қиясында", соңғысы - "Ертегі". Алдыңғысы Кенесары жайлы болса, кейінгісі оның батыр ұлы Сыздық туралы. Екеуі де азаттық атты ұлы идеяны арқау еткен, соған бағытталған. Мағжан, мейлі, аңыз араластырсын, не қиял қоссын соның бәрі бір ғана нәрсені жырлаудың ұтымды тәсілі болып шығады.

Ел арысы Кенесарының Оқжетпес қиясында ойға беріліп, аруақпен сырласып, нық шешімге келгені жайлы шындығынан аңызы басым бір сәттік оқиғадан ақын биікті шарлаған іргелі ой туғызады. Ұрпақ жүрегіне от жағып, санаға сәуле құяды.

"Батыр Баян" поэмасы.Поэманың ең басты жетістігі – Баян батырдың шындықтан сомдалған шынайы көркем образының жасалуы. Ол – Сыздықтай, Кенесарыдай, Қорқыттай, Қойлыбайдай аңызбен астасып, ертегімен етене байланысып кеткен бейне емес, өмірдің реалды шындығынан жаралған толыққанды тұлға. Батыр Баян бейнесі оқырманға бірте-бірте ашылғанмен, ә дегенде-ақ, өзіне ерекше тартып, өзгеше қызықтырады.

Бір жорықта қолға түскен қалмақ қызының аянышты тағдыры поэманың сюжеттік желісінің біріне айналған. Сөйтіп, қолға түскен қалмақ қызына Батыр Баянның туған інісі Ноян ессіз ғашық болады. Екі жас уағда бойынша қалмақ еліне қашуға тәуекел етеді. Бұған қатты күйінген Батыр Баян ашу үстінде екеуін де өлтіреді.

Мағжан шеберлігінің сыры - тарихи шындық пен көркемдік шындықты жымдастырып жіберуі. Ел аңызы мен ақын қиялы бірін-бірі толықтырар бірлік тауып, шығарманың шыншылдығын бекіте түседі.

Жалпы алғанда, Мағжан шығармашылығы – қазақ поэзиясына өзгеше леп әкелген соны шығармашылық ізденіс жемісі. Қазақ оқырманы Мағжан поэзиясын енді ғана тұщына оқып, «мың қайталап», жанына рухани ләззат тауып жатуының сыры осында. Қазақ әдебиеттану ғылымы оның ұлт ақыны ретіндегі ұлылығын енді-енді тану жолына түсті. Мағжантану мәңгіге жалғаса бермек.

Студенттерге өзін-өзі бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. М. Жұмабаев өмірінің басты кезеңдері қандай тарихи оқиғалар, әлеуметтік өзгерістермен байланысты болып келеді?
2. Мағжанның лирик ақын ретіндегі шеберлік қырлары қандай?
3. Мағжан поэзиясындағы махаббат тақырыбының жырлануы.
4. Мағжан поэзиясындағы табиғат лирикасының көркемдігі.
5. М. Жұмабаев поэмаларындағы идеялық ізденістер.
6. «Батыр Баян» поэмасы – эпикалық жанрдың озық үлгісі.

Реферат тақырыптары:

1. М. Жұмабаев лирикасындағы сыр мен сезім тоғысы.

2. Ақын поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық.
3. М. Жұмабаевтың эпикалық жанрдағы көркемдік ізденістері.
4. Мағжанның әдеби мақалалары.
5. М. Жұмабаевтың "Алқа" әдеби ұйымын құруға арналған платформасының мәні.

СӨЖ тақырыптары:

1. М. Жұмабаев өлеңдеріндегі ұлт-азаттық идея көрінісі.
2. М. Жұмабаевтың "Оқжетпестің қиясында" поэмасындағы Кенесары жан дүниесін ашудағы психологиялық иірімдер
3. "Батыр Баян" поэмасындағыда тарихи шындық пен көркемдік шешімнің үйлесімі.
4. "Қоркыт" поэмасындағы күрескерлік идея.
5. "Шолпанның күнәсі" әңгімесіндегі психологиялық иірімдер

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

(1894-1938)

Шығармашылық өмір жолы. Сәкен Сейфуллин — әдебиеттің барлық жанрларында мұра қалдырған аса ірі ақын, жазушы, драматург. Ол тамаша көркем образдар арқылы эстетикалық игіліктер жасады.

Сәкен (Садуақас) Сейфуллин 1894 жылы қазіргі Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданында туған. 1908-1913 жылдары Ақмолада приходская школада, қалалық училищеде, 1913 -1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында оқыған. 1914 жылы жиырма жасар Сәкен Сейфуллиннің "Өткен күндер" атты өлеңдер жинағы Қазан қаласында басылып шығады.

"Бақыт жолында" (1917), "Қызыл сұңқарлар" (1920) драмаларын жазады. "Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары" (1931), "Батырлар" (1933), "Қазақ әдебиеті" (1932) зерттеу еңбектерін жариялады. 1936 жылы қазақ әдебиетінің классигі Сәкен Сейфуллиннің әдеби қызметінің 20 жылдығы тойланды. Ол 1938 жылы Сталиндік репрессияға ұшырады.

Ақын "Асау тұлпар", "Домбыра" (1924), "Экспресс" (1926) атты өлең, поэмалар жинағын жариялап, "Көкшетау" поэмасын (1922) жазады. Бұл шығармалар өмір шындығын жан-жақты қамтыған ақынның реалистік күш-қуатын, жаңашылдығын барынша айқындай түседі. С.Сейфуллиннің 1927 жылы "Тар жол, тайғақ кешу" атты мемуарлық романы, 1928 жылы "Жер қазғандар" повесі мен "Тұрмыс толқынында" атты өлең, поэмалар жинағы, 1933 жылы "Альбатрос" (поэма), т.б. кітаптары жарияланды. Сәкеннің бұлардан басқа әр кезде газет-журналдарда басылған әңгіме, очерк, мақала, өлендері, аяқталмаған повесть, романдары да бар.

Лирикалық жырлары."Өткен күндер"(1914) атты тұңғыш өлеңдер жинағы Қазанда басылып шықты. Сәкен жинағындағы өлеңдер ағартушылық-демократтық бағытта, сыншыл реализм әдісінің арнасында жазылған. Оның азаматтық лирикасында ағартушылық идеялары кеңінен көрініс тапты. Бұл идеялар "Мұра", "Түс", "Кім басшы, аға, халыққа" "Қазақ сабағы", "Жетімге", "Інішегіме" өлеңдерінде айтылды.

Сонымен қатар жинақта оқу-білім қуып, жастай қалаға кеткен жігіттің "Домбыра" (1924) жинағында ақын таланты бұрынғыдан терең ашылып, сан алуан тақырыптағы көркем туындылар берді. Табиғат құбылыстарын, қазақ қоғамындағы өзгерістерді бейнелей отырып, символдық образдар жасайды.

Сәкен лирикасындағы жақсы үлгілердің біразын 1926 жылы Қызылордада басылып шыққан "Экспресс" жинағынан табамыз. Кітаптағы бірталай шығарма туған даласын ("Қара жер", "Күзді күнгі дала"), айдын шалқарын ("Міне, көл"), шулаған тоғайын ("Орман"), елге деген құштарлығын жырлауға арналған. Әсіресе, хат үлгісінде жазылған, "Анаға хат", "Анаға жауап" өлеңдерінде аналық-балалық махаббатты аса сәтті бейнелеген.

Сәкен Қазан төңкерісінің, азамат соғысы дәуірінің бейнесін, халықтың бостандыққа ұмтылған ой-арманын суреттеген өлеңдер де жазды.

С. Сейфуллиннің айрықша сүйіп жырлайтыны — күрескерлер бейнесі. Ақынның лирикалық қаһармандарынан бостандық үшін қажырлы күрес жолына берілген, айдауда, қамауда жүрсе де, ажал, апат құшағында жүрсе де еркіндікті, бостандықты аңсаған, қайратты да тәкаппар, нәзік те сезімтал әрі сыншыл ақынның өр тұлғасын танимыз.

Сәкен лирикасының тақырыптық, ішкі жанрлық, сыр-сипаты әр алуан. Оның поэзиясында саяси лирика да, өзі туып өскен, өзі аралаған жерлердің көркі мен келбеті де, замандастарының көңіл-күйлері, достық, махаббатық сезімдері де елеулі орын алады.

Ақынның «Сыр сандық», «Қашқынның ауылы», «Автомобиль», «Жазғы дала», «Ақсақ киік», «Маузер». т.б. лирикалары да уақиға желісі бар туындылар. Мұндай сюжетті лирикалар Сәкеннің ақындық кемелдігін танытады.

Ақынның поэмалары. «Аққудың айырылуы» поэмасында да бейнелі, романтикалық суреттеу әдісі де, реалистік әңгімелеу әдістері де орынды жарасым тапқан. Сөйтіп, бұл поэмада аңызға айналған достық пен махаббаттың ғажайып сыры, айдын көлдің сұлулығы, сол көлді жайлаған жұбай аққудың сылаңдап жүзген жарастықты көркі, сол сүйікті жұбай аққудың елді, даланы, ақынды тебіrentкен аянышты ажалы — бәрі де шынайы ақындық шеберлікпен суреттеледі. Әрі сыртқы сұлулық, әрі ішкі нәзік жан сыры осы бір шағын поэманың бойында жинақталып берілген.

Жаңашылдықты ізденіс Сәкеннің лирикалары мен лиро-эпикалық дастандарына ғана тән сипат емес, осынау белгілер оның сюжетті поэмаларында да, прозалық шығармаларында да айқын байқалады. Ақын «Көкшетау», «Қызыл ат» сияқты күрделі шығармаларында тарихи дәуір бейнесін, адам тағдырын көркем суреттеуде реалистік, романтикалық амал-тәсілдерін қолданады.

"Көкшетау" — күрделі композициялы, бірнеше сюжеті бар, образдар галереясына бай поэма. Оның "Замана ағымы" тарауында буындар жалғастығы, болашақ келбеті туралы пәлсафалық-лирикалық ойлар тйінделеді. Өмірді көш керуенге, экспреске теңеу — Сәкен поэтикасындағы етене қасиеттер.

Сәкеннің аллегориямен жазған елеулі поэмасы — "Қызыл ат" (1934). Ақын мен аттың кеңесі түріндегі мысалдау әдісі арқылы Сәкен 1930 жылдардың бас кезінде мал шаруашылығында жіберілген қатекемшіліктерді сынайды, оның орын алуы себептерін ашады.

С. Сейфуллин поэзияның осынау кең тынысты эпикалық жанрында жанашылдықпен еңбек етіп, қазақ поэзиясының дамуына үлкен үлес қосты.

Драматургия саласындағы ізденістер."Бақыт жолында" (1917) атты үш перделі драма қазақ жастарының әйел теңсіздігіне, патшалық құрылыстың сорақы тәртібіне қарсы күресін суреттейді. Автордың пікірінше, драма нысапсыз болыстардың, пысықсыған тілмаштардың, байлардың, молдалардың әрекетін көрсетуге арналған. Импералистік соғыстың қара жұмысынан кіші баласы Талжанды аман алып қалу үшін дүниеқоңыз, күйгелек Терлікбай шал жас қызы Мүслиманы Нөгербай болысқа тоқалдыққа бермек болады. Бірақ орысша оқыған, білімді, өжет үлкен ұлы Ермек әкесінің бұл ниетіне қарсы шығып, қарындасын Біржанға қосып, екі жасты бақыт жолына шығарып салады. Уақиға 1916 жылдың ақырында басталып, 1917 жылғы ақпанда патшаның тақтан құлау хабарының жетуімен аяқталады. Драмадағы сол өмірдің қайшылықтары тудырған әлеуметтік тартыс оқушысын сендіреді. Терлікбай мен Ермек арасындағы тартыс тек ескішіл әке мен жаңашыл баланың арасын ғана емес, жаңа тірліктің игілігіне ұмтылған жастардың азаттық жолындағы тартысы дәрежесіне көтерілген.

С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» атты төрт перделі драмасына Еркебұлан, Байділда, Ахметқали, Жағыпар, Нестеров, Лозовой, Тәңірберді және басқа бір топ революционерлердің Колчак басқыншылығына қарсы күресі арқау болған.

Прозалық шығармалары."Бандыны қуған Хамит" әңгімесінде жазушы ақ бандыларға қарсы күресті баяндайды. Соғыс майданындағы ашық күресте талқандалған революция жауларының қалдығы енді бейбіт құрылысқа зиян келтіру мақсатымен бандиттік, елді тонағыштық әрекеттерге бекінген. Солардың бір бөлігін құрту

күрескер азамат Хамитке тапсырылады. Бандыны іздеп шығып, күтпеген жерден жауының кезенген мылтығына тап болған Хамит абыржып саспайды, ажалға қарсы тұрып, жаумен айқасқа түседі.

Әңгіме сюжет құрылысы жағынан тартымды, қызғылықты. Өзіне атылғалы тұрған мылтыққа қарсы тіке шапшып, жалаңаш қолмен Хамит жауымен ұзақ алысады. Мұның өзі — өлім мен өмірдің жанталасқан майданы еді. Айқас үстінде Хамит табандылық, тапқырлық, қайраттылық көрсетеді. Алайда банды қашып құтылады. Сол арқылы жазушы бандитизммен күрес жалғаса беретінін білдіреді.

"Жер қазғандар" повесінде жазушы темір жол салынып жатқан Көкшетау даласының сұлу көркі мен табиғатын поэзиялық тілмен әдемі суреттейді. Еңбекке шынығып төселген, зауыт, шахта, құрылыс жұмысшылары Әзімхан, Сатай, Хасен сияқты еңбек адамдарының еңбегі мен адамгершілік қарым-қатынасын сипаттайды.

"Тар жол, тайғақ кешу" романы - Сәкен прозасының биік шыңы. Уақиғаны өз атынан баяндай отырып, автор кітаптың алғашқы тарауында революция алдындағы қазақ ауылының тіршілігін, 1916 жылғы азаттық көтеріліс уақиғасын суреттейді. "Революцияның алғашқы жылдары", "Совет үшін күресте" дейтін тарауларда қалада, елде бостандық жолындағы күрестің бірте-бірте кеңге қанат жайғаны баяндалса, "Ақмола түрмесінде", "Колчак әкімшілігі", «Атаман Анненковтың азап вагонында», "Омбы лагерінде" атты тарауларында уақытша сәтсіздікке ұшыраған азаттық күрестің катал трагедиясы мен жеңіске деген берік сенімді, ерлік күресті суреттейді. Кітаптың Баянауыл, туған ел, Бетпақ дала, Түркстан аймағына арналған тараулары қазақ ауылының қоғамдық өмірін елестетеді.

Романда революция қарсаңындағы қазақ ауылының әлеуметтік, рухани тіршілігі суреттеледі. Оқудан қайтып оралған Сәкенге жазғы жайлаудағы, ауылдағы әлеуметтік теңсіздіктер қатты әсер етеді. Ол 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде патша әкімдерінің бейбіт елді ойрандаған жауыздығынан түніледі. Оған қарсы күрес үстінде шынығып, шыңдалып өсіп, алдыңғы қатарды саяси қайраткер дәрежесіне көтеріледі.

Романда хандық заманды армандаған ұлтшылдарға да, патшалық тәртіпті қайта орнатпақ болған контрреволюциялық күштерге де батыл қарсы шыққан интернационалист — күрескерлер бейнесі жасалған. Олар: Сәкеннің өзі, Абдолла Асылбеков, Бәкен Серікбаев, З.Катченко, Пьянковский, Монин, Дризго, Жұмабай Нұркин, т.б. революционерлер. Барлық оқиға автордың немесе оның достарының көзқарасы тұрғысынан сипатталғанда — Сәкеннің әрі күрескер, әрі суреткер екендігі бірден айқын сезіліп отырады.

Басты кейіпкерлердің мінез-құлқы өмірдің ең қатал, ауыр сынында шындалып, көбіне өлім мен өмірдің тартысы жағдайында өтеді, Сәкен: "Достың достығы, қастың қастығы, адамның адамшылық және түрлі хайуандық мінездері тар жол, тайғақ кешуде ғана білінеді екен", —деп жазады. Мұнда көп жайды жазушы суретші ретінде ғана емес, тарихшы, публицист ретінде де баяндайды. Ішкі Россияда, Батыс Қазақстанда, Орынбор, Торғайда, Түркістанда, Омбыда, Семейде қандай өзгеріс, саяси тартыс жүріп жатқандығын, революцияның жеңісін толық хабарлай отырып, Ақмоладағы өзі қызу араласқан уақиғаны нақты суреттейді.

Сәкен — қазақ әдебиетінің бар жанрында алғаш рет күрделі шығармалар ұсынған жаңашыл да батыл суреткер. Сәкеннің прозасы мен драматургиясы — қазақ әдебиеті өркендеуінің жаңа кезеңдері. Ол орыс әдебиетіндегі Маяковскийдің жаңашылдығын, Горькийдің өршіл романтикалық үлгісін, А.Блок, С.Есенин дәстүріндегі сыршылдық үлгілерін қазақ әдебиетінің тәжірибесіне ұштастыруда батыл қадам жасады.

Студенттерге өзін-өзі бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. С. Сейфуллиннің шығармашылық ғұмырнаамасы.
2. Сәкен лирикасының жанрлары мен негізгі тақырыптары.
3. Ақын өлеңдеріндегі күрескерлер бейнесі қалай сомдалған?

4. "Көкшетау" поэмасының өзіндік ерекшелігі неде?
5. "Аққудың айрылуы" поэмасының басты идеясы.
6. "Бақыт жолында", "Қызыл сұңқарлар" драмалары.
7. "Тар жол, тайғақ кешу" романының тарихи мәні.

Реферат тақырыптары:

1. С. Сейфуллин – дәуір жыршысы
2. С. Сейфуллин ақындығы
3. "Тар жол, тайғақ кешу" романының жанрлық ерекшелігі.
4. "Жемістер" повесіндегі көркемдік ізденістер.
5. "Қызыл сұңқарлар" пьесасының тарихи негіздері.

СӨЖ тақырыптары:

1. С. Сейфуллин поэзиясының көркемдік ерекшеліктері.
2. С.Сейфуллин лирикасындағы бостандық пен теңдіктің жырлануы.
3. С.Сейфуллин прозасындағы өмір шындығы
4. С.Сейфуллин поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық
5. С.Сейфуллин "Көкшетау" поэмасындағы көркемдік ізденістер

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ

(1894-1938)

Шығармашылық өмір жолы. Әдебиеттің барлық жанрында өшпес мұра қалдырған көрнекті жазушыларымыздың бірі — Ілияс Жансүгіров. Ілияс поэзиясы — қазақ әдебиетінің классикалық мұрасына жатады. Ақынның көркем шығармаларының танымдық, тәрбиелік мәні үлкен. Олар оқырманға эстетикалық ләззат береді, ойын дамытады, сезімін оятады, гуманистік, адамгершілік идеяларын дарытады.

I. Жансүгіров 1894 жылы қазіргі Алматы облысы Ақсу ауданында туған. Қарағаш деген жерде "Мамания" деп аталатын мектепте оқиды. 1920 жылы Алматыда, одан кейін Ташкентте мұғалімдер даярлайтын курстарда оқиды. 1928 жылы Мәскеудің журналистика

институтын бітіреді. Ол Мәскеуде ғылымның тарих, философия, орыс және батыс елдері әдебиеттерін меңгеруге көп күш салады, өзбек, татар әдебиеттерімен танысады. М.Горькиймен, А.Фадеевпен, С.Сейфуллинмен, М.Әуезовпен достық қатынасы оның шығармашылық жағынан өсуіне ықпал етеді. Журналистика саласында еңбек етіп, қазақ баспасөзінің қалыптасып дамуына үлес қосады.

1938 жылы репрессия құрбаны болды.

Ақынның лирикасы. Илияс поэзиясының ірі арнасының бірі — табиғат лирикасы. Ақын айнала қоршаған ортаның ғажап сұлулығын жырлады. Оларға символикалық сипат беріп суреттейді. "Ағынды менің, Ақсуым", "Жаз", "Ауылдың алды айдын көл", т.б. өлеңдерінде пейзаж суретін жасау үшін сқз ойнатудың алуан түрлерін қолданады.

Илиястың табиғат лирикасы ішіндегі ерекше шығармасы — "Жетісу суреттері" (1925) өлеңі. «Жалпы сын» атты бөлімінде Жетісу деп аталатын жердің неге олай аталғанынан хабардар етсе, «Тау суретінде» - Жетісу тауларын, «Жетісуда су суретінде», Жетісу өзендерін жырлайды. «Жетісу жәндігінде» Жетісуда мекендейтін жан-жануарлар жөнінде баян етеді. Ал «Жер түгі» тарауында Жетісуда өсетін ағаштар мен шөп түрлерін сипаттайды. Өлең-жырмен өрілген мұндай жанды суреттер Жетісудың бейне бір майлы бояумен салынған үлкен полотносындай әсер етеді.

Илияс жырлары – қазақ халқының этнографиялық шежіресі іспетті. Ақын жеке затты, тұрмыс-салт құралдарын, тіпті жабдық түрлеріне дейін (трактор, эксковатор, т.б.) көркем сөзбен, шебер бейнелеген көптеген өлеңдер жазған.

І.Жансүгіровтей эстетикалық талғамы биік, шалқар шабытты ақынның лирикасы оқырманының ет-жүрегін елжіретіп, көкірек-көзін ашады.

І. Жансүгіров – эпик ақын. І.Жансүгіров – поэма жанрында да айрықша жемісті еңбек етіп, он беске жуық поэма жазған көп қырлы талант. Ол халық басынан өткерген кешегі хал-ахуал мен бүгінгі

кезенді ұштастыра отырып, лиро-эпикалық поэма үлгісінде жырлауда елеулі табысқа қол жеткізді.

«Дала» поэмасы бірнеше ғасырға созылатын тарихи оқиғаларды қамтиды. Әрине, осыншама кезенді нақты адамдар бейнесі арқылы көрсету, өте қиын. Сондықтан ақын осы көп ғасырлық, тарихи кезендерді өз басынан өткерген Даланы символдық кейіпкер ретінде таңдап алған. Бұл – бостандық үшін күрескен елдің қаны топырағына сіңген Дала.

Ақын аталмыш шығармасында халық өмірі мен тұрмысындағы әлеуметтік қайшылықтарды философиялық тұрғыдан жырлайтын поэма жанрының жаңа түрін жасады.

«Күйші» - өнердің адамның рухани өміріндегі атқаратын рөлін көрсетуге арналған әйгілі поэма.

Ақын күйге елтіп мас болған Қарашаштың күйшіге құмартуын нанымды суреттеп, тіпті оған күйші жігітке қосылуы жайын да ойландырады.

Сөйтіп, сүйегін қорлатпау, намысын қорғау бірінші кезекте тұрады.

Қарашашқа құмартқан күйші осыны сезініп, енді одан суына бастайды. Баяғы ғашық күйден айрылады. Сезімтал Қарашаш оны жақсы түсінеді де, ақыры күйшіні «тұтқындықтан» босатып, басына азаттық береді. Ханша мен қарапайым күйші жігіт арасындағы ішкі сезім тартысы осымен аяқталады.

Қарашаш - өз тобының «ақ сүйектігін» қадірлеп, сол жолда неден болса тайынбайтын өжет қыз.

Сонымен, идеялық маңызы, көркемдік сапасы жағынан «Күйші» поэмасы қазақ әдебиетіндегі табысты туынды болып табылады.

Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы да қазақ әдебиеті тарихында шоқтығы биік, Ақанның өміріндегі ауыр трагедия – Құлагер оқиғасына байланысты туған шығарма.

Поэмадағы негізгі тартыс Ақанның жүйрік аты Құлагерге байланысты дамиды. Бәйгеге жүйрік атын алып келген Батыраш Құлагерге қастандық ойлайды. Батыраш қандай сұмдыққа болса да дайын, тек өз пайдасына жетсе болды. Ол бәйгеде озып келе жатқан Құлагерді жолдан тосып өлтіреді.

Поэмада халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы, салтанаты шебер суреттеледі. Асқа жиналған ел, бәйге, күрес-барлығы да реалистік тұрғыда бейнеленген. Ақын аз сөзбен, нақтылы образбен көп ойды жеткізіп айтады.

Поэмадағы оқиға динамикасы, әсіресе, жекелеген эпизодтарда айрықша сезіледі. Бұған бәйгеге шапқан аттардың жарысын суреттеген тұстағы көріністер куә. Әрбір істі, кимылды, тіпті кейіпкерлерінің бет құбылысын да ақын тапқыр бейнелейді.

Прозалық туындылары. Илияс Жансүгіров өзінің замандас жазушылары сияқты, әдебиеттің басқа жанрларында да шығармалар жазды. Әңгіме, очерк, фельетондар, «Жолдастар» атты романының бірінші кітабын бастырды. Драматургия саласында: «Кек», «Түркісіб», «Исатай-Махамбет» сияқты пьесалар жариялады. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастыру, аударма жасау сааласында да елеулі жұмыстар істеді. Ол Лермонтов, Некрасов, Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аударды. І.Жансүгіровтің қара сөзбен жазған фельетон, сықақтарының өзіне тән бір ерекшелігі-оның әңгімелеу түріне байланысты. Жазушы өзінің айтайын деп отырған негізгі оқиғасын, адамдарының мінез-құлқын, істеген ісін, әрекетін халық ауыз әдебиетіндегі әңгімелерімен салыстыра отырып алады.

І.Жансүгіровтің фельетон, сықақ әңгімелері, негізінен алғанда, идеалық -көркемдік сапасы жағынан пісіп-жетілген дүниелер. Жазушы сатирасына тақырыпты да, адам характеріне лайық ащы, уытты тілді де таба білді. Бұл ретте І.Жансүгіровті қазақ сатирасының дамуына үлес қосқан сатирик деген орынды. Жазушының «Құк» атты фельетондаржинағы өзінің өзектілігімен де, әлеуметтік сұранысқа сай болуымен де, ирониялық өткір тілімен де бұл пікірді растай түседі.

Илияс Жансүгіров – қазақ поэзиясына айрықша үлес қосқан ұлы ақын, сонымен қатар қазақ әдебиетінің барлық жанрында еңбек етіп күрделі көркем туындылар жасаған қалам қайраткері. Оның шығармалары, әсіресе, поэзиялық туындылары құнын жоймас асыл қазынаға айналары хаһ.

Студенттерге өзін-өзі бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Илиястың шығармашылық өмірбаяны.
2. Илиястың табиғат лирикасындағы суреттеу сипатына талдау жасаңдар?
3. "Күйші" поэмасындағы еркіндікке ұмтылыс қалай суреттелген?
4. «Құлагер» поэмасындағы аттың сынын Абай сынымен салыстырыңдар?
5. Ақан сері трагедиясының мәнін түсіндіріңдер?
6. «Дала» поэмасының идеялық мәні.

Реферат тақырыптары:

1. I. Жансүгіров – замана жыршысы.
2. I. Жансүгіровтің ақындық әлемі
3. I. Жансүгіров – драматург.
4. I. Жансүгіровтің " Жолдастар" романы.
5. I Жансүгіров шығармашылығының зерттелу мәселелері.

СӨЖ тақырыптары:

1. I.Жансүгіров лирикасындағы суреткерлік
2. I.Жансүгіровтің “Күй”, “Күйші” поэмаларындағы өнер күдіретінің көркемдік жырлануы
3. I.Жансүгіровтің “Дала” поэмасындағы жаңа заман көрінісі
4. I.Жансүгіровтің “Құлагер” поэмасының көркемдік жетістіктері
5. I.Жансүгіровтің шығармашылығындағы ізденістер мен жетістіктер

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН

(1894-1938)

Шығармашылық өмір жолы. Бейімбет Майлин –қазақтың аса көрнекті жазушысы. Оның поэзиялық, прозалық, драмалық шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қорынан орын алады.

Бейімбет (Бимағамбет) Жармағамбетұлы Майлин 1894 жылы қазіргі Қостанай облысы Таран ауданының Майлин кеншарында дүниеге келіп, 1938 жылы репрессияда жазықсыз жазаға ұшырайды.

Б.Майлин- поэзия, проза, драматургия саласында бірдей жемісті еңбек етті. Ол көркемдік жағынан құнды, көлемі жағынан мол, тәрбиелік мәні зор мұра қалдырды. Оның өлеңдері мен поэмаларында, әңгімелері мен очерктерінде новеллалары мен фельетондарында, повестері мен романдарында, скетчтері мен пьесаларында қалың бұқараның өмірі суреттелді.

Ауыл шындығының жыршысы. Б.Майлин XX ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстанда ауыл өмірінде болған өзгерістерді өзінің өлеңдерінде жан-жақты суреттейді. Ақын өзінің идеясын жалпы айтпай, нақты бір кейіпкердің тағдырын суреттеу арқылы ұсынады. Осы орайда ақынның Мырқымбай деген кейіпкердің айналасында жазған бір топ өлеңдері өзінің идеялық тақырыптық ортақтығымен цикл құрайды.

Қысқасы, Бейімбет поэзиясындағы Мырқымбай – бүкіл ауыл кедейлерінің басынан кешкен тарихын баяндап беретін, оның санасында болған өзгерістерді көз алдына елестете алатын шынайы да шебер жасалынған жиынтық бейне.

Бейімбеттің басқа өлеңдерінің де басты кейіпкерлері – ауыл кедейлері: Тымақбай мен Талқанбай, Торсықбай мен Айранбай, Қайранбай мен Қордабайлар болды. Бұлардың да жинақталған бейнесі халықтың сүйікті образына айналған Мырқымбай бойынан табылады.

Сонымен, төңкерістен бұрынғы және кейінгі жылдардағы ауыл шындығының шежіресі- Бейімбет поэзиясының ең басты маңызды тақырыбы екенін айқындайды.

Көркем проза шебері. Майлин 1914-1915 жылдары «Шұғаның белгісі» повесін жазды. Кедейден шыққан Әбдірахман деген мұғалім жігіт Есімбек деген байдың Шұға деген қызына ғашық болады. Жігітті қыз да сүйеді. Бұл, әрине, байларға ұнамайды. Олар жала жауып Әбдірахманды айдатып жібереді. Бұған күйзелген Шұға айықпас дертке ұшырайды. Қызының халіне қиналған Есімбек болысқа айтып, Әбдірахманды амалсыз босаттырады. Әбдірахман сүйікті Шұғасын

көруге асығып келсе, қайран ару бұл дүниемен біржола қоштасқан екен.

Жазушы Шұға образын шебер жасайды. Шұғаның портреті де аса тартымды берілген.

Бейімбеттің әңгіме хикаяттарының қай қайсысында болсын, суреткерлік тәсіл жиі қолданылады.

Бақсы-балгерлердің ем-домына үйренген халықтың надандығымен күресу идеясы Бейімбет творчествосынан кең орын алды. Оның «Иелі ауру» әңгімесінде Тілеуқабыл деген шаруа кісінің үй іші трахома(көз ауруы, басыр) ауруымен ауырса да дәрігерге көрінбей, құдайдың жіберген иелі ауруы, не болса да, көндік дейтін дәрменсіздігі сыналған.

«Естай ауылы» деген әңгімесі де «Иелі аурумен» тақырыптас. Мұнда жұқпалы аурудың дертінен он бес шақты үйі бар Естай аулында бес-алты ғана қараша үй қалғанын, олардың да түгел ауруға шалдыққаны әңгімеленеді.

Кеңестендіру саясатының қазақ даласына бірқатар қиыншылық алып келгенін Бейімбет ашық жазады. Ауылдың жаңаны қабылдай алмай, оқшаулануы, аштық пен ауру жайлаған халық тұрмысы, сондай ортаға жана тәртіпті күшпен кіргізіп, оны орнықтырмай жатып, ескіні түгел қиратып, аласапыранға жол берген заманның адам баласына салған ауыртпашылығы Бейімбеттің әңгімелерінен нақты көрініс тапты.

Жазушының «Күлпашы» – осы тектес шындықты бейнелейтін туынды. Онда Бейімбет 1920-1921 жылдардағы аштық суретін бір семьяның тағдыры арқылы ашады. әңгімедегі қайыр сұраудан пайда түспей бұралып өлгелі жатқан Мақтым мен Қалидың аянышты күйі де, оларды қимай, әрі аштық қысып, екінші жағынан жан сақтау үшін бай адамға тұрмысқа шығу жөніндегі ой басын шырмаған Күлпаштың трагедиясы да психологиялық тұрғыда нанымды берілген.

20-жылдардың аяғынан басталған колхоздастыру оқиғалары кезінде орын алған асыра сілтеу фактілерін де Бейімбет әңгімелеріне мол пайдаланған. Сол кездегі ел билеу жүйесінде орын алған белсенділіктің халыққа тигізген зәбір залалын ол әдемі ашып

көрсетеді. Бұл тұрғыда жазушының «Қалекеннің үйінде», «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры», «Арыстанбайдың Мұқышы», - тағы басқа әңгімелері едәуір маңызды. Бұларда өкімет атынан қызмет атқарып жүрген ауыл белсенділерінің нақты бейнелері жасалады.

Жазушының образ жасау әдісі әр қилы. Кейде ол ел өмірінің аласапыран тіршілігін суреттей отырып, әділдік пен әділетсіздіктің күресін нақты фактілер арқылы көрсетеді, соған тілектес не қарсылас адамдар әрекетін ашады.

Оның шығараларындағы жаңа типті адамдардың барлығы күрес үстінде шынығып, өседі. Бұл тұрғыда Азаматтың да («Азамат Азаматыч»), Бұзаубақтың да («Қызыл әскердің үйі»), Камиланың да («Кенес ағасы – Кәмила»), Жақыптың да («Көктеректің бауырында»), Әміржанның да («Әміржанның әңгімесі»), Раушанның да («Раушан – коммунист») өсу жолдарында белгілі дәрежеде ұқсастықтар бар. Олар өздерінің ескі ұғым түсінігін кеңейту, жаңарту жолымен де, ескілік мінез құлыққа, ескірген санаға қарсы күресе жүріп те, дұшпандарының кедергілерін жеңіп, жаңаға қарай жол табады.

Қысқасы, Бейімбет әңгімелерінде елімізде болып жатқан күрделі оқиғалардың бәрі дерлік сөз болып, суреткердің қаламына ілігіп отырды. Бей

Бейімбет қазақ әдебиетінде қысқа әңгіме новеллалар жазудың майталман шебері болумен қатар, прозада ірі туындылар – повесть, романдар жазуға атсалысқан жазушы. Оның «Шұғаның белгісі», «Раушан- коммунист», «Он бес үй», «Берен» атты повестері жұртшылыққа танылған шығармалар.

Б.Майлин «Раушан – коммунист» атты повесінде қазақ әйелінің образын жасауды мақсат еткен. Ауыл өмірін, ел адамдарының психологиясын терең білетін жазушы «Раушан – коммунист» повесінде суреттеген оқиғаларын кішкентай детальдарына дейін реалды жағдайда, өмірде болатын қалпында бейнелейді. Раушан жиналыс басқарушыларының бірі болып сайланғанына қысылса, бірте-бірте ел басқару жұмысын меңгере бастайды.

Повесте Раушанның өсу жолы да, Бәкенмен арасындағы қарым қатынасы да реніш- күйініштері де нанымды суреттелген. Жаңашыл

Раушан мен әлі де ескі көзқарас шырғауынан шыға алмай жүрген Бәкеннің арасындағы реніштердің негізін автор жаңа мен ескінің арасындағы бітімсіз күрестен іздейді.

Б.Майлин – қазақ әдебиетінің проза саласында көркем әңгіме мен новеллаларды дамытумен қатар очерк, фельтон тәрізді жанрды да көркейтуге атсалысқан жазушы. Оның «Сойқанды содырлар»(1928), атты фельетондар жинағы мен «Алыптарды аралағанда»(1934) деген очерктер жинағы жарық көрді.

Драматургиядағы ізденістері. Бейімбет- қазақ драматургиясының негізін қалаушы жазушылардың бірі. Қазақтың ұлттық таэтры ашылған жылы Бейімбеттің 1920 жылдары жазылған «Шаншар молда», «Ауыл мектебі» атты екі комедиясы театрдың репетуарынан орын алады. Кейінірек Бейімбет «Көзілдірік», «Неке қияр», «Қос қақпан», «Жасырын жиылыс», «Келін мен шешей» секілді бір екі актiлi күлкілі водевильге ұқсас ұсақ жанрлы шығармаларында жазды. Бұларда ауыл аумағындағы кейбір өрескел қылықтар, ескіліктің, надандықтың сарқыншықтары кейде жеңіл күлкіге, кейде уытты сатираға ілігеді.

Оның драматургия саласындағы асқан талантымен үлкен шеберлігі, әсіресе, отызыншы жылдардағы шығармаларында ерекше байқалады. Осы кезде жазушының қаламынан туған «Аманкелді», «Жалбыр», «Біздің жігіттер», «Майдан», «Талтаңбайдың тәртібі», «Шұға» атты көлемді де көрнекті шығармалары – қазақ әдебиетінің драматургия саласындағы үлкен табысы.

Бейімбет Майлиннің отызыншы жылдардағы драматургиясының негізгі тақырыбы – 1916 жылғы ұлт азаттық қозғалысы («Жалбыр»атты операға жазылан либеретто), қазан революциясы мен азамат соғысының қазақ даласындағы көрінісі («Амангелді», «Біздің жігіттер»), ауыл кедейлерін колхозға ұйымдастыру мәселесі («Майдан», «Талтаңбайдың тәртібі»), әйел бостандығы («Шұға»).

Б.Майлиннің осы тақырыпқа жазған екінші бір үлкен сатиралық шығармасы – «Майдан»пьесасы. Мұндағы қызықты да тартымды жасалынған көркем образдың бірі – Зәуре. Зәуре де Кеңес заманы тұсында сауатын ашқан әйел. Драматург Зәуренің өсу жолдарын да

әдейі суреттейді, ол жана құрылысқа тікелей араласқан белсенді әкімдердің бірінен саналады. Пьесаның алғашқы көріністерінде Зәуре үй – ішінің кішігірім шаруасына жетік, қарапайым әйел. Ол күйеуі Әліштің ақ көңіл аңқаулығын да жақсы біледі, сол үшін де оны қатты қадірлеп құрметтейді. Оқиға тартысы үстінде әрбір көрініс сайын оның ширай түскенін сеземіз.

Пьесадағы Бекболат, Көдебай, Мамық, Демесін тәрізді ұнамсыз кейіпкерлердің бейнелері қызықты штрихтарымен шынайы бейнеленген.

«Майдан» – Бейімбет драматургиясындағы шоқтығы биік, көркемдігі жоғары, құнды пьеса.

Қорыта айтқанда, Бейімбет Майлин – қазақ әдебиетінің барлық жанрының да негізін қаласқан, үлкен суреткер.

Студентерге өзін-өзі бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Б. Майлиннің өмірбаяны жөнінде қысқаша әңгімелендер.
2. «Шұғаның белгісі» повесінің жетістігі неде?
3. «Сексен сом» әңгімесінің идеясы туралы.
4. Б. Майлиннің аштықты суреттейтін әңгімелерінің мәні мен маңызы.
5. Бейімбет шығармаларындағы жаңа типті адамдардың характерлеріне мысал келтіріңдер?
6. «Раушан-коммунист» повесіндегі Раушанның өсу жолы қалай бейнеленген?

Реферат тақырыптары:

1. Б. Майлин әңгімелерінің көркемдік әлемі.
2. Б. Майлин шығармашылығындағы ағартушылық идея.
3. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті және Б. Майлин шығармашылығы.
4. Б. Майлин – қазақ драматургтерінің көшбасшысы.
5. Б. Майлин шығармашылығының зерттелуі.

СӨЖ тақырыптары:

1. Б. Майлин – әңгіме шебері.
2. Б. Майлиннің “Шұғаның белгісі” повесі – шеберлік шыңы.
3. Б. Майлиннің “Азамат Азаматыч”, “Қызыл жалау” романдарындағы шығармашылық ізденістер
4. Б. Майлин поэзиясындағы өмірдің көркем шындығы
5. Б. Майлиннің поэзиясындағы Мырқымбай бейнесі

ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті өзіне дейінгі ұлттық әдебиетіміздің бар асылын, үлгі дәстүрлерін бойына сіңіре отырып, дәуір талабына сай жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Әсіресе жаңа ғасыр табалдырығын шығармашылық талаппен аттаған ақын-жазушылардың қай-қайсысы да Абайды өзіне пір тұтты, хал-қадірінше «бас ақын» межелеген биіктен көрінуге тырысып, түрлі ізденістерге бой ұрды. Дәстүрді жалғастыру мен жаңашылдыққа ден қою ой сана тұтастығына, идеялық-көркемдік бірлікке алып келді.

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңінде түрлі әдеби бағыттар қалыптасып, ақын-жазушылар шығармашылығындағы өмір шындығын суреттеу тәсілдері сан алуан реңктермен толыға түсті. Түрлі бағыттағы идеялық-көркемдік ізденістер әдеби ағым-бағыттардың толыса, кеңейе түсуіне игі әсер етті. Өмір шындығын, ұлт мүддесін, заманының өркениетті көріністерін алға тарта отырып, өз тұсындағы озық ой-санадан өріс тапты, соны жетекші идеяға айналдырды.

XX ғасырдың алғашқы кезеңінде әдеби жанр мәселесі де көркем әдебиет өркендеуінің көрсеткіші ретінде көрінді. Расында, XX жылдардағы әр түрлі әдеби ағымдардың пайда болуы көрсемдік-эстетикалық талаптан туған сұраныстың нәтижесі еді. А. Байтұрсынов бастап, М. Жұмабаев жандандырған ой-идея кеңестік дәуірде де өз өміршеңдігін танытты.

Алайда, 1917 жылдың ақпанында белгі берген еркіндік, сол жылдың қазанынан кейін өзгеше арнаға бет бұрды. Қалай дегенде де,

кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті сол қоғам ұстанған саяси -әлеуметтік идеологияның жетегінде болғаны анық. Дегенмен, олардың көбінде тарихи шындық жазушы қиялы арқау болған көркемдік шешім арқылы ажарлана түсіп, шынайы өнер туындылары да дүниеге келіп жатқанын есте естен шығаруға болмайды.

С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин сынды әдебиет алыптарының шығармашылығында кеңестік өмір көбірек жырланғанымен, шындығына келгенде, шығармашылық болмыс жеңіп кетіп, ақын-жазушылар өз туындыларында көркемдік шындықтың еркіне бағынып, өнер табиғатының құдіретіне бағынды. Олардың кейін 37- жыл зобалаңына ұшырауына да көбіне осы бір шығармашылық тұлға ретінде өнер шындығының еріктен тыс қатал заңдылығына бағынғандығы «кінәлі» еді. Өйткені олар тума талант, шын дарындар болатын. Сондықтан да өнер заңдылығын бұзуға ары бармағаны анық.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың алғашқы кезеңіндегі қазақ әдебиеті – шын мәніндегі алтын ғасыр әдебиеті. Ол – қазақ әдебиеті дамуы тарихындағы жазба әдебиеттің мейлінше дамыған, ең бір өркенді де өскелең кезеңі. Ол - алдыңғы дәуірлерді жанашылдықпен дамытқан, кейінгі кезеңге дәстүр ретінде жаңа серпін берген өміршең әдебиет.

ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1992.
3. Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзінің очеркі. – Алматы, 1981.
4. Бисенғалиев З. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы. – Алматы, 1988.
5. Бурабаев М.С. Общественная мысль Казахстана 1917-1940 гг. – Алматы, 1991.
6. Дербісәлиев Ә. Қазақтың октябрь атындағы демократияшыл әдебиеті. – Алматы, 1966.

7. Дербісәліев Ә. Дәстүр мен жалғастық. – Алматы, 1976.
8. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы, 1970.
9. Елеукенов Ш. Мағжан. – Алматы, 1994.
10. XX ғ.б. кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1994.
11. Кенжебаев Ы., Есназаров Ә. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1966.
12. Кенжебаев Ы. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1993.
13. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы, 1994.
14. Қазақ әдебиетінің тарихы. 6-том. – Алматы, 2005.
15. Нұрғалиев Р. Әуезов және Алаш. – Алматы, 1997.
16. Әбдиманұлы Ә. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 2002.

Қосымша әдебиеттер:

1. Әбдиманұлы Ә. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух. – Алматы, 2010.
2. Әбдірахманов Т. Таланттар тағылымы. – Алматы, 1988.
3. Әбдіғазиев Б. Асыл арналар. – Алматы, 1992.
4. Әбсәметов М. Міржақып Дулатов. – Алматы, 1995.
5. Дулатов М. Ахмет Байтурсынович Байтурсынов. // Труды общества изучения киргизского края. Вып. III. Оренбург, 1922.
6. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991.
7. Дүйсенбаев Ы. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы, 1967.
8. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы, 1990.
9. Жиреншин Ә. Қазақ кітаптарының тарихынан. – Алматы, 1971.
10. Зиманов С., Идрисов К. Общественно-политические взгляды Мұхаметжана Сералина. – Алма-Ата, 1989.
11. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы, 1969.
12. Кабдиев Д. Развитие экономической мысли Казахстана XIX начала XX века. – Алма-Ата, 1978.
13. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1976.

14. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995.
15. Кәкішев Т. Сын сапары. – Алматы, 1982.
16. Кәкішев Т. Қағидаға айналған қателер. // Нәубет. – Алматы, 1999.
17. Кенжебаев Б. Журналист М.Сералин. – Алматы, 1957.
18. Шалабаев История казахской прозы. – Алма-Ата, 1961.
19. Қирабаев С. Спандияр Көбеев. – Алматы, 1958.
20. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы, 1995.
21. Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Қызылорда, 1932.
22. Мұхаметханұлы Қ. Абайдың акын шәкірттері. (1 кітап). – Алматы, 1993.
23. Мұхаметханұлы Қ. Абайдың акын шәкірттері. (2 кітап). – Алматы, 1994.
24. Мұхаметханұлы Қ. Абайдың акын шәкірттері. (3 кітап). – Алматы, 1995.
25. Нұрғалиев Р. Өнер алды қызыл тіл. – Алматы, 1974.
26. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы, 1966.
27. Оразбеков Н. Жаяу Мұса. – Алматы, 1961.
28. Рысқұлов Т. Из прошлого казахской интеллигенции // избр. Труды. – Алма-Ата, 1984.
29. Сәтбаев Ш. Шәкәрім Құдайбердиев. – Алматы, 1990.
30. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы, 1990.
31. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1975.
32. Тоғжанұлы Г. Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы туралы. – М.: 1926.
33. Ысқақов Б. Сәбит Дөңентаев. – Алматы, 1966.
34. Әбдиманов Ө. Қазақ газеті. – Алматы, 1993.

Электронды басылымдар мен интернет-сайттар:

<http://lib.kaznu.kz/default.asp>

<http://www.infoliolib.l/info/>

<http://www.openj-gate.org/>

**XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі пәні
бойынша ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ**

**1. «Садақ» журналының әрі редакторы, әрі белсенді авторы
болған қазақ жазушысы.**

1. С. Торайғыров
2. М. Сералин
3. Б. Майлин
4. С. Сейфуллин
5. С. Мұқанов

2. Ақан сері өмірінен поэма жазған қаламгер.

1. С. Мұқанов
2. Т. Жароков
3. І. Жансүгіров
4. Қ. Аманжолов
5. М. Жұмабаев

**3. Діни-ағартушылық бағытқа қай ақын-жазушылар тобы
жатады?**

1. М.Сералин, С.Дөнентаев, С.Торайғыров т.б.
2. А.Байтұрсынов, М. Дулатов, М.Жұмабаев т.б.
3. М.Көпеев, М.Қалтаев, Н.Наушабаев т.б.
4. Б.Күлеев, Б.Өтетілеуов, Ә.Ғалимов т.б.
5. Т.Жомартбаев, Н.Орманбетов, Ә.Ғалимов т.б.

**4. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев қай бағыт
өкілдеріне жатады?**

1. ұлтшыл-буржуазияшыл
2. азатшыл әдебиет бағыты
3. ағартушы-демократ
4. діни-клерикалды

5. Әлеуметтік

5. Ағартушы-демократтық бағыт өкілдерінің басты шығармашылық ерекшелігі неде?

1. Діни бостандықты уағыздау
2. Оқу ағартуға үнднуде
3. Әлеуметтік теңсіздікті көре білуде
4. Көтеріліске үндеуде
5. Революция үндеуде

6. Әнші-ақындарға кімдер жатады?

1. Ә.Найманбаев, А.Қорамсаұлы, М.Байжанов;
2. Б.Өтетілеуов, Н.Ориманбетов, Т.Жомартбаев;
3. М.Байзақов, Шораяқтың Омары, Ә.Ғалимов;
4. А.Мұхамедияров, М.Сералин, М.Кәшімов;
5. Б.Өтетілеу, С.Дөнентаев, М.Сералин;

7. Қиссашыл ақындар творчествосының ерекшелігі неде?

1. Кітап бастыруда
2. Шығыстың дәстүрлі әдебиетіне өзгеше тақырып алып келуде
3. Қазақ әдебиетіне өзгеше тақырып алып келуде
4. Әлеуметтік өмір шындығын көрсетуде
5. Өзіндік төл туынды жасауда

8. XX ғ.б. қазақ әдебиетінде қандай жанр күрт алға дамыды?

1. өлең-лирика
2. проза
3. драматургия
4. фельетон
5. очерк

9. XXғ.б. қазақ зиялылары қандай топтарға бөлінді?

1. Оңтүстік, солтүстік
2. революцияшыл, демократияшыл

3. мұсылманшы-түрікшілер, батысшылдар
4. Социал-демократшылдар, социал-революцияшылдар
5. Жасылдар, қызылдар

10. «Айқап» төңірегіне қай топ өкілдері орналасты?

1. революцияшылдар
2. мұсылманшыл-түрікшілдер
3. батысшылдар
4. солтүстікшілдер
5. қызылдар

11. «Қазақ» төңірегіне қай топ өкілдері орналасты?

1. революцияшылдар
2. мұсылманшы-түрікшілдер
3. батысшылдар
4. оңтүстікшілдер
5. жасылдар

12. Ой-сананың оянуына не түрткі болды?

1. Билік иелерінің көбеюі
2. Оқу-ағарту ісінің өріс алуы.
3. Орыс көшпенділерінің келуі.
4. Орыс әкімдерінің басқаруы
5. Сайлаулар жүйесінің келуімен

13. Қазақстан тұңғыш журналы қалай деп аталады?

1. «Қазақстан»
2. «Серке»
3. «Ешiм даласы»
4. «Айқап»
5. «Қазақ»

14. Қазақтың тұңғыш романы қалай аталады?

1. «Қалың мал»

2. «Қамар сұлу»
3. «Бақытсыз Жамал»
4. «Шұғаның белгісі»
5. «Қыз көрелік»

15. С.Көбеев алғашқы кітабын неге «Үлгілі тәржіма» атаған?

1. Мысал-өлеңдер көп болғандықтан
2. Ақыл-кеңес мол болғандықтан
3. Өзгелерден үлгі етіп аударғандықтан
4. Қара сөзден құрылғандықтан
5. Балаларға арналғандықтан

16. «Үлгілі бала» С.Көбеевтің пікірінше қандай кітап?

1. оқулық
2. хрестоматия-оқу кітабы
3. әдеби шығарма
4. зерттеу еңбек
5. өмірбаяндық

17. «Қалың мал» романының басты тақырыбы қандай?

1. әйел тесіздігі
2. оқу-ағарту
3. ескілікті дәріптеу
4. революциялық күрес
5. жұмысшы тақырыбы

18. Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деп басталатын өлеңдерінде Шәкәрімнің қандай өлеңі саналады?

1. «Қазақ айнасы»
2. «Өзіме»
3. «Қулар»
4. «Кәрілік туралы»
5. «Бай мен кедей»

19. «Қалқаман -Мамыр» поэзиясының кейіпкері Мамыр кімнің қолынан қаза болды?

1. Әнет баба Мәметей
2. Мәметей
3. Көкенай
4. Қалқаман
5. Есет

20. «Қалақаман-Мамыр» поэмасының жанры қандай?

1. қисса
2. тарихи дастан
3. лиро-эпос
4. батырлық жыр
5. ғашықнаме

21. «Еңлік-Кебек» поэмасының 1912 жылы «Жәрдем» баспасынан жарық көргендегі алғашқы аты қалай аталады?

1. «Еңлік-Кебек»
2. «Жолсыз жаза»
3. «Ғашықтық жырлар»
4. «Еңлік – Кебек»
5. «Ғашықтар»

22. Шәкәрім «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын кімнен аударған?

1. Фирдоуси
2. Қожа Хафиз
3. Рудаки
4. Физули
5. Низами

23. Шәкәрімнің «Әділ-Мария» атты шығармасының жанры қандай?

1. поэма

2. пьеса
3. роман
4. баллада
5. әңгіме

24. «Қыз көрелік» ұзақ әңгімесінің сол кездегі өзге теңдес шығармалардан өзгешелігі қандай?

1. әйел теңсіздігін көтеруде
2. оқу-ағартуға үндеуде
3. Тұңғыш прозалық шығармаболуында
4. Фантастикалық шығармаларға тән элементтердің болуында
- 5.Өлең аралас жазылуында

25. М.Кәшімовтің прозалық шығармасын ата

1. «Әділ-Мария»
2. «Мұңлы Мариям»
3. «Оқудағы мақсат не?»
4. «Қыз көрелік»
5. «Май мәселесі»

26. М.Қалтаев татар тілінен қандай кітапты аударды?

1. «Манзумат Қазақия»
2. «Алаш»
3. «Сақ-сұқ»
4. «Мақыш Қалтайұлының манзумасы»
5. «Бала тұлпар»

27. Нұржан Наушабаев пен Сапарғали айтысы айтыстың қай түріне жатады?

1. Жұмбақ айтыс
2. қыз бен жігіт айтысы
3. өтірік айтыс
4. сүре айтыс
5. түре айтыс

28. Молда Мұса Байзақов пен Манат қыздың айтысы қандай айтыс деп аталады?

1. қыз бен жігіт айтысы
2. түре айтыс
3. жұмбақ айтыс
4. жазба айтыс
5. сүре айтыс

29. Ақан сері Қорамсаұлы қандай ақын?

1. әнші-ақын
2. эпик ақын
3. ерікті ақын
4. еріксіз ақын
5. айтыс ақыны

30. «Қалың малдағы» Қожаш достарының үстем тапқа қарсы алғашқы қарсылығы қай дауда көрініс тапқан?

1. Жесір дауында
2. Мал дауында
3. жер дауында
4. ел дауында
5. әлеуметтік дауда

31. «Қалың мал» романының тарихи маңызы неде?

1. Әйел теңсіздігін өрсетуде
2. көркемдік жетістігінде
3. алғашқы қазақ романының біреуі болуында
4. билік көркемдік шешімінде
5. әлемдік әдебиет деңгейінде жазылуында

32. XX ғ.б. қазақ әдебиетіндегі түгелдей өлеңмен жазылған алғашқы роман қалай аталады?

1. «Кім жазықты»

2. «Қалың мал»
3. «Әділ-Мария»
4. «Бақытсыз Жамал»
5. «Мұңлы Мариям»

33. Сұлтанмахмұттың «Жұлдыз болып көрмейтін елдің бетін, Болмасам толған айдай бақыт туған» деген өлең жолдарында нендей мақсат жатыр?

1. Елінің азаматы болу
2. керемет бар арманы
3. өзінің сұлулығын паш ету
4. табиғат суретін жырлау
5. жай ғана теңеу

34. Сұлтанмахмұт өлеңдерінің тақырыбы:

1. махаббатты жырлау
2. табиғатты жырлау
3. әлеуметтік теңсіздік
4. өз өмірін жырлау
5. интернационалдық даңқтықта жырлау

35. «Қамар сұлу» тақырыбы мен мазмұны жағынан қандай шығарма?

1. әлеуметтік роман
2. махаббатты арқау еткен шығарма
3. ұлт-азаттық көтерілісті арқау еткен шығарма
4. ерлікті жырлаған шығарма
5. отыршылдықты көрсеткен роман

36. Қамардың жан сұлулығы романда неден көрініс табады?

1. ақындығынан
2. оқығандығынан
3. өң сұлулығынан
4. мінез-құлқынан

5. сән-салтанатпен киінуінен

37. «Кім жазықтыдағы» Әжібай үшін зиялылық неден көрініс табады?

1. оқығандықтан
2. сәнді киінуден
3. қалада көп жүруден
4. қызметкер болудан
5. көлікпен жүруден

38. «Кім жазықты» шығармасының кейіпкері Байболдың ұстанған принципі қандай?

1. адамгершілік
2. жалақорлық
3. өзім білем деушілік
4. билікке ұмтылу
5. көрсеқызарлық

39. «Кім жазықты» шығармасындағы Аппақай қандай қыздың бейнесін танытады?

1. ерке қыздың
2. сұлу, жесір әйелдің
3. қылының жаңашыл қызын
4. жеңілтек қыздың
5. ой-сезімсіз, сылқым қыздың

40. «Адасқан жер» поэмасында Сұлтанмахмұт шын бақытты қай қоғамнан іздейді?

1. феодалдық-патриархалдық
2. социалистік
3. капиталистік
4. коммунистік
5. хандық

41. С.Дөнентаевтың баспа жүзін көрген тұңғыш туындысы

қалай аталады?

1. «Қиялым»
2. «Ақылым»
3. «Ой»
4. «Көңіл мен тіл»
5. «Арманым»

42. С.Дөнентаевтың «Жамила қыз» өлеңінің тақырыбы

қандай?

1. оқу-ағарту мәселесі
2. әйел теңсіздігі
3. кедей тап өмірі
4. махаббат тақырыбы
5. азаттық күрес тақырыбы

43. «Бекболат» поэмасының авторы кім?

1. Иса Дәркебаев
2. Омар Шипин
3. Ығылман Шөреков
4. Жамбыл Жабаев
5. Нұрпейіс Байғанин

44. Біржан Берденовтың «Прием» атты дастанында не

суреттелген?

1. қазақ тұрмысы
2. әйел теңсіздігі
3. майдандағы жігіттер өмірі
4. оқушы шәкірттер өмірі
5. медресе өмірі

45. А.Байтұрсынов газеті қай жерде және қай жылдары шығып

тұрды?

1. Орынбор 1913-18 ж.

2. Уфа 1912-1915 ж.
3. Троицк 1911-14ж.
4. Петербург 1905-1907ж.
5. Қазан 1907-1913ж.

46. А.Байтұрсынов «Қырық мысал» жинағындағы мысалдарды негізі қай мысалшыдан аударған?

1. Лафонтен
2. Динстриев
3. Хамницер
4. Сумароков
5. Крылов

47. М.Дулатов өз романында қандай қыздың бейнесін жасаған?

1. Сұлу қыздың
2. ұяң-момын қыздың
3. еркін өскен қыздың
4. ерке бай қыздың
5. күрескер, қайсар қыздың

48. Мағжан қазақ поэзиясына қандай жаңалық, үлгі-өрнек әкелді?

1. Шығыс поэзиясы үлгісін
2. Европалық өлең өрнегін
3. Қара өлең үлгісін
4. Ислам өлең үлгісін
5. Ескі өлең өрнегін жаңғыртты

49. 1905 жылғы патша манифесі қазақ халқына қажетті қандай еркіндік берді?

1. жер алу
2. думаға депутат сайлау
3. үй салу
4. мал бағу

5. жеке ел болу

50. XX ғ.б. мұсылманша оқудың жаңа түрі қалай деп аталады?

1. мұсылманша
2. қазақша
3. қадымша
4. жаңаша
5. жадидше

51. Тұрмағанбет Ізтілеуов шығыстың ұлы ақыны Фердоусидің шығармасын аударып, қандай атпен бастырып шығарды?

1. «Хұсрау-Шырын»
2. «Рүстем Дастан»
3. «Фархад-Шырын»
4. «Ләйлі-Мәжнүн»
5. «Тахир-Зухра»

52. Әріп Тәңірбергеновтің әйел теңдігін көтерген өлеңі қайсысы?

1. дүние туралы
2. қалың мал туралы
3. Сараға
4. Нәпсіге
5. теңдік туралы

53. Балуан Шолақтың осындай лақап атқа ие болуына не себеп болған?

1. жас кезінде қолын үсітіп алған
2. сәби кезінде қолы күйіп қалған
3. Карон палуанды жалғыз қолмен жеңгені үшін
4. бір қолы жоқ болғандықтан
5. оң қол өте қарулы болғандықтан

54. Баулан Шолақтың «Атадан ұл тумайды мендей сабаз» атты өлеңі қандай тақырыпқа арналған?

1. балуандығына
2. әншілік өнеріне
3. сал-серілігіне
4. өзінің қайсар күрескерлігіне
5. ауыл өміріне

55. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқаптың» шығарушысы кім?

1. Ахмет Байтұрсынов
2. Елеусіз Буйрун
3. Мұхамеджан Сералин
4. Шаһмардан Қожығұлов
5. Шәңгерей Бөкеев

56. М.Сералиннің «Гүлкәшима» поэмасындағы бас кейіпкер Баймағамбеттің ойға терең, сезімге бай болуының себебі неде?

1. ақкөңіл болуында
2. ақын болуында
3. батыр болуында
4. билік құрған шешен болуында
5. өнерпаз әнші болуында

57. М.Сералин орыстың қандай жазушысының прозалық шығармасын аударды?

1. А.Сорокиннің «Жусанын»
2. А.Пушкиннің «Боранын»
3. Гогольдің «Өлі жандарын»
4. Лермонтовтың «Біздің заманның геройларын»
5. А.Толстойдың «Хаджымұқанын»

58. Б. Өтетліұовтің 1912 ж. Қазақида жарық көрген алғашқы жинағы қалай аталады?

1. «Жиған терген»
2. «Үлгілі тәржіма»
3. «Мың бір мақал»
4. «Дүние ісі ақыретке кетпес»
5. «Үлгілі бала»

59. 1914 ж. Есенқұл Маманов жариялаған бәйгені кімнің қандай романы жеңіп алады?

1. М.Дулатов «Бақытсыз Жамал»
2. С.Торайғыров «Қамар сұлу»
3. С.Көбеев «Қалың мал»
4. Т.Жомартбаев « Қыз көрелік»
5. Ш.Құдайбердиев «Әділ Мария»

60. 1907 ж.жарық көрген «насихат қазақия» қай діни ағартушы ақынның кітабы

1. Әбубәкір Кердері
2. Мақыш Қалтаев
3. Нұржан Наушабаев
4. Мәшһүр Жүсіп Көпеев
5. Кәшшәфетдин Шаһмарданұлы

61. Молда Мұса Байзақовтың «Есім аға» өлеңіне нені арқау етеді?

1. Ел ағасының жақсы қасиеттерін
2. Қол бастаған батырды мадақтауды
3. бай адамның топас паңдығын
4. Ел тағдырын шешкен би шешендігін
5. ағайындық, туыстық қасиеттерді

62. М.Байзақов «Тышқан мен түйе» мысалында адамға тән қандай мінезді сынайды?

1. өркөкірек
2. өсекті

3. өтірікші
4. мақтаншақ
5. қорқақ

63. «Үлгілі бала» жинағына енген «Қайыршы» шығармасы орыс әдебиетінің қандай жанрынан аударған?

1. өлең
2. әңгіме
3. новелла
4. мысал
5. баллада

64. Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романы қалай аяқталады?

1. екі жастың өлімімен
2. екі жастың мұрат-мақсатына жетуімен
3. біреуінің құрбан болуымен
4. біреуінің жер аударылуымен
5. зорлықшылдардың екеуін бөліп жіберумен

65. «Қалың мал» романының ұнамсыз кейіпкерінің бірі Тұрлығұлдың мінез-құлқы, болмыс-бітімі толық ашылған ба?

1. толық ашылған
2. бейнесі жеткілікті ашылмаған
3. мүлде ашылмаған
4. іс-әрекет үстінде ашылған
5. толыққанды бейне жасалған

66. «Қалқаман-Мамыр» поэмасындағы «Ер жеткен қыз еркімен ерге барар» деген кімнің аузымен айтылған уәж?

1. Әнет
2. Қалқаман
3. Мамыр
4. Көкенай

5. Кішік

67. Надандық құрбаны пьесасына сын жазған қай ақын-жазушы?

1. Сәкен Сейфуллин
2. Міржақып Дулатов
3. Сұлтанмахмұт Торайғыров
4. Ахмет Байтұрсынов
5. Әлихан Бөкейханов

68. Нарманбет Орманбетұлы:

Нәпсі-жел, көңіл-өзен толқын ұрған

Ми патша, ақыл-дария кеңес құрған

Тауипқсыз ақыл мақұл болмайды екен

Білмесең құр суреттің бекер тұрған, - деген өлең жолдарын өзіне ұстаз

тұтқан қай ақынмен сөз жарыстыра отырып шығарған?

1. Ыбырай
2. Дулат
3. Шортанбай
4. Абай
5. Ақансері

69. «Қалқаман-Мамыр» поэмасындағы Қалқаманның «Өз бауырын оққа байлап өлтірді деп, Обалына қалдыңдар мына шалдың» дегендегі «мына шалы» қай шал?

1. Мәмбетей
2. Кішік
3. Көкенай
4. Әнет
5. Кеңгірбай

70. «Еңлік- Кебек» поэмасындағы Еңлік пен Кебекке қандай жаза қолданылды.

1. дарға асылады
2. ат құйрығына байланады
3. елден аластатылады
4. садақпен атылады
5. Итжеккенге айдалады

71. «Қалқаман-Мамыр» поэмасындағы Мамыр қандай қыз бейнесі?

1. Батыр қыздың
2. Ғалым қыздың
3. Момын қыздың
4. Махаббатын қастерлей білген ару қыздың
5. Оқыған қыздың

72. Шәкәрімнің «Нартайлық пен айсұлу» поэмасы қай жылы жазылған?

1. 1912 ж.
2. 1911 ж.
3. 1929 ж.
4. 1935 ж.
5. 1931 ж.

73. «Еңлік-Кебектегі» кебек Тобықтының қай батырының інісі?

1. Тоқтамыс
2. Мамай
3. Ырғызбай
4. Кеңгірбай
5. Манас

74. Қай кітаптың авторы Нұржан Наушабаев?

1. «Әдебиет қазақия»
2. «Манзумат қазақия»
3. «Насихат қазақия»

4. «Айна»
5. «Жас тұлпар»

75. Шәді Жөңгіров қай бағыттағы ақын?

1. ағартушы-демократ
2. ағартушы
3. діни-ағартушы
4. азатшыл
5. демократшыл

76. Шәді Жөңгіров өз тұсындағы қоғамдық өмірді жырлаған ба?

1. аз жырлаған
2. көп жырлаған
3. мүлде жырламаған
4. жырлағысы келмеген
5. жырлауға мүмкіндік бермеген

77. Әріптің «Болмайсың бәрің Абай, жәһил аңғал/ Құтырса соған тоқтар, қулық жанжал/ Абайдан басқан сөзді не қыласың/ Сол дана бұл заманда биік заңғар» деген сөздері кіммен айтысында айтылған?

1. Қуанышбаймен
2. Сарамен
3. Көкбаймен
4. Біржанмен
5. Ақанмен

78. Сұлтанмахмұт Торайғыров өз алдына қандай газет шығармақшы болған?

1. «Қазақ»
2. «Заман»
3. «Ешім даласы»
4. «Дала»

5. «қала»

79. Сұлтанмахмұттың «Анау қырда татар тұр/ Басқалармен қатар тұр/ Мынау қырда қазақ тұр/ Қастарында азап тұр» жолдары қай өлеңінен алынған?

1. «Анау-мынау»
2. «Зарлау»
3. «Тұрмысқа»
4. «Алты аяқ»
5. «неге жасаймын»

80. Сұлтанмахмұт үшін оқудағы мақсат не?

1. Медреседе жату ма?
2. Өнер, білім алу ма?
3. Молда атанып төрге отыру ма?
4. Тілмаш болып мал табу ма?
5. Ескі нұсқа, бақастарды тануға?

81. С.Торайғыровтың «Сарыарқаның жаңбыры» өлеңіндегі негізгі мәні неде?

1. табиғатты жырлауда
2. жер тағдырын көрсетуде
3. бостандықты жырлауда
4. туған жеге ақын сағынышы
5. елден алыста жүргеніне қапалану

82. С.Торайғыровтың «Кім жазықты» романының әуелгі аты қандай?

1. Кедей
2. Әжібай болыс
3. Адасқан өмір
4. Жолсз жаза
5. Масғұт

83. С.Торайғыровтың «Кім жазықты» романының басты

тақырыбы:

1. Әйел теңсіздігі
2. әлеуметтік, таптық қайшылықтар
3. махаббат тақырыбы
4. ескі ауыл өмірі
5. кеңес ауылының көрінісі

84. С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романындағы Нұрым

қандай образ?

1. сатиралық образ
2. лирикалық образ
3. драмалық образ
4. юморлық образ
5. трагедиялық образ

85. Ғ.Қарашев өз өлеңдерінде қандай күресті алға қояды?

1. көтерілісті
2. жалаң күресті
3. саяси күресті
4. ұлт-азаттық күресті
5. қарулы күресті

86. Ғ.Қарашевтің 1914 ж. Орынборда қандай кітабы жарық

көрді?

1. «Аға тұлпар»
2. «Бала тұлпар»
3. «Бәдел қажы»
4. «Тумыш»
5. «Тұрымтай»

87. Ғ.Қарашевтің дін тазалығы жолында жүргізген күресінің

нақты айғағы қай кітабы?

1. Тумыш

2. Тұрымтай
3. Бала тұлпар
4. Бәдел қажы
5. Аға тұлпар

88. Б.Күлеевтің 1969 жылы жарық көрген өлеңдер жинағы қалай деп аталады?

1. «Өмір-дария»
2. «Ғұмыр»
3. «Айтшы, ақ қайың»
4. «Аруана»
5. «Туған жер»

89. А.Байтұрыснұовтың «Мен бұқтым – жатым / Сен бұқтың – жаттың/ Кім істемек қызмет» деген өлең жолдары ХХ ғасырдың қандай прогресшіл ақынының ойымен ұштасып жатыр?

1. Рабинад Тагор
2. Назым Хикмет
3. Сергей Есенин
4. Анна Ахматова
5. Хамза Ниязов

90. А.Байтұрыснұовтың «Н.Қ.Ханымға» өлеңінен кімнің бейнесін танимыз?

1. Күрескер қаһарман бейнесін
2. Сұлу қыздың бейнесін
3. Оқыған зиялы бейнесін
4. Теңдікке қол жеткізген қыз бейнесін
5. Оқытушы-ұстаз бейнесін

91. М.Дулатовтың «Серке» газетіне қандай қатысы бар?

1. газетті шығарушы
2. бас редактор
3. жауапты хатшы

4. шығармалары жарияланған
5. жаптырушының бірі

92. М. Дулатовтың «Оян, қазақ!» жинағының қуаты неде?

1. биік көркемдігінде
2. азаттыққа ұран тастауында
3. композициясында
4. жанрында
5. әдемілігінде

93. М. Дулатовтың «Шағым» атты өлеңіне не арқау болған?

1. күрескер ақынның бейнесі
2. елге шағым
3. кедей шағымы
4. байға шағым
5. теңдік сұраған әйел шағымы

**94. М. Дулатовтың «Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш/
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш/ қалғанша жарты шаққал мен
сенікі/ Пайдалан шаруана жараса Алаш» деген өлең жолдары
қандай өлеңінен алынған?**

1. Шағым
2. Насихат ғұммиа
3. Сайлау хақында
4. Жігіттер
5. Шәкірттерге

**95. М. Дулатовтың «Алаш париясына қосылмаған ақынға»
атты өлеңі кімге бағышталған?**

1. Көкбайға
2. Шәкәрім
3. Әріпке
4. Қуанышбайға
5. Әбубәкірге

96. «Бақытсыз жамал» романының оқиға желісі кімнің айналасында құрылған?

1. Жамалдың
2. Ғанидың
3. Шолпанның
4. Сәрсенбайдың
5. Байжанның

97. «Бақытсыз жамал» романындағы боранда адасып мерт болған Жамалды тауып алған жолаушылар оның қалтасынан нендей зат тауып алады?

1. өлең жазылған қағаз
2. Ғанидың хатын
3. Өлең кітабы
4. Оязға жазған арыз
5. Алтын сақина

98. М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романының идеясы неге үндейді?

1. оқып білім алуға
2. өз теңдігі жолындағы күреске
3. тағдырдың салғанына көнуге
4. өнер үйренуге
5. еріксіз ерге баруға

99. М.Дулатовтың «Балқия» атты шығармасы қай жанрда жазылған?

1. проза
2. драма
3. лирика
4. роман
5. поэма

100. Омар Шипиннің «Губернатор келгенде» өлеңі 1916 ж. көтеріліске байланысты жырлардың қай тобына жатады?

1. Июнь жарлығын халық қалай қабылдады
2. халықты көтеріліске шақыру
3. көтеріліс суреті
4. майданға алыну
5. майдан өмірі

101. «Аманкелді өліміне» атты жырдың авторы кім?

1. Омар Шипин
2. халық
3. Иса Дәукебаев
4. Аманкелді
5. Сәт

102. 1916 жылғы көтеріліс тұсындағы халық өмірін арнайы тақырып етіп жырлайтын қай шығарма?

1. «Құлақасқа» дастаны
2. «Алау» дастаны
3. «Боран» дастаны
4. «Әлем» дастаны
5. «Жалын» дастаны

103. «Бекболат» поэмасына қазақстанның қай өңіріндегі көтеріліс арқау болған?

1. сыр бойындағы
2. Жетісу
3. Сарыарқа
4. Алтай
5. атырау

104. Нұрхан Ахметбековтің Аманкелді туралы қандай дастанын білесің?

1. Аманкелді

2. Ер Аманкелді
3. Амакелд» дастаны
4. Өрістеген өмір
5. Өткен жанды

105. «Бекболат» поэмасында Бекболаттың жауабы деп аталатын мына сөздерде «Сендердің қысылғаның білімдағы, мендағы қарсыласып шыға қалдым» нені айтып тұр?

1. байлардың қысылғанын
2. билердің қысылғанын
3. болыстардың қысылғанын
4. кедейлердің қысылғанын
5. Ресей империясының қысылғанын

106. 1916 жылғы стихиялық көтерілісті жырлаған ақындардың бірі Есдәулет Қандековтың «Әли батыр» атты жырын жазуға қандай дастанның әсері болған?

1. Бекболат
2. аманкелді
3. Исатай-Махамбет
4. Прием
5. Құлақасқа

107. «Ел жарыла көшкенде» толғауының авторы кім?

1. Жамбыл
2. Бөлтірік
3. Сартай
4. Кенен
5. Есқайнар

108. Омар Шипиннің «Аманкелді» дастаны несімен ұғымды шыққан?

1. соғысты көрсетуімен
2. Аманкелді өмір жолын жүйелі жырлауымен

3. Аманкелді өлімін көрсетуімен
4. ұлт-азаттық көтерілісті кеңінен көрсетуімен
5. Аманкелдіні ел басшысы ретінде көрсетуімен

109. С.Дөнентаев қандай медреседе, қай жылдары білім алған?

1. Ғалия медресесінде 1911-12 ж.
2. «Уэзипа» медресесінде 1902-1912 ж.
3. Қасымқажы Ертісбайұлы медресесінде 1909-1912 ж
4. Ахмет Риза медресесінде 1904-06 ж.
5. Тройцк медресесінде 1914-16 ж.

110. Сәбит Дөнентаевтың Қазақ төңкерісіне дейінгі шығармаларының өзекті тақырыбы неде?

1. ел өмірін насихаттау
2. әйел теңсіздігі
3. әлеуметтік теңсіздік
4. жұмысшы өмірі
5. өндірістік тақырып

111. М.Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасында Абылай бейнесі арқылы қандай тұлғаны сомдаған?

1. қанішер ханды
2. ел көсемін
3. қарабасын ойлаған жанды
4. біреудің ақылын пайдаланған залым ханды
5. үстем таптың өкілін

112. XX ғ.б. қазақ зиялыларының алғашқы бас қосуы қалай деп аталады?

1. съезд
2. сайлау
3. қазақтың тұңғыш құрылтайы
4. дума сайлауы
5. жергілікті сайлау

113. XX ғ.б. қазақ әдебиетіндегі әдеби бағыттардың қалыптасуына қандай нәрсе игі әсер етті деп ойлайсыз?

1. капиталистік қоғамға тән қатынастар келе бастауы
2. оқырмандардың көбеюі
3. оқығандардың көп болуы
4. қазақ зиялыларының әрқилы идеялық топтарға бөлінуі
5. әдеби жанрлардың дамуы

114. Азатшыл әдебиет бағыт өкілдерінің шығармашылығының басты ерекшелігі неде?

1. елді оқу-ағартуға үндеуде
2. әлеуметтік теңсіздікті көре білуде
3. байларды тап ретінде жоюды көздеуде
4. ұлтын отаршылдық азабынан құтқаруды көздеуде
5. мұсылман дүниесімен бірігуді көздеуде

115. “Ағаш ат”, “Салиха-Сәмен”, “Үш жетім қыз” дастандарын қай әнші-ақын жазған?

1. Ақан сері Қорамсаұлы
2. М.Байжанов
3. Балуан Шолақ
4. Ә.Найманбаев
5. Мұхит Мералыұлы

116. “Біржан сал мен Сара қыздың айтысын” қисса етіп бастырып шығарған қай қиссашыл ақын?

1. Ақылбек Сабалұлы
2. Нұржан Наушабаев
3. Шәді Жәңгіров
4. Жүсіпбек Шайхысламұлы
5. Мақыш Қалтаев

117. Әріптің “Зияда-Шамұрат” шығармасы қандай жанрда жазылған?

1. поэма
2. қисса
3. толғау
4. баллада
5. ұзақ өлең

118. Әріп Тәңірбергенев “Шұбанға” деген өлеңінде жастарды неге үндейді?

1. шаруаға ұқыптылыққа
2. шешендік өнерге
3. ел ағасы болуға
4. білім-ғылымға
5. ойын-сауық қууға

119. Балуан Шолақтың ел арасына кең тараған ғашықтық әні қалай деп аталады?

1. “Қос қалқа”
2. “Жастық”
3. “Ғалия”
4. “Қынжыл”
5. “Қос перне”

120. М.Сералиннің “Гүлкәшима” поэмасы нендей оқиғамен аяқталады?

1. Гүлкәшиманың өлімімен
2. Екі жастың қосылуымен
3. Гүлкәшиманың үйленуімен
4. Баймағамбеттің өлімімен
5. Автордың кейіпкерлермен кездесуімен

121. М.Сералин парсы әдебиетінің ұлы классигі Әбілқасым Фердоусидің қандай шығармасын кімнің аудармасы бойынша тәржімалады?

1. “Ләйлі-Мәжнүнді” Жуковскийдің аудармасы бойынша
2. “Шаһнамені” Пушкиннің аудармасы бойынша
3. “Ескендірді” Лермонтов аудармасы бойынша
4. “Шаһнамені” Жуковскийдің аудармасы бойынша
5. “Ләйлі-Мәжнүнді” Пушкиннің аудармасы бойынша

122. Бекет Өтетілеуов мысал-аудармаларының басты ерекшелігі неде?

1. еркін аударма болуында
2. түпнұсқаға мейлінше жақын болуында
3. қара сөзбен аударылуында
4. өлең сөзбен аударылуында
5. сөзбе-сөз аударылуында

123. Б.Өтетілеуов аудармаларына қандай идея өзек болған?

1. ағартушы-демократиялық
2. революцияшыл-төңкерістік
3. таптық
4. діни-ағартушылық
5. капиталистік

124. Мұсабек Байзақов И.А.Крыловтың қандай мысалын тәржімалаған?

1. Есек пен бұлбұл
2. Адам мен аюдың достығы
3. Маймыл мен көзілдірік
4. Өгіз бен бақа
5. Емен мен шілі

125. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің “Гүлшат-Шеризат” қиссасы қандай шығарма?

1. төлтума
2. еркін аударма
3. дәлме-дәл аударма
4. нәзира
5. хамса

126. Әкрам Галимовтың “Айқап” журналында жарияланған әңгімесі қалай аталады?

1. “Оқуға құштарлық”
2. “Жетім”
3. “Бейшара қыз”
4. “Көксерек”
5. “Жастық ғафлаты”

127. “Манап” драмасына “Айқап” және “Қазақ” газетінде сын жазған кімдер?

1. Ахмет Байтұрсынов, Мұхамеджан Сералин
2. Әлихан Бөкейханов, Бақытжан Қаратаев
3. Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров
4. Райымжан Мәрсекөв, Жанша Сейдалин
5. Сәкен Сейфуллин, Міржақып Дулатов

128. Спандияр аудармасының Абай аудармасынан айырмашылығы неде?

1. Асқан шеберлікпен аударуында
2. Көркем аударуында
3. Мағына, мазмұнын ғана беруінде
4. Дәлме-дәл аударуында
5. Көркемдігінің артықшылығында

129. “Үлгілі бала” жинағына енген “Жетімнің зары” кімнің өлеңі?

1. Төл туынды
2. Қрыловтың

3. Пушкиннің
4. Ыбырайдың
5. Абайдың

130. “Қалың мал” романы қай жылы жазылды?

1. 1909 ж.
2. 1911 ж.
3. 1915 ж.
4. 1913 ж.
5. 1914 ж.

131. “Қалың мал” романында қай ұнамсыз кейіпкердің бейнесі жан-жақты көрсетілген?

1. Байғазы
2. Итбай
3. Тұрлығұл
4. Әбіш
5. Құрымбай

132. “Қалқаман-Мамыр” поэмасында бүкіл оқиға тірегі қай кейіпкер?

1. Мамыр
2. Қалқаман
3. Көкенай
4. Әнет
5. Мәмбетей

133. Нарманбет Орманбетов өлеңдерін алғаш құрастырып бастырған қай ғалым?

1. Қожаш Жұмалиев
2. Есмағамбет Ысмайылов
3. Бейсенбай Кенжебаев
4. Ысқақ Дүйсенбаев
5. Ханғали Сүйіншәлиев

134. Абай Әріптің әдеби көзқарасын айқындауға әсер еткен қай шығармасын сынады?

1. “Үш мұқылық”
2. “Зияда-Шамұрат”
3. “Сараға”
4. “Шайтанның саудасы”
5. “Евгений Онегин тараулары”

135. “Еңлік-Кебек” поэмасында Еңліктің батылдығы неден көрініс табады?

1. Қаратасқа қорықпай баруынан
2. Кебекпен бірге қашуынан
3. Жазаланар алдында үш тілек сұрауынан
4. Айттырған жігітті менсінбеуінен
5. Кебекті сүюінен

136. “Еңлік-Кебектегі” Еңлік арқылы Шәкәрім қандай қыздың тұлғасын сомдаған?

1. Ару қыздың
2. Білімді қыздың
3. Өз теңдігі үшін күрескер қыздың
4. Сұлу қыздың
5. Жеңіл мінез қыздың

137. С.Торайғыровтың алғашқы өлеңі қалай деп аталады?

1. “Қыз сыры”
2. “Секілді қысқа жарты тұтам”
3. “Жан қалқам”
4. “Жазғы қайғы”
5. “Шәкірт ойы”

138. Сұлтанмахмұт ақынға ой салып, толғантқан басты мәселе не?

1. махаббат мәселесі
2. оқу мәселесі
3. өнер мәселесі
4. әлеуметтік теңсіздік мәселесі
5. әлемдік социализм мәселесі

139. Сұлтанмахмұт “Өмірімнің уәдесі” өлеңінде нені мақсат тұтады?

1. ел бірлігі
2. ел азаматы болуды
3. орыс тілі арқылы білім үйренуді
4. сүйген жарына адалдықты
5. газет шығаруды

140. С.Торайғыровтың “Жас жүрек” өлеңі нендей оқиғаны мендеп жазылған?

1. Ақпан төңкерісінің баянсыздығын
2. Қазан төңкерісіне қуану
3. Жастарды күреске шақыру
4. Үстем таптан кек алуға шақыру
5. Кейінгі ұрпаққа сенім білдіру

141. С.Торайғыровтың “Ғайса кім?” өлеңіндегі Ғайса кім?

1. Пайғамбар Ғайса
2. Ленинді меңзеуі
3. Марксті меңзеуі
4. Жұмақ өмірді меңзеуі
5. Әділдіктің символы

142. С.Торайғыровтың “Кім жазықты?” романындағы сюжеттік желінің түп қазығы кім?

1. Тасболат
2. Әжібай
3. Байбол

4. Жақып
5. Жаңыл

143. А.Байтұрсыновтың қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы еңбегінің нәтижесі ретінде қай жинағын атауға болады?

1. “Жиырма үш жоқтау”
2. “Әдебиет танытқыш”
3. “Маса”
4. “Қырық мысал”
5. “Қазақ”

144. Ахмет Байтұрсыновтың “Досыма хат” өлеңі кімге арналған?

1. Ә.Бөкейхановқа
2. М.Дулатовқа
3. М.Жұмабаевқа
4. М.Сералинге
5. С.Торайғыровқа

145. А.Байтұрсынов “Бақ” өлеңінде “Қашан жанып шамшырақ / Сәуле беріп жарқырап / Болар жарық төрт тарап / Қашан маған іздеген / Күліп жылы жүзбенен / Болар серік бақ қарап / - деп, “Бақты” ненің символы ретінде алған?

1. елдіктің
2. махаббаттың
3. азаттықтың
4. молшылықтың
5. хандықтың

146. М.Дулатовтың “Хазірет Сұлтан” атты мақаласы кім туралы?

1. әл-Фараби
2. Арыстан баб

3. Ахмет Иассауи
4. Ахмет Игүнеки
5. Баласағұн

147. М.Дулатовтың “Мұн” өлеңінде не суреттеледі?

1. Ақынның жеке бас мұңы
2. Ел қамын ойлаған мұңы
3. Әйел баласының мұңы
4. Қыз мұңы
5. Кедей мұңы

148. М.Дулатовтың “Арманым” өлеңінің негізгі түйер ойы неде?

1. Елінің көркеюі
2. Оқуға түсу
3. Орысша білім алу
4. Жыр жазу
5. Сүйгеніне қол жеткізу

149. М.Дулатовтың “Найзаменен түртсе де / Жатырсың қазақ, оянбай / Мұнша қалың ұйқыны / Бердің бізге, ой, алла-ай” деген өлең жолдары қай өлеңінен?

1. “Пасық байларға”
2. “Терме”
3. “Жастарға”
4. “Жігіттер”
5. “Насихат Ғумумия”

150. М.Дулатовтың “Бақытсыз Жамал” романы қазақтың қай өлкесіндегі болған оқиғаның негізінде жазылған?

1. Көкшетау
2. Қызылжар
3. Торғай
4. Ақмола

5. Қостанай

151. “Бақытсыз Жамал” романындағы Жамалдың Жұманға атастырылуына себеп болған нендей оқиға?

1. Байжанның озбырлығы
2. Сәрсенбайдың болысқа сайлануы
3. Жамалдың сұлулығы
4. Ғанидың өлімі
5. Жанылдың айласы

152. “Бақытсыз Жамал” романындағы Жамал мен Ғани алғаш қай жерде кездеседі?

1. Алтыбақанда
2. Шілдеханада
3. Жайлауда
4. Қыз ұзату тойында
5. Наурызда

153. “Бақытсыз Жамал” романындағы Жамал мен Ғани қашып шыққан соң кімге паналайды?

1. Нұрпейіске
2. Дүйсебекке
3. Фитихоллаға
4. Нұрмашқа
5. Жүніске

154. М.Дулатов “Айтыс” атты өлеңді кімнен аударған?

1. Пушкиннен
2. Крыловтан
3. Наусоннан
4. Жуковскийдан
5. Лермонтовтан

155. М.Дулатов “Гүл” өлеңін кімнен тәржімалаған?

1. Жуковскийден
2. Шиллерден
3. Лермонтовтан
4. Пушкиннен
5. Есениннен

156. 1916 жылғы көтеріліске байланысты жырлар қандай әдебиет негізінде туып дамыды?

1. Шығыс әдебиеті нұсқалары негізінде
2. ауыз әдебиеті нұсқалары негізінде
3. орыс әдебиеті нұсқалары негізінде
4. татар нұсқалары негізінде
5. Еуропа әдебиеті нұсқалары негізінде

157. Төлеу Көбдіқовтің “Сары арқаның” атты өлеңі мазмұнына қарай 1916 ж. көтеріліске байланысты жырлардың қай тобына жатады?

1. Июнь жарлығын халық қалай қабылдағаны
2. Халықтың көтеріліске әзірленуі
3. Көтерілістің тууы
4. майданға жөнелді
5. майдан өмірі

158. Күдері ақынның “Амангелдінің Торғайды алуы” атты шығармасы 1916ж. көтеріліске байланысты жырлардың қай тобына жатады?

1. Халықты көтеріліске шақырған шығарма
2. Көтеріліс барысын суреттейтін шығарма
3. Майдан өмірін
4. Майданнан жазылған хат
5. Қаза тапқандарды жоқтау

159. Бөлтірік ақынның “Ел жарыла көшкенде” жыры 1916 ж. көтеріліске байланысты жырлардың қай тобына жатады?

1. Халықты көтеріліске шақырған жыр
2. Көтеріліс барысын суреттейтін жыр
3. Майдан өмірі
4. Майданға аттану
5. Майданға жазылған хат

160. Сартай ақынның “Дәметкеннің зары” атты жыры нендей оқиғаны суреттейді?

1. көтерілісті
2. майдан өмірін
3. жігіттердің елмен қоштасуын
4. июнь жарлығын жариялауды
5. майдан хатын

161. Омар Шипиннің “Аманкелдінің айбаты” өлеңі қандай түрдегі өлең?

1. үндеу-үгіт
2. қоштасу
3. естірту
4. хат-хабар
5. майдан суреті

162. “Бекболат” поэмасының композициялық сюжеті қалай құрылған?

1. мемуарлық шығарма сияқты
2. сюжетсіз поэма іспетті
3. поэтикалық күнделік іспетті
4. еркін поэма сияқты
5. еріксіз поэма іспетті

163. “Бекболат” поэмасындағы “Қазақтың жерін де алдың, суын да алдың, жерін де алдың / Біреуің алпыс десе егін салдың / Қазақтан қалағанның бәрін алып / Алатау қар түбіне қуып бардың” деген жан айқай кімнің сөзі?

1. Жайылымыстың
2. Бекболаттың
3. Бойдаштың
4. Шағатайдың
5. Еспенбеттің

164. 1916 жылғы көтеріліске байланысты туған жырлардың кең арналы саласы кімнің бейнесін арқау еткен?

1. Аманкелдінің
2. Махамбеттің
3. Бекболаттың
4. Жанкелдиннің
5. Әлидің

165. “Құлақасқа” дастанының басты кейіпкері кім?

1. халық
2. Ысмайыл
3. Мейірман
4. Аманжол
5. Құлақасқа

166. Нұрхан Ахметбековтің “Аманкелді” дастанында Сергей Токаревтің аузынан айтылған мына сөздері: “Толтыра қару салды қорабыма / Батырдың тапсыр – деді, - қарауына / Кетерде Москваға ол айтты сәлем / Барамын, - деді, келсе орайына” кім туралы айтып тұр?

1. Әлихан Бөкейхановты
2. Міржақып Дулатовты
3. Әліби Жанкелдинді
4. Аманкелдіні
5. Ахмет Байтұрсыновты

167. 1916 жылғы көтеріліске байланысты туған “Патша әмірі тарылды” өлеңнің шығарушысы кім?

1. Жамбыл
2. Кенен
3. Шашубай
4. Кемпірбай
5. Әсет

168. 1916 жылғы жырлардың ішінде соғыстағы техника құралдарының қимыл күшін, соғыс пен майдан өмірін суреттеп беруге айрықша талаптанған қай ақынның қандай дастаны?

1. Б.Берденовтың “Приемы”
2. Ы.Шөрековтың “Исатай-Махамбеті”
3. Д.Исабаевтың “Бекболаты”
4. С.Есенбаевтың “Ер Аманкелдісі”
5. Н.Ахметбековтің “Аманкелді дастаны”

169. 1916 жылға байланысты туған халықтық шығармаларды қанша топқа бөліп қарастыруға болады?

1. екі
2. үш
3. төрт
4. алты
5. бес

170. 1916 жылғы көтеріліске қатысты жырлар жанрға қатысты қалай топталып айтылады?

1. балладалар, жырлар
2. лирикалық жырлар, толғау-дастандар
3. поэмалар, толғаулар
4. өлеңдер, дастандар
5. лирика, толғау

171. Сәбит Дөнентаев жәдидше сабақты кімнен алған?

1. Мұқан молдадан
2. Нұрғаме молдадан

3. Сәрсенбайдан
4. Науан Хазіреттен
5. Мақыш Қалтаевтан

172. С.Дөнентаевтың алғашқы шығармасы қай басылымда жарық көрді?

1. “Қазақ”
2. “Қазақстан”
3. “Серке”
4. “Айқап”
5. “Ешім даласы”

173. Зерттеуші ғалым Б.Кенжебаев Сәбит Дөнентаевтың шығармашылық қызметін қанша кезеңге бөледі?

1. бір кезеңге 1912-1933
2. Екі кезеңге 1913-1917, 1917-1933
3. Үш кезеңге 1913-1917, 1917-1920, 1924-1933
4. Төрт кезеңге 1912-1917, 1917-1920, 1920-1924, 1924-1933
5. Бес кезеңге 1912-1914, 1914-1917, 1917-1920, 1920-1924, 1924-1933

174. Сәбит Дөнентаев қай жылдары өмір сүрді?

1. 1874-1904 ж.
2. 1894-1933 ж.
3. 1878-1938 ж.
4. 1894-1938 ж.
5. 1884-1933 ж.

175. С.Дөнентаевтың “Бостандық” өлеңінде патшаны кімге теңеп сипаттайды?

1. Арыстанға
2. Аш қасқырға
3. Айдаһарға
4. Аюға

5. Түлкіге

176. С.Дөнентаевтың “Жәмила қыз” атты сатиралық өлеңіндегі ең жағымсыз кейіпкер кім?

1. Берден
2. Төкіш
3. Бекіш
4. Жәмила
5. Көкіш

177. С.Дөнентаевтың “Көк төбетке” мысалы төл туынды ма, әлде аударма ма?

1. Қрыловтан аударған
2. Дмитриевтен аударған
3. Төл туынды
4. Сумароковтан аударған
5. Хемницерден аударған

178. М.Жұмабаевтың “Шолпанның күнәсі” атты шығармасында қандай тәсіл басым?

1. суреттеу
2. әңгімелесу
3. психологиялық сюжет
4. баяндау
5. диалог

179. Мағжанның алғашқы поэмасы қалай аталады?

1. “Қорқып”
2. “Жүсіпхан”
3. “Батыр Баян”
4. “Ертегі”
5. “Тоқсанның тобы”

180. М.Жұмабаевтың “Оқжетпестің қиясында” поэмасының басты идеясы неде?

1. табиғаттың сұлулығын жырлау
2. ұлт-азаттықты жырлау
3. махаббатты жырлау
4. әлеуметтік өмірді жырлау
5. революцияны жырлау

181. XX ғ.б. қазақ оқығандарының (жоғары білімділерінің) саны шамамен қанша болды?

1. Миллионнан асты
2. Жүзден асты
3. Мыңнан асты
4. Бес жүздей болды
5. Оннан сәл асты

182. XX ғ.б. қазақ зиялыларының саяси жүрісінің бір көрінісі ретіндегі қандай оқиғаны білесің?

1. 1905 жылғы буржуазиялық революция
2. 1905 жылғы патша манифесі
3. 1905 жылғы Қарқарада өткен қазақтардың тұңғыш құрылтайы
4. 1905 жылғы Қазалы көтерілісі
5. 1905 жылғы ел ішіндегі дүрбелең

183. XX ғ.б. алғаш шыққан қазақ газеті?

1. “Айқап”
2. “Серке”
3. “Қазақстан”
4. “Қазақ”
5. “Ешім даласы”

184. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісте халық жырына арқау болған ұлт басшысы кім?

1. Бекболат

2. Ұзақ
3. Балуан Шолақ
4. Аманкелді
5. Жанкісі

185. Қазақтың жарық көрген тұңғыш драмалық шығармасы қалай аталады?

1. “Еңлік-Кебек”
2. “Алтын сақина”
3. “Бақыт жолында”
4. “Надандық құрбаны”
5. “Ғазиза”

186. XX ғ.б. жарық көрген тұңғыш драмалық шығарманың авторы кім?

1. Көлбай Тоғысов
2. Ахмет Байтұрсынов
3. Сұлтанмахмұт Торайғыров
4. Мағжан Жұмабаев
5. Міржақып Дулатов

187. XX ғ.б. қазақ әдебиеті жайлы тұңғыш зерттеу еңбектің авторы кім?

1. Бейсембай Кенжебаев
2. Сәбит Мұқанов
3. Есмағамбет Ысмайылов
4. Мұхтар Әуезов
5. Қажым Жұмалиев

188. XX ғ.б. қазақ әдебиетін толыққанды зерттеген қай ғалым?

1. Мұхтар Әуезов
2. Қажым Жұмалиев
3. Зейнолла Қабдолов
4. Тұрсынбек Кәкішев
5. Бейсембай Кенжебаев

189. “Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры” атты зерттеу еңбектің авторы кім?

1. Рымғали Нұрғали
2. Өмірхан Әбдиманұлы
3. Зейнол-Ғабден Бисенғали
4. Дихан Қамзабекұлы
5. Балтабай Әбдіғазизұлы

190. XX ғ.б. қазақ әдебиетіндегі басты идея:

1. Тапшылдық
2. Халықшылдық
3. Нарықшылдық
4. Революцияшылдық
5. Ағартушылық

191. XX ғ.б. қазақ әдебиеті жайлы әдеби-сыни ой-пікірлерді қай ғалымның, қандай зерттеуінен танып білуге болады?

1. З.Қабдолов “Сөз өнері”
2. З.Ахметов “Өлең сөздің теориясы”
3. Р.Нұрғалиев “Өнер алды қызыл тіл”
4. Т.Кәкішев “Қазақ әдебиеті сынының тарихы”
5. Д.Ысқақов “Сын сонар”

192. XX ғасыр басындағы әдебиеттану ғылымының қалыптасуы қай ғалымның қандай зерттеуінде көрініс тапты?

1. Амантай Шәріп “Қазақ поэзиясы және ұлттық идея”
2. Жандос Смағұлов “Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы”
3. Зейнолла Қабдолов “Әдебиет теориясының негіздері”
4. Тұрсынбек Кәкішев “Сын сапары”
5. Рымғали Нұрғалиев “Өнер алды қызыл тіл”

193. “Қазақ” газеті туралы жазылған тұңғыш зерттеу еңбек:

1. “Қазақ баспасөзі тарихының очеркі”

2. “Көк сеңгірлер”
3. “Қазақ” газеті”
4. “Қазақ баспасөзінің тарихы”
5. “Ұлттық сана ұйытқысы”

194. “Қалың мал” романындағы Итбай образы қандай образ?

1. Романтикалық
2. Қаһармандық
3. Жауыздық
4. Сатиралық
5. Лирикалық

195. С.Көбеев Крыловтан қанша мыса аударған?

1. 41
2. 37
3. 40
4. 20
5. 50

196. “Еңлік-Кебек” поэмасында Нысан Абыз суреттеуінде

Еңліктің түр-түсі қандай?

1. Оймақ ауыз, күлімкөз қыз
2. Биік қабақ, ақсұр қыз
3. Бидай өңді, сұлу қыз
4. Ақтамақтай, қыпша бел қыз
5. Қараторы, қиғаш қасты қыз

197. “Еңлік-Кебек” поэмасында екі ғашықтың тағдырын

Матайлардың еркіне берген қай би?

1. Көбей
2. Ырғызбай
3. Қараменде
4. Мамай
5. Кемпірбай

198. “Еңлік-Кебек” поэмасындағы екі жастың кездесетін жері қалай аталады?

1. Өзен жағасы
2. Шыңғыстау етегі
3. Қара жартас түбі
4. Қоғалы сайдың іші
5. Көк тоғайдың арасы

199. Шәкәрімнің өзінің айтуынша алғашқы өлеңі қандай уақиғаға арналған?

1. Махаббат, ғашықтыққа
2. Байдың надандығына
3. Жүйрік жайына
4. Әке қазасына
5. Балалық ойынға

200. “Қалың мал” романындағы Ғайшаның Тұрлығұлды ұнатпауына не себеп?

1. Кедей болуы
2. Бай болуы
3. Жарыместеу болуы
4. Көп әйелді болуы
5. Кәрі шал болуы

201. XX ғ.б. қазақ романдарына бәйге жариялаған қазақ меценаты кім?

1. Есенкұл Маманов
2. Оразай Ишан
3. Паң Нұрмағанбет
4. Шорманның Мұсасы
5. Құдайберген Майыр

**202. “Бақытсыз Жамал” романындағы Жамалдың өліміне
нендей табиғат құбылысы себеп болады?**

1. Жаңбыр
2. Жел
3. Боран
4. Дауыл
5. Құйын

203. Мағжан Сәкенмен бірге қандай оқу орнында оқыған?

1. Мамания мектебінде
2. Омбыдағы мұғалімдер семинариясында
3. “Ғалия” медресесінде
4. Омбыдағы кадет корпусында
5. Мәскеудегі Қызылпрессур институтында

**204. Сәкен мен Мағжан оқып жүрген кездерде қандай жастар
ұйымын құрған?**

1. “Тірлік”
2. “Жас қазақ”
3. “Жас тұлпар”
4. “Бірлік”
5. “Азамат”

**205. 1922 жылы Қазан қаласында Мағжанның өлеңдер
жинағын кім шығарды?**

1. Ахмет Байтұрсынов
2. Міржақып Дулатов
3. Сұлтанбек Ходжанов
4. Сәкен Сейфуллин
5. Бернияз Күлеев

206. Мағжан қандай әдеби ұйымның бағдарламасын жасады?

1. “ҚазАПП”
2. “Алқа”

3. “Тіршілік”
4. “Бірлік”
5. “Қазақ”

207. Мағжанның Ташкенттен шыққан өлеңдер жинағын бастырып шығарған кім?

1. Кәкімбай
2. Бернияз Күлеев
3. Сұлтанбек Қожанов
4. Тұрар Рысқұлов
5. Сәбит Мұқанов

208. А.Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқыш” атты еңбегі қашан, қай қалада жарық көрді?

1. 1928 ж., Ташкент
2. 1926 ж., Қызылорда
3. 1929 ж., Алматы
4. 1923 ж., Орынбор
5. 1927 ж., Омбы

209. Қазақ мәдениетінде мерейтой тойлаудың рәсімін бастаған А.Байтұрсынов 50 жылдығы қашан, қай қалада атап өтілді?

1. 1922 ж. Ташкентте
2. 1925 ж. Қызылордада
3. 1923 ж. Орынборда
4. 1924 ж. Пішпекте
5. 1926 ж. Алматыда

210. Мәшһүр Жүсіптің кесенесін 1930 жылы кім салдырған?

1. Ағайын-туғандары
2. Балалары
3. Кеңестік өкімет
4. Өзі
5. Дос-жарандары

211. Мәшһүр Жүсіптің “Гүлшат-Шеризат” қиссасында орманға тасталған нәрестені кім асырайды?

1. Арыстан
2. Анасы
3. Көкбөрі
4. Әкесі
5. Хан уәзірі

212. Мәшһүр Жүсіптің ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған жинағы қалай аталады?

1. “Ақ сандық”
2. “Тоқ қоржын”
3. “Киіз кітап”
4. “Қара мес”
5. “Шежіре кітап”

213. Мәшһүр Жүсіптің “Жарты нан хикаясы” мысалы тақырыбы қандай?

1. Ашаршылық
2. Егіншілік
3. Колхоздастыру
4. Тоқшылық
5. Қайырымдылық

214. Мәшһүр Жүсіптің “Сәйгелді, сона, бөгелек туралы” атты шығармасының жанры қандай?

1. Поэма
2. Мысал
3. Әңгіме
4. Проза
5. Очерк

215. Шәкәрім Абай дәстүрінің қай арнасын жалғастырды?

1. Сезімшiлдiгiн
2. Сыршылдығын
3. Әлеуметтік сарынын
4. Ойшылдығын
5. Көңiл күйiн

216. Пушкиннің “Капитан қызы” повесiн алғаш аударған кiм?

1. Абай
2. Әлихан Бөкейханов
3. Молданияз Бекiмов
4. Мағжан Жұмабаев
5. Спандир Көбеев

217. Бернияз Күлеев өмiрбаянының тұңғыш ғұмырнамашысы кiм?

1. Мерғали Ешмұхаметұлы
2. Сәбит Мұқанов
3. Мағжан Жұмабаев
4. Ғұмар Қарашев
5. Мұхтар Әуезов

218. Б.Күлеев Қазан қаласында қандай қызмет атқарды?

1. Қазақстанның Татарстандағы елшiсi болды
2. Қазан университетiнiң оқытушысы болды
3. Татарстанда жариялық қызмет атқарды
4. Оқулықтар мен кiтаптар шығаратын Қазақстан өкiлi болды
5. Қазан университетiнде оқыды

219. Ақынның өзiне-өзi қол жұмсап қаза табуына не себеп болды?

1. Ғашықтық мәселесi
2. Қызметтен кетуi
3. Көп ақшаны жұмсап қоюы
4. Iшiмдiкке әуес болуы

5. Ұлттық бостандыққа деген сенімнің алдауы

220. Бернияздың “Алшы, тәңірім, алшы, ал!” атты өлеңі

Мағжанның қандай өлеңімен үндес?

1. “Толқын”
2. “От”
3. “Мені де, өлім, әлдиле”
4. “Пайғамбар”
5. “Жан сөзі”

221. Бернияз өлеңдері несімен ерекшеленеді?

1. Шумақтарының шағындығымен
2. Ұйқасының ұтымдылығымен
3. Тақырыбының кеңдігімен
4. Өлеңдерінің сыршылдығымен
5. Өлең шумақтарының ұзақтығымен

222. Б.Күлеев поэзиясына тән басты тақырып қандай?

1. Табиғат
2. Коллективизация
3. Өндіріс
4. Революция
5. Махаббат

223. Мына төмендегі шумақ Бернияздың қандай өлеңінен алынған: “Аһ” зарым жете аралап || Аспан мен жердің арасын || Орныққан ойды жаралап|| Көңілді қозғап қарасын”\|.

1. “Жас жүрегіме”
2. “Жырла да зарла көңілім”
3. “Жүрегің жанып”
4. “Неге”
5. “Көңіліме”

224. Бернияз өлеңдеріндегі “Өзім”, “Мен” сияқты ұғымдар нені меңзейді?

1. Мақтаншақтық белгісі
2. Өз ақылдығын жоғары қою
3. Ақын еркіндігінің символы
4. Менмендіктің символы
5. Батылдықтың белгісі

225. Бернияздың “Жарық” поэмасында не көрініс тапқан?

1. Революция күндері
2. 1916 жылғы ұлт-азаттық күрес
3. Орыс-жапон соғысы
4. Елдің ерлік тарихына шолу
5. Тың игеру көрінісі

226. Б.Күлеевтің “Жердің жүзі жаз еді” поэмасы қанша жолдан тұрады?

1. 318
2. 415
3. 600
4. 1000
5. 120

227. Бернияздың “Жердің жүзі жаз еді” поэмасы қандай өлең үлгісімен жазылған?

1. Қара өлең үлгісімен
2. Абайдың “Сегіз аяқ” үлгісімен
3. Абайдың “Алты аяғының” үлгісімен
4. 7-8 буынды жыр үлгісімен
5. Толғау үлгісімен

228. Бернияздың “Жердің жүзі жаз еді” поэмасының тақырыбы қандай?

1. Табиғатты жырлау

2. Саяси өмірді жырлау
3. Революцияны жырлау
4. Махаббатты жырлау
5. Туған жерді жырлау

229. Бернияздың “Қайда екен?” поэмасы қанша жолдан тұрады?

1. 115
2. 438
3. 515
4. 218
5. 600

230. Бернияздың “Қайда екен?” поэмасының тақырыбы:

1. Революцияны жырлау
2. Өткен тарихты жырлау
3. Бүгінгі күнді жырлау
4. 1916 жылғы ұлт-азаттық күресті жырлау
5. Ғашықтық тақырыбын жырлау

231. 20-30 жылдар әдебиетінің басында кімдер тұрды?

1. Ахмет, Мағжан, Міржақып
2. Мақыш, Нұржан, Мәшһүр
3. Сәкен, Ілияс, Бейімбет
4. Ғұмар, Нарманбет, Сұлтанмахмұт
5. Спандияр, Бекет, Сәбит

232. Жүсіпбек Аймауытов қай жылы дүниеге келді?

1. 1873 ж.
2. 1890 ж.
3. 1887 ж.
4. 1889 ж.
5. 1900 ж.

233. Қай әңгіме Жүсіпбек Аймауытовтікі?

1. “Елес”
2. “Жетім”
3. “80 сом”
4. “Қос шалқар”
5. “Бүркітші”

234. Ж.Аймауытовтың “Әнші” әңгімесіне қай әншінің әншілігі арқау болған?

1. Ақан сері
2. Біржан сал
3. Әміре Қашаубаев
4. Сегіз сері
5. Әсет Найманбаев

235. Жүсіпбектің “Қартқожа” романындағы бас кейіпкердің прототипі кім?

1. Ыбырай Алтынсарин
2. Спандияр Көбеев
3. Қартқожа Тоғанбаев
4. Бекет Өтетілеуов
5. Тайыр Жомартбаев

236. Жүсіпбек “Қартқожа” романын жазуда неге басты назар аударған?

1. Ел қорғаны ердің бейнесін жасауға
2. Өнегесі елге үлгі ұстар бейнені жасауға
3. Әйгілі ғалымның қоғамдағы орнын көрсетуге
4. Қарапайым адамның қоғамдағы орнын айқындауға
5. Революция кезіндегі күрескердің өмір жолын танытуға

237. Жүсіпбектің “Қартқожа” романын жазудағы басты мақсаты не?

1. Қоғамдағы өзгерісті қарапайым адамның танып атауы арқылы көрсету

2. Қоғамды өзгертуші күшті таныту

3. Әлем өзгерісін айқындау

4. Таптық күрестің өзгерімпаздығын паш ету

5. Революциялық өзгерістің күшін марапаттау

238. Жүсіпбектің “Қартқожа” романындағы бас кейіпкер ең алдымен қай оқиға тұсында азамат ретінде өсіп жетіледі?

1. 1905 жылғы революция тұсында

2. 1916 жылғы ұлт-азаттық күрес тұсында

3. 1918 жылғы азамат соғысы тұсында

4. 1930 жылдардағы колхоздастыру тұсында

5. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы тұсында

239. Жүсіпбектің “Қартқожа” романындағы бас кейіпкердің әскерімен жүргендегі орыс досының аты кім?

1. Павел

2. Петр

3. Григорий

4. Антон

5. Андрей

240. Жүсіпбек “Қартқожа” романына қазақ қоғамының қай кезеңін арқау еткен?

1. XIX ғасыр аяғын

2. 1905 жылғы революция кезеңін

3. 1917 жылғы революцияның алды-артындағы өзгерістер кезеңін

4. Ұлы Отан соғысы кезеңін

5. Тың игеру жылдарын

241. Жүсіпбек Аймауытовтың “Ақбілек” романы қай жылы жазылды?

1. 1929 ж.

2. 1930 ж.
3. 1959 ж.
4. 1919 ж.
5. 1927 ж.

242. Ж.Аймауытов “Ақбілек” романында азамат соғысы жылдарындағы аласапыран тұстың озбырлығын не арқылы көрсетеді?

1. Ел жігіттерінің соғысы арқылы
2. Жаугершілік, шапқыншылық арқылы
3. Қазақ қызының тағдырына киліккен қасірет арқылы
4. Ел басына төнген нәубет арқылы
5. Ашаршылықтың қиындығы арқылы

243. Жүсіпбектің “Ақбілек” романындағы бас кейіпкерді тағдыр-талқысынан құтқарған не?

1. Қызыл әскер
2. Ақ әскер
3. Ата-анасы
4. Сүйген жары
5. Жаңа өмір салты

244. Ж.Аймауытовтың “Ақбілек” романындағы бас кейіпкерді ерекшелейтін қандай қасиет?

1. Қарапайымдылығы
2. Сезімталдығы
3. Батырлығы
4. Ерлігі
5. Жуастығы

245. Жүсіпбектің “Ақбілек” романындағы “Қарамұрт” атанған кейіпкер кім?

1. Орыс офицері
2. Сүйген жігіті

3. Әкесінің досы
4. Қайнағасы
5. Болыс

246. Жүсіпбектің “Ақбілек” романындағы бас кейіпкердің батылдығы мен жетімшілдігінің психологиялық дәлелі қандай оқиғада көрініс табады?

1. Боранда адасуында
2. Қатты ауырғанда
3. Табиғат апатына ұшырағанда
4. Қасқырлар қоршауында қалғанда
5. Су тасқыны кезінде

247. Жүсіпбектің “Ақбілек” романындағы бас кейіпкердің жаңа өмірдегі сүйген серігінің аты кім?

1. Мамырбай
2. Мұқаш
3. Бекболат
4. Өрік
5. Балташ

248. Жүсіпбектің “Ақбілек” романында бас кейіпкерге қиын сәтте қол ұшын берген кім?

1. Искендір диуана
2. Сарымұрт
3. Қарамұрт
4. Мамырбай бай
5. Мұқаш

249. Ж.Аймауытовтың “Күнікейдің жазығы” қай жылы жазылды?

1. 1925 ж.
2. 1928 ж.
3. 1931 ж.

4. 1934 ж.

5. 1936 ж.

250. Жүсіпбектің “Күнікейдің жазығы” алғаш қай басылымда жарияланды?

1. “Әйел теңдігі” журналында
2. “Шолпан” журналында
3. “Қызыл Қазақстан” журналында
4. “Жаңа әдебиет” журналында
5. “Айқап” журналында

251. Жүсіпбектің “Күнікейдің жазығы” повесіндегі Күнікейдің өжет қыз болып қалыптасуына әсер еткен не нәрсе?

1. Білімді болуы
2. Еркін өсуі
3. Еркекшора болып тәрбиеленуі
4. Бай қызы болуында
5. Қалада өсуі

252. “Күнікейдің жазығы” повесінде Ж.Аймауытов қандай тақырыпты көтерген?

1. Колхоздастыру
2. Өндірістік
3. Саяси
4. Кеңестік өмір салтын
5. Әйел теңсіздігін

253. Жүсіпбектің “Күнікейдің жазығы” повесіндегі Күнікей қыздың сүйген жігіті кім?

1. Байман
2. Бұяқ
3. Батыраш
4. Еркінбек
5. Қасым

254. Жүсіпбектің “Күнікейдің жазығы” повесіндегі Күнікей бойындағы күрескерлік белгі неден көрініс табады?

1. Ауылнайға сайлануынан
2. Коммунистке өтуінен
3. Ерімен айырылуынан
4. Сүйгенімен қол жеткізуге ұмтылысы
5. Ұлт-азаттық қозғалысқа қатысуынан

255. Жүсіпбек Аймауытовтың “Шернияз” пьесасы қай жылы, қай қалада басылып шықты?

1. Петербург, 1909 ж.
2. Орынбор, 1913 ж.
3. Семей, 1926 ж.
4. Уфа, 1911 ж.
5. Қазан, 1922 ж.

256. «Құлагер» поэмасында суреттелетін ас.

1. Мамай
2. Сағынай
3. Бөжей
4. Атығай
5. Жәмилә

257. Терлікбай, Жәмилә, Мүслима есімді кейіпкерлері бар С. Сейфуллиннің туындысы.

1. «Жұбату»
2. «Жер қазғандар»
3. «Бақыт жолына»
4. «Жемістер»
5. «Дос»

258. Құлагердің жүйріктігін бірден танытын сыншы. («Құлагер»)

1. Молқыбай
2. Күреңбай
3. Толыбай
4. Жарылғап
5. Қазанғап

259. «Жетісу суреттері» қай ақынның туындысы.

1. С. Сейфуллин
2. І. Жансүгіров
3. М. Жұмабаев
4. С. Торайғыров
5. Б. Күлеев

260. С. Сейфуллиннің темір жол салып жатқан жұмыскерлер өмірін суреттейтін шығармасы.

1. «Тар жол тайғақ кешу»
2. «Жол салғандар»
3. «Бақыт жолына»
4. «Жер қазғандар»
5. «Есіл бойында»

261. «Төртбақ, теке көз, шалбар бет қараны көрсең, бұл Арыстанбайдың Мұқышы екен де де қой». Үзінді авторын көрсет.

1. Ғ. Мүсірепов
2. Б. Майлин
3. Ж. Аймауытов
4. С. Көбеев
5. Б. Күлеев

262. «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы, Дамылсыз сұлу бетін жүзан жауын». Үзінді қай ақынның шығармасынан алынған.

1. С. Сейфуллин
2. М. Жұмабаев
3. І. Жансүгіров

4. Біржан сал
5. С. Мұқанов

263. Үзінді қай шығармадан алынған? Көп нүктенің орнына тиістісін қой.

*«Жаным сүйіп, жаным деп сеніп едім,
Құрбандыққа басымды беріп едім.
Айтылған сөз, уәде сертім үшін –
Ат сабылтып, ... жан, келіп едім»*

1. «Қамар сұлу»
2. «Шұғаның белгісі»
3. «Қалың мал»
4. «Бақытсыз Жамал»
5. «Жол салғандар»

264. Кәрім, Жомарт, Жәлен есімді кейіпкерлері бар Б. Майлиннің туынды-сын көрсетіңіз.

1. «Шаншар молда»
2. «Неке қияр»
3. «Майдан»
4. «Ауыл мектебі»
5. «Қылау»

265. Б. Майлиннің «Раушан – коммунист» хикаятындағы Раушан күйеуінің есімі.

1. Бәкен
2. Берен
3. Мұқыш
4. Бұқабай
5. Арыстанбай